

ҚАЗ  
А 34




Жүсіпбек Аймауытов

# ШЫҒАРМАЛАРЫ

II

# Қартқожа



Елі үшін күйген,  
Еңбекті сүйген,  
Ізгі тілекті,  
Ер жүректі,  
Жұртшылық көсемі —  
Жалынды жастарға  
арнаймын.

*Жазушы*

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ОҚУ

Ұмытпасам, бұдан табандатқан 14-15 жылдар бұрын болса керек: Қаржасбайдың аңыраған қонақ үйінде жиырмаға тарта баланы алқа қотан отырғызып, Мәжит қожаның азан-қазан қып оқытып жататыны. О кез Мекалайдың аузынан жалын шығып тұрған шағы еді. Ал, бұ күнде Мекалайдың жалыны түгіл, әуелі қабірін таба алар ма екенсің. Бұ күнде ондағы ызбарын төгіп отыратын Мәжекең де, бет-аузы ақпаңдағы алабас бураша сорағытып, ақ сабауға қош айтысып, қыжырайып, төсегінде жатыр. Пай-пай-пай! Көрінде өкіргір, Қожакем-ай! Жөнсіз қатал едің-ау, жарықтық! «Бибіден» дабыл жесең де, жаназадан күр қалсаң да, ашуынды балалардан алушы едің-ау! Өткен күннің белгісі жоқ қой, әйтпесе нағыз...

Әйтеуір бесті айғырдан да шақар оқытады. Қожасы бар болсын, оның басын ауыртқалы отырғам жоқ, өшейін аузыма түсіп жатыр. Со кезде қожадан талай бала оқиды. Сол балалардың ішінде босаға жақта — астында бір жапырақ тай тері, мұрнын қос-қостан тартып, қожасының ақ сабауына қарай түсіп, шиге шанышқан бір жапырақ қағазына үніліп, құнысып, бір бала отыратын еді. Жасы 10-11 шамасы болар ма екен, қалай... Екі жеңі де сауыс, бетінің бір жағы да сатпақ, көзінің былшығы да жөңді тазармайды. Со баланың қак-соқпен ісі жоқ, момақан, аңқау, көзі бажырайып,

аузын ашып, мұрны коңқиып отырғаны. Жасында болпған, сүйкімді бір бала болады ғой, тап сол бала осы еді. Күдай оңдап, аты да түріне сай бола кетер ме? Қартқожа. Жас балаға лайық ат емес қой.

«Жуас түйе жүндеуге жақсы» ғой. Қартқожаны жуассынып, баласынып, балалар үстінен түспейтін. Шайнап-шайнап, домалақтаған қағазбен атып, әйтпесе: «Мынаны қарашы» — деп мұрынга түртіп қалып, болмаса мандайын өлшеп, мазақтай беретін. Қартқожа оларды артық елең қылмайтын. ең ашуланғанда ғана:

«Қой дейім, жындымысың өзін» — деп, сабағын оқи беретін. Өзге бала алақтап, ойнап, сабақ оқыған болып, өтірік ыңылдап, болмаса бірденемеи алданып, сарылып отырғанда, Қартқожа жалықпай, қағазын шұқылап, «Күл ағұздан» шығып, «бірәбин насқа» түсіп, екі-үш күнде «Уасуасілханныстарға» да барып қалатын. Сабақтан шыққан соң Шелекбайдікіне барып, бір тостаған көже шеді. Бесін кезінде оқуға тағы барады: екіндіде «әптіегін» қойнына тығып, аулына қайтады. Аулы — бір жарым шақырымдай жер. Осылайша жазы-қысы оқып, баспа түркі жазба танып, хат жазатын болды. Хат танығанша, «отау иесі» азамат та болып қалды.

## ҮІІІІІ

Жұман — аз, нашар атаның тұқымы. Жұман дегенім: әлгі Қартқожаның әкесі. Жұман момын адам: кісіден тіленбейді, кісіге жағынбайды, бес уақыт намазын оқып: «А күдай, бергеніне шүкір» деп, барға қанағат, жоққа сабыр ететін бір бейуаз. Жазы-қысы тортті-бесті қарасын өзі айналдырып, қаласына да өзі шығады, қорасының жыртық-тесігін өзі бүтіндейді. Ол сүғанактық етіп, біреудің дүниесін пайда қылған жан емес, ел екі ұдай партия болғанда да байлардан ат мініп, ақша алған жан емес. Ауыл-аймағы қай жаққа кетсе, Жұман да солармен бірге. Үзіп-жулып шығатын артық білімі де жоқ, әйткенмен бір қазақтан ақылсыз да емес, желікпен, бұзықтықпен ісі жоқ. Ол бұзылған адамдарға сенеді, жабықса, тарықса, «күдай жеткізер» деп, жұбаныш қылады. Қысқасы, ол тірі пендеге зәбірі жоқ, «күдай» деген қоңыр адам. Оның алданышы, азбыншы-ораза ашары; оның қуаты, қуанышы — үш-төрт қарғасы: үшеуі — еркек, бірі — әйел бала. Жасынан қалын беріп, жыл сайын аз-аздан малынан құтылып, тұңғышының аяғын шырмады. Қызын «аман-есенінде» құтты жеріне қондырды. Қартқожа болса, сабақ оқып жүр. Кенжеқара әлі бесікте.

Қартқожаның шешесі де бір түрлі момын, біртоға жан. Күйбеңдеп шаруасын істеп, балаларының үсті-басын бүтіншеп, анаған да, мынаған да; «Қарағым, шырағым!» дегеннен басқа, бар дөмін

кісіге бергеннен басқа бөтен мінезі жоқ. Кей қатын аузы сүйрендеп, өсек айтады; енді біреулер ауылды басына көтеріп, шанкылдап баласын, байын қарғап жатады. Ондайдың бірімен ісі бола ма екен?! Жо-жо-жок. Қайта ондайды естігенде: «Беу, осы байғұстың тілінің жаманы-ай»,— деп, тыжырынып жаратпайтын еді.

Әр ауылдың, әр үйдің бір қазан бұзары, бір биі болады ғой. Ана үйді, мына үйді көрсең де, еншіге, не киімге, не тамаққа таласып бірінің тілін бірі алмай, ұрыс-жанжал болып жатады ғой. Жұмандікінде ондай әрекеттің бірі болмаушы еді. Ондай тентектен, «биден» күдай сақтап еді. Жұман қатынымен қатты ұрысқанда: «Қақ басқа салып жіберейін бе?»— деп еркекше кісімсініп, қоқиланатын. Бірақ құр тілі болмаса, бас түгілі, өмірі арқаға да бір салған пенде емес еді. Жұман сүй дегенде, ұрмайтынның білсе де, қатыны недәуір шамданып: «Сені қойсайшы... сөйтпей» дейтін еді. Жұман ашуланғанып, жайымен отырып: «Сен бір таяқ жемей басылмассың» дегенде, қатыны кекетіп: «Иә, шіркін-ай, мені төркініме апарып тастайтын шығарсың» деуші еді. Сол кезде: «Еу, екі көрін желігіп келеді! Екеуіне не жетпей отыр екен? Біреу шын ұрысып жатыр екен деп ойлар. Аға, қойсанызшы!»— деп, балалары жуып-шайып, аяғын күлкіге шаптырып жіберетін.

## ҰЯДАҒЫ ЗОРЛЫҚ

Ер жетіп, ес білген сайын, Қартқожа өмірде талай әділсіздіктерді көре береді. Өз басын құрбы-құрдастары талай кемсітіп, мазақ етіп қорлағаны, зорлық көрсеткені бар. Қаржасбайдың шалдуар баласы бір күні қарындашын тартып алып, бермей қойды. Жалынды, жалпайды, болмады. Әбден ыза болған соң, бай баласының қағазын тартып қалып, жыртып тастады. Бай баласы мен екі-үш бала жабыла ұрып, мұрнынан қанын ағызды. Қартқожа көрген қорлығын жылап келіп, әкесіне айтты. Әкесі Жұман назаланып, атына мініп, Қаржасбайдікіне барды. Байға мән-жайды түсіндіріп айтып еді баласына ұрысып, қарындашын алып бергені сол, «Балаға ара түссің»— деп. Жұманның өзін сөкетті қылды. Не қылсын, салы суға кетіп, Жұман үйіне қайтты. Баласына: «Қарындашын жоғалып қалған екен, уақа етпес, бақалшыдан тағы қарындаш әперемін»— деп жұбатқан болды. Қартқожа аулының бір баласын Жұмат деген бала ұрып жатқан соң, болысайын деп еді, Жұмат қарулы бала — желкеге қойып-қойып жібергенде тасқа жығылып, қолын даладай қып қанатып кетті. Жалғыз ол ма? Жас күнінде бай балалары талай қарға да аунатқан, қойнына қар да толтырған, тонын да жыртқан, кітабын да шашқан, өгізшесінен аударып қуып жіберіп, талай жаяу да қалдырған. Қайсыбірін айтарсың, қорлық-зорлығы толып жатыр. Осының бәрі Қартқожа-

ны ойлаңдырды, жанын кейітті: «Әттең, менің кедейлігім-ау! Әйтпесе солардың менен ақылы артық па? Зейіні артық па?»

Артық болса, малы артық, Дүние шіркін-аи! Кегімді алатын да күн болар ма екен!..» деп, ішінен зығыры кайнап жүрді. Ол онымен тұрсын. Жалғыз өз басы ма? Құштілер әкесіне де зорлық етпеді ме? Мақымет бай үйлерінің бір құнан өгізін қарызға алып, неше сұраса да, ол бермей қойды. Мақымет болыспен құда: оған шамасы қалай келсін? Оның үстінен кімге шақсын? Қыстай қаладаласына мінетін жалғыз кер қасқа атты өзінен сұрамастан: «Тілмашқа керек, үйіне барып келеді» — деп, шабарман ұстап өкетіпті. Ол аттың «ай» дегенде, тулағын алып еді, зорыққан екен: Бір жұмадан соң пышаққа ілінді, бір-екі рет алым төлей қоймадың деп, ауылнайдың дікілдеп, боқтағанын да Қартқожа естіп жүрді: көрші ауылда Букабай би шабындысын тартып шауып алғанын да, әкесінің әркімге барып, сандалып, түк өңдіре алмағанын да Қартқожа жақсы біледі. Мұның бәрі Қартқожаның жүрегіне түйткіл болды. Болыс, тілмаш, ауылнай, шабарман дегендерді, тағы түрлі «адам» болып «атқа мінгендерді» Қартқожа зорлықшыл, жалмауыз, жан алғыш деп ұғынушы еді.

## ЕЛІКТЕУ

Қартқожа ескіше оқып дүмше, тақуа молда болды. Аят оқығанда күйеу Мағзұмның мақамына да салып алды; құран оқығанда шарта жүгініп, көзін жұмып, сызылып отыруды да білді. Құран бағыштауды да, жиназа шығаруды да, «тәямімді» қалай соғуды да үйренді, ғұсылдың қашан уажып болатынын да, ыстынжа қылғанда таманын кенеп, сол аяғын тебінуді де тоқып алды. Осының бәрі қанша көп білім болса да, көп еңбекпен табылса да, не әкесін, не өзін қорлық-зорлықтан арашалауға бір тиындай да пайдасы болмады. Қартқожа талай қынжылғанда, бар ынтасымен намазды бажайына келтіріп оқып, құдайға жалбарынып көрі; одан қала берсе, пайғамбардан, шадиярдан, әулие, машайықтардан да медет тілеп көрді. Олардың бәрінің құлағы керек болды білем, бірі де дұғасын естіген жоқ, бірі де медетінен қарайласқан жоқ. Қайдан қарайласады? Өздері де әлдеқашан топырақ болып, жоғалып кеткен.

Қартқожа әр болатын ауылнай, үшкөл деген бар деп естіді, пәленшенің, түгіленшенің балалары сол үшкөлде оқын жүр, екі-үш жылда орыс тіліне судай болады екен, сонсоң, тілмәш, періуатшік болуға жарайды екен, деген сөздерге құлағын салатын болды. Ол былтыр кірестіански нашалніктің періуатшігін көрген. Ол қандай еді! Үсті-басы аипақ! Сары ала түйме! Шашын қайырган. Аяғында өмірқан етік. Нашалніктің алдында аузы-аузына жүкпай судыратқанда кісілер таң қалмаушы ма еді?! Ол бір

стражнікпен орысшыласып-орысшыласып, жеңіп кеткені қайда! (Орысшыласқан кісілер қай көп сөйлеп бастырмалатқаны жеңіп кетеді деп жоритын). Әбілда періуатшіктің стражнікті жеңіп кеткеніне Қартқожа қатты сүйсінген. Қазақтан да мұндай жетік, орысшаға судай кісі болады екен-ау!— деп таңданған. Әбілда періуатшікті болыстікі қонаққа шақырғаны да, оның таза көрпе, жастықтың үстінде шынтақтап жатып, шылымын бұрқыратып шай ішкені де бір керемет болып көрінген. Оның аты жоқ қолындағы алтын жүзігі де, ақ желеткесінің омырауындағы салбыраған сағатының күміс бауы да, омырау қалтасынан қылтиып көрініп тұрған қара тарағы да бір түрлі жат болып көрініп, есінде қалған. Ал енді Мақыш тілмәш ше? Одан қорықпайтын, оны құрметтемейтін қазақ бар ма? Мақыш тілмәш қандай жағымпаз! Қартқожаның ойынша — тілмәш бір қалам тартып жіберсе, оның жазуы «Лауқылмақпұздан» кейін емес, бскіп қалатындай көретін. Тілмәштің қаламына ілінген кісі оңбайды деп білетін. Бұрынғы көрген «ұлықтары» тілмәш пен болыс болушы еді, Әбілда перуатшікті көрген соң, одан үлкен «ұлық» жоқ екен деп қол қойды. Орысша оқыған қазақ жігіттерін көргені, орысша оқытатын үшкөл бар деп есітуі Қартқожаның ойына бір түрлі жаңа нәрселер кіргізді. «Япырмай, орысша оқыр ма еді! Әбілда періуатшіктердей болар ма еді... Олардың да арманы бар ма екен...» деген ойлар еді оның басып қатырған. Қартқожа осы ойларды көп ойлайтын болды. Көк күнанына мініп, әжесінің сәлемдемесін артына бөктеріп, апасына бара жатқанда да осыны ойлайды; қайтқанда да осыны ойлайды, бұзауға барса да, тезек терсе де осыны ойлайтын болды. Әбілда тілмәш оның түсіне де кіретін болды. Түсінде бұ да бір орыспен орысшыласып, жеңіп кетті. Қалаға да барды; қорықпай көп орыстардың арасында да жүрді. Ояна келсе баяғы жаман Қартқожа, баяғы жапырайылған жаман тымағы, бастама мәсісі, шамажайы шалжыған, бір жамбасына қисайған жаман кебісі, ләнке шапаны, мойнындағы кішкене қалтаға салған тері сасыған «Ісім ағзам» дұғасы. Қартқожа дамыл қормейді, тағы ойлайды, тағы да жақсы-жақсы түстер көреді. Оянса — жоқ.

## ҚАРЛЫҒАШ

Қартқожаның ауылы Қара құдық басында. Ел жайлауда, әжесі үйде жоқ. Бірге туған ағасы итарқа күркесінде түске шейін тұрмайды. Сөске мезгіл еді, әжесі: «Сиыр суға келді» деген соң, Қартқожа құдық басына жөнелді.

Өздерінің сиырларын суарам ғой деп барып еді — Қартқожаның ол ойы болмады; ауылдың сиыры қаптап кетті. Қартқожа қауға тартты. Сиыр мал бірін-бірі ирмелемей, кимелемей,

мүйіздеспей, астауды құлатпай қай жөнді су ішкен. Астауға үй-мелеп, бірін-бірі арт жағынан іліп тастап, су ішіп жатқан жолдасының бүйірінен жайқап қалып, мүйіздері соқтығып, сарт та сұрт! Кіші үйдің көк спыры Қартқожаның тарғыл шолақ сиырын су ішкізбей, түріп шығарды. Қартқожа қауғаның сабымен: «Ой, арам қатқыр, көк ит!»— деп, кеңсіріктен салып жіберді. Көк сиыр тұмсығын шайқап, сазайын алып, шыға берді. Ұғанды тыңдайтын емес, оты қанып, қаңсып қалған мал қырып барады. Көздері аларып, аузын толтыра-толтыра, таласа-тармаса, өлердей жұтып жатыр. Құлақ оты жердегілері болмаса, кейінгі жақтағыларға судың иісі ғана барады, бір құйған су алдыңғы екі-үш сиырдың жалпақ аузымен бір жайпағаннан да аспайды. Тағы бір жаманы — қауға жыртқық, астауға жеткенше, бір-ақ тостағандай су қалады. «Өңкей тоғышар, қауғасының жыртқығын да бүтіндемейді, қайтересі?» деп кейіп қояды. Қартқожа жанталасып, мықшындап, тері пұшпағынан ақты, ауылдағылар көріп тұрса да, қормегенсіп, сиырын суаруға ерінсіп, кісіге иек сүйеп кеткен ел, келмейді. Ана Ыбырайларды қарашы, көріп тұрып, әдейі келмей тұрғанын, «ерегіскенде суармай қояйын ба!» дейді Қартқожа. Дегенмен сомадай болып, бір ауылдың сиырына қауға тарта алмауды намыс көреді; сыр алдырмағысы келеді. Сиырлар қарқынын басқан кезде, Қартқожа бітегене тыныстап, он жаққа қарады.

Үлкен ауыл жақта екі атты кісі келе жатыр екен. Біреуінің сымпаған қара киімі бар, басындағысы — ноғай бөрік. Орныға алмай, қокнып, атқа отырысы; екі тізесін қомдап, аяқтарының басын аттың шынтағына тығып, қамшылағанда қолтығы көтеріліп, қолп-қолп етіп желгені «ел қазағы емеспін!»— деп анадайдан айғайлап, айтып келеді. Қасындағысы — үлкен ауылдағы Сәдуаәлі. Құдықтың қасынан бұлқектетіп өте шығып барды да, Шідербайдікіне түсе қалды. «Бұл не қылған адам екен, білейінші» деп сиырын суарып бола сала Қартқожа да келді. Әбілда періуотшікті көргеннен бері орысша киінген кісі оған таңсық көрінетін, қасына жақындаса, бірденесі жұғып кететіндей, жанына баруға көңілі соғи беретін. Келген соң білді: Үпиде оқыл қайтқан қазақ шәкірті екен, ылаулап үйіне кетіп бара жатқан.

Шідербай шәкірттен оны-мұны сұраған болып отырды. Ол жалақтың қай берекелі сөзі болады, байғы «Қаратау қаладан қашан шықтыңыз? Орыс-орманнан не жат хабар бар? Қай ел боласың? Оқығалы қанша болды? Әке-шешенің бар ма? Неше ағайынды боласың? Жамағатыңыз жоқ па еді?»— деп, түп-түғиянын қаза сұрады, дәл бір құда болатын кісіше. Шәкірт қысқа-қысқа жауап қайырып отырды. «Қалың бертен жоқ па еді?»— деп, ойланып отырып тағы сұрады. «Жоқ» деген соң, көңілін жұбатқаны ма, әлде несі: «Әлі жас көрінесіз ғой»,— делі тыныш отырмай. Бұл сұрауларды Қартқожа жарадай көріп отырды.



Шідербайдың әнгімешіл, кісіге жұғысқыш, білетін кісімсіп айтқан сөздері тұрпайы екендігі көрініп тұр. «Құдайдың күдірет-ау! Оған қалың берген, бермегені Шідербайға не керек? Әшейін сөз таба алмағандық-ау!» деп ойлап отыр Қартқожа. Қартқожаның жанына үшкөл мектеп, қала, оқу жайынан айтса, жағар еді. Үлкен кісі сөйлесіп отырған соң, бірдене сұрауға әдепсіздік болар деп. Қартқожа бойын бақты. Лау әкелген жігіт атты тезірек камдатайын деген оймен: «Бү кісі көп бөгелмейтін шығар, лауды камдата отырғаныңыз дұрыс болар»,— деді. Шідербай: «Е, камдалады ғой»,— деді. Сәдуәлі еріп келгеннен-ақ, лау мінерін сезіп, Шідербай шәкіртпен әнгімелескенде де, лау мәселесі бүйрегінін бір жағында отыр еді. Нак жылқы тор байтал еді, онымен түйе қарап кетті. Көк биені берсе, орыс сияқты, коқақтаған шіркін қатты жүріп, қинап тастайды-ау. Жоқ әлде көкжалдың өзін бере ме? Оны суытып жіберіп еді, қара аттың арқасынын шиі бар, шығып кете ме? Кім біледі? Бұған лайық қандай жеңіл қол жылқы болар екен? Міне, Шідербайдың манадан ойлап отырғаны осы еді. Бір жақсы ой сап ете түсті. Кідірмей-ақ: «Қартқожа, сен құнаныңа мініп, бұ кісіге ер-дағы, Балдекең аулына дұрыстап апарып сал»,— деді. (Қалай «дұрыстайтынын» құдай біледі.) Қартқожа ойланбай-ақ: «Жарайды ғой»,— деді, өйткені оңаша сөйлесуге құмар еді, құнанның қиналатыны ойына да келген жоқ. Шідербай «Ретін қалай тауып жібердім!» деген кісіше, мұртынан бір жымиып, «пәледен» тезірек құтылғалы: «Қатын, тұр, аяқ жұғыз, қымыз күй мына кісіге»,— дей бастады. «Қартқожа, шайға алданбай-ақ сен де осыдан қымыз ішіп шығарсың»,— деп. мейірімі түскен кісім болды, сөйтті де ат қамдатуға тысқа шықты.

Бір аяқ қымызды ішті де, Қартқожа жүген алып, қотанда үй-ездеп тұрған көк құнанын ұстап, үй қасына алып келді. Желқом ерді шандырлап тұрып, мықтап ерттеді. Сөйтті де, үйге кіріп, әжесіне лау апаратындығын айтып, қамшы алып, белін буынып тысқа шықты. Қол-аяғы жерге тимей, құнтындап жүр. Құнанын шешіп алып, мінгелі жатқанда, келіншегінің қойнынан жаңа тұрған ағасы жалаң аяғына кебіс іліп, бір қолымен тақылжырын дырдыр қасып, бір көзін сығырайтып: «Уай, сен қайда барасың?»— деп еді, Қартқожа: «Лауға барамын»,— деді де алды-артына қарамай, құнанының көтін қыңырайтып, құйрығын сипандатып жөнеле берді. Түйешінің тор шолағына мініп, қоқайып шәкірт те шықты. Шідербайдың ойлап-ойлап тапқан, «жеңіл қол» жылқысы түйешінің жалғыз торы шолағы болып шығыпты, Қартқожа торы шолақты көргенде: «Әй, құдайдан қорықпайтын доңыз-ай»,— деді. Одан басқа қолынан келері жоқ қой.

## ХАБАР БЕРДІ

Былай таман шыққан соң, Қартқожа шәкіртпен әңгімеге кірісті. Шідербайдың қандай адам екенін шәкірт сұрады. Қойшының торы шолағына мініп келе жатқанын біліп өте қынжылды. Қынжылғанмен қайтсін? Шідербайды жөнге салу қолынан келе ме? Өзі лаумен келе жатқан жалынышты бір шәкірт. Содан кейін Қартқожа да сұрай бастады. Ол қаланың, үшкөлдің, медресенің, оқудың жайын сұрады. Шәкірт қаланы әдемілеп қызықтыра сөйледі. Ол медресе жайын да, оқуды да, қаланың тамашаларын: борақотын, отарбасын, аптомабелін, театрын да суреттеді. Кей жерде өте мақтап, жанынан да қосып жіберді. Қаладан келген шәкірттің қаланы өз қолымен тұрғызғандан болып, көп білген, көпті көрген кісіміп, бір жағын мақтанышқа тірейтін бір мінезі бар ғой. Айдалада қаланың не екенін білмейтін Қартқожа қолына оңаша тиген соң, ерігіп келе жатқан шәкірт аузын аясын ба?.. «Мынауың отірік» дейтін кісі жоқ, асыра-асыра соғып берді. Айтқан сайын Қартқожаның көзі бажырайып, аузын ашып, аузынан суы ағып тыңдап келеді. Не керек, Қартқожа осы жолы көп жаңа нәрселерден хабар аяды, қала, үшкөл, медресе, шәкірттер тұрмысы жайынан көңіліне елес-елес сурет пайда болып қалды, отарба, борақод, аптомабель деген нәрселер ми жетпейтін, бір сиқыр төрізді көрінеді. Қартқожаның «Әбуғали сина», «Әбұлқарыстың» әңгімесін оқығаны бар еді. Сондағы тамшаның бәрі қалада екен деп ойлады. Аяқтап келгенде, Қартқожа өзіне оқуға болар-болмасын сұрады. Медресеге түсуге болатындығын, оған жылына кем болса, 40-50 сомдай қаражат керектігін шәкірт баяндады. Қартқожа ол қалаларға қалай тауып барар? Әлгідей қаражатты қайдан алар? 40-50 сом деген кіші-гірім үш қараның құны. Ондай қара Қартқожаға қайдан табылар? Қартқожаның ойындағысы «мұсылманша» оқу емес еді, оның оны Әбілдадай періуатшік болу еді. Сондықтан медресе деген жаққа онша құмарта қоймады. Үшкөлге түсудің ретін сұрады. Үшкөл жайынан арғық көп мағұлматы болмаса да, шәкірт: «Оған да қаражат керек» — деді. Қартқожа: «Біздей ересек жігітті үшкөл ала ма?» — деп сұрады. Үшкөлдің алмайтындығы мәлім болды. Жасы өтіп кеткен жігітті үшкөл алмайды екен. Бұнысы тағы пәле болды, Қартқожаға ақылдасып-ақылдасып, Қартқожаның оқуға ынтық екенін көріп шәкірт: «Қайтсең де оқы, оқысаң адам боласың» — деп, сөзін бітірді. Қартқожа оқымак болды. Айрыларда әлгі шәкірт Қартқожаға бір кішкене кітапша берді. Қартқожа шәкіртке рақмет айтып, кішкене кітапшаны қолына тығып, қоштасып, аулына қайтты.

Қараңғы түнде елден адасқан адам алыстан жылт еткен от-ұшқынын көзі шалғанда қандай қуанады; Қартқожаға да бүгін қараңғы елдің ішінде «оқу» деген нәрсенің жарық сөулесі жылт

еткендей болды. Қуантты. Келе жатып, кітапшасын оқығанша асықты. Қойнынан суырып ат үстінде оқымақшы болып еді, шыбындаған екі ат қолын жұлқып, оқытпады. Әйтсе де кітаптын басынан бір-екі жол оқыған соң ұнап кетті білем, көзі жайнап, аттан түсе қалды. Торы шолақты қантарып, тұсап, көк құнанды оның мойнына байлады да, отырып кітап оқуға айналды. Кітапшаның аты «Тумыш» екен.

Мидай жазық, кең дала, жел жоқ. Күн шуақ. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар. Деген шеке қызар, ми қайнар уақыт. Инелік, шегіртке, богелек, масаның қалың шөптің арасынан ұшып, әуені қаптап, шарықтап, олай-былай жүйткіп шыр-шыр етіп, қанаттары дырылдап, ызылдағанынан басқа, екі аттың пыскырып, күйрығы суылдап, аяғын тебініп, богелек жасқағанынан басқа, анда-санда шық-шық еткен торғайдың даусынан басқа жаңғырыққан ешбір тықыр не бір үн естілмейді. Қартқожа сайын далада киімін шешіп, жайрап, көйлекшең, жалаң бас, көк шөпке бауырын төсеп, күнге қарап, қошқыл маңдайынан тері шып-шып шығып, кітабын оқып жатыр. Оның кітапқа ынталанғандығы сонша, жан-жағына да қарамайды, анда-санда мұрнын да тартып қояды, демін де білдірмей алады. Ол екі атты да ұмытып кетті. Біреу алып кетсе, білер емес. Өзінің айдалада жатқанын да, аулын да, басқа дүниені де ұмытты. Оқыған сайын ажарланады, бет-аузы балбырап, иегін созып, көзін қадап, қағазды жеп қоятын тәрізді...

Әлден уақытта аяғына жетті. Ол кітапты жаппай, ойланып, басын шайқап, таңдайын қағып біраз жатты. Содан кейін кітапты басынан аяғына шейін бір қарап шықты да, басын көтерді. Қараса, шыбындаған екі ат жылжып, едәуір жерге барып қалған екен. Далада жалғыз екенін сонда сезіп, жалма-жан киімін киіп, аттарына барды. Мініп алып аулына тартты.

Қартқожаның есі-дерті оқуға кетті. Өзіне-өзі «оқимын» деп серт етті. Қалай оқиды? Қайдан оқиды? Қайда барады? Қаражатты қайдан табады? О жағымен ісі болмады, ойына да келмеді, қайтсе де оқымақ болды. Бұрынғы бұлдыр ойларына мына шәкіртпен әңгімелескені, мына кітапшаны оқығаны, олардың шығарған түйіні бір қазық, бір тиянақ болды.

## ҚИТЫҚ

Жұмандікі — біреуден ілгері, біреуден кейін оразасын ашып, күйбендеп күнелтіп отырған үйдің іші ғой. «Құдай екен қырына бір алса, жуырда оңдырған ба? (Жұрт солай аңыз қылысады ғой). Бас қағынды тілмаш мінетін жирен қасқа аттың олуі екен, содан

былай-ақ әр нәрсенің жағдайы келмей, қырсық шалып, қитықтан ситық үшырай берді. Жылдан жылға Жұман үйінің шаруасы тұжырылып, тұқыра берді. Таңдайын жібітіп отыратын «бір бие бұлақтың басы, екі бие елдің асы» деп дәтке қуат қылатын, жалғыз көк бие еді. Осы жаз жамандатып ол өлді. Жұман бар емді істеп көрді; түз қайнатып та құйды, қара қоңылды да тесіп тықты, алмас та салды, қайдағы – түк болған жоқ. бір жарым сәткеде меңдеп барып, сенделіп тұрып күрс етті. Жануардың құрсағы құр жатқан емес еді. Азды-көпті 4–5 жылқы бәрі соның балалары ғой, ұстамай-ақ қоя берсе, әлдеқашан айғыр үйір жылқы болмас па еді? Өйтпеге Жұман үйінің қай бір төрт түлігі сай тұр, киім-кешекке де, соғымға да, берімсекке де айналдырған көк биенің тұқымын мінтеп, шыдатпайды. Сонсоң қайдан құрасын? «Жалғызда да, мыңда да күт бар» деген ып-ырас қой. Жұманның құты көк биесі екен. Ол өлген соң-ақ кетті; мал құлдырай бастады. Жануардың құлынын бір ауылға анарып, бір байдың құлыны өлген биесіне телін еді, оны қасқыр жеп кетті. Көк тайдың алқымына шығу шығып, басқұрт па, маңқа ма, маңдам ба, бұғымала ма? Әлде кім біледі, содан бері шыр жұқпай, инеліктей қатып ол кетті. Күздігүні шөпке мініп барған жерінен көк құнаңды ұры алды. Қызыл шолак сиырдың қарадан қарап жүріп желіні ісіп, бір жағы қалпетімен беріштеніп, сүтінен айырылып, сыңар емшек болып ол қалды. Күзекте отырғанда қара інген шығып кетіп, оны қарай қоятын көлік болмай, жеті шоқпарлар бір жұмадай шөп тасуға салып, бота тастатыпты. Содан ыстық-суықты болып, аяғы қысағаға шалдықты.

Қартқожа әкесінің аса тарығып, балаша еңіреп жылағанын екі рет көрді. Бірі: қасқа атты бауыздап, жануар ішін тартып, ышқынып қорқырай бастағанда, әкесі төмен қарап: «Қол-аяғымызды кестің бе?» деп кеңкілдеп қоя беріп еді. «Кестің бе» дегенде, Жұман атына айтты ма, әлде құдайға айтты ма, болмаса тілмәшқа, болысқа, шабарманға айтты ма, Қартқожа кімге айтқанын білген жоқ. Енді бірі: көк биенің бауыры астаудай болып ісіп, сенделіп келгенде «таңдайды біржола ағартайын дегені ғой» деп, тағы да егіліп, зарланып жылзп жіберді. Ол жылаған соң, әжесі де солқылдап жылады. Үйді айнала беріп, Қартқожа да жылады.

Шаруаның жайы мынадай; реніш анадай болған соң, «оқимын» деп бекінген Қартқожаның үні өшті. тілі күрмелді, ойын тұман басты, іші-бауыры, өзегі өртелгендей болып, нығы түсіп, еңсесі салбырап кетті. Оңаша жерде Қартқожа төңірге налып, зарланатын болды. «Құдай-ау не жаздым? Мұнша сорлы қалғандай неңді алдым? Бүйтіп қор еткенше жаратпасаң етті! Қырсықтан көзімді ашатын күнің бар ма? Жоқ па?...» деп зарлаушы еді. Сонда да оқудан күдерін үзбеді, өйткені түсінде оқып жүретін еді.

Жаз өтті. Жауындатып, кара желдетіп, шөпті қуратып, жапырақты сарғайтып, елді әбігер қылып, аласапырандатып күз өтті. Үсті-басы қырауытыл, қылышын сүйретіп, шықыр-шықыр етіп қыс келді.

Биылғы қыс қатаң болды. Боқырау болды, бок қатты. Қарашаның қары қантарға қосты. Ұдайымен алай-түлей ақтүтек боран соқты. Боран ашылса, шартылдаған сары шұнақ аяз қысты. Жер сіреу қар. Жылымық болса жаңбыр жауды. Жер көк сең, малдың аяғын қызыл жосын қылып, қиып тастады. Күн күлақтанып, шаңытқан ақ пердеге жасырынып, жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпеді. Қас қараяр-қараймаста, күнбатыстан шатынаған, шақшиған, жалғыз көзді жан алғыштан жаман жарық жұлдыз шығады, күннен күнге шарықтап, көкке өрлейді, жел қасарып, Темірқазықтан таймай ызғырады да тұрады.

Елді жұт болмаған несі қалды?

Биыл жұт болады деп, күн бұрын есепшілер де айтқан: шөптің шығысы жаман, серейген-серейген еркек шөп, бұйдай бас, көде, боз қаптап кетті. Тышқанның шөп жинауы бұзық, інінің төнірегін тап-тақыр қып тастапты. Құмырсқаның илеуі ортасы шұқырайып кетіпті. Спыр далаға түнеп, жусамайды, кеш болса, ауылға жүгіреді. Жылқы анырайып тырандап жатпайды. Малдың ындыны құрып барады, «атау кересін» жеуге асыққан немеше. Адал күс ерте қайтты. Есепшілер, малмен көзі шыққан бақташылар, қариялар тағы-тағы талай ырымдарды айтып жүрді; түсі қате кетпейтін сәуегейлердің қысқа арнап көрген түстерін де жұрт естіп жүрді. Биылғы жылдың «Коян» екенін де білді. Сонда да, ерте бастан қам істеп, малға, жанға жетерлік азық та даярлайын деген қазақ болған жоқ. Ала жаздай қымыз ішкенге мәз болып, партиядан қолы тиген жоқ. Жадағай, алқам-салқам күйін «күдай сақтар» деп жүріп, көрлі қысқа маңдайы тақ еткенін бірақ білді.

Иә, сонымен қыс қатты болды. Жерден қайран болмады. Қара мал қолға қарады. Аз ғана пішенді аз күнде-ақ бітіріп алды. Бір уыс шөп бір ділдаға да жоқ. Жұттың аяқ шенінде шенді басты үйлер азығын да тауысты. Жұт жеті ағайынды болмай тұрсын ба? Отын қабат таусылды. Дүние тарылды. Ел тарықты, састы, қысылды — қай ауылды алсаң да қалт-құлт.

Қартқожа ағасымен екеуі Қарашоқының бір сайынан күнде сиырларына күрек аршиды. Бір туырлықты кесіп, сиырларына жабу істеген. Күн толас болса, сиырларын жабулап күректерін нығына салып толарсақтап, айдал жөнеледі. Бетті, мұрынды аязға жұлдырған, күнде күрек аршумен аштан арығы жетіп, титықтары құрыған. Үйде кенеу болар тамақ жоқ, арықтан өлген бұзау-торпақтың су татыған жасығы жүректі кесіп, төмен тартады. Жалаң

жасықпен жүрсө, әлдеқашан аштан өлер еді. Әйтеуір әбүйір болып, әжесі байгүс тісті бақаланып, қысып-қымтырып жүріп қойдын бір жамбасын сақтаған екен. Күнде сиырға барарда сол майдан ерітіл: «Жүректерің үзіліп кетер»,— деп екеуіне екі қасық май ұрттатып жүрді. Күн ұзын соны нәр қылады. Әкесі үйдегі көтеремдерге қораның жамылышын, көр-жерді қағыстырып әперіп, бір мезгіл бел байлау қылсын деп, сиырларға қар астынан қара құмақ аршиды.

Бір күні кешке көже ішіп бола берген кезде, әжесі отырып:

«Бұл көженің өзі де табылмай, көзімізді ағартпаса неғысын», деді. Жұман шошып кеткендей: «Е, ұның азайып қалды ма?»— деді. Әжесі 3-4 істемдік үн қалғандығын білдірді. Әжесі айтуға бата алмай, жасырып жүр еді. «Әкеңнің өлгенін жасырасың, көмгенде қайтесің» дегендей, жоқшылық айтқызбай қоймады. Үй ішіне бұл бір ауыр қайғы болды. Бәрі де құлаққа ұрған танадай, тым-тырыс сап бола қалды. Жұман қатты күрсініп, тосегіне барып қисая кетті. Балалары да бет-бетімен бүк түсіп жатты. Жұманның ойын қара тұман басты. Малдан бұрын кісі аштан өліп қала ма, қайтеді? Сиырдың бірін сойғанмен жілігі татымайды. Қарызға табылатын елде астық жоқ, енді қайтпек керек? Міне, оның ойын қаптаған осылар еді. Жұман түні бойы дөңбекшіп, көзіне ұйқы келмеді.

Ертенінде Жұман ауылдың әр қайсысынан: «Сататын астық білген жерлерің бар ма?» деп сұрастырды. Отыз шақырымдай жерде Байбек дегенде қызыл бұзауға сататын астық бар деп естіп, Жұман бір қапты беліне байлап соған жөнелді.

Қарға бір батыл, бір шығып, шалақ борбай тырбындап, омырауы ашық, көзінен, мұрнынан сорасы ағып, сақал мұрғына сүңгі тұрып, қалтақтап келе жатқан қазақ қорсеніз, ол — Жұман. Ондай Жұмандар ел ішінде толып жатыр.

Сол жүріспен араға бір қонып, Жұман байдікіне жетті.

Азырақ бойы жылынып, амандасып отырған соң-ақ Жұман келген жұмысын айтты.

Байбек осындайда қысылған кедейлерге өсімге ақша, астық сатып, солардың қызыл бұзауынан байыған бір жалмауыз. «Астық таусылып қалды» деп, таң атқанша маңына дарытпай қойған. Ертенінде Жұман жүрерде, рақымы түскен кісі болып, өзіміз ішуге алып қалған азырақ астық бар еді. Соңша жерден әдейі жаяу келген соң, сол астықтан азырақ жырмалап берейін. Бірақ бұзауымды докәйлетіп бересің деп, екі қызыл бұзауға бір пұт астық берді. Жұман тек бергендей көріп, қуанып кетті. Алғысты үйіп-тоғіп, қабын арқалап мықшындап үйіне қайтты.

Жұман екі-үш шақырымдай жүрген соң, өкпесі аузына тығылып, димы құрып, жүре алмады, отырды. Ескілікті жөтелі болатын, сонысы тағы күшейіп күркілдете берді. Оның үстіне келер-

де тер қатып, бойын суық ұстап, тұла бойы сіресіп танауы тарс бітіп, басы зеңіп келе жатыр еді. Ынқылдап, күрсілдеп тер пұшпагынан ағып, әлденеше дем алып ақшам әлетінде Арбабай аулына әрең жетті. Ол ауылдың да сиқы кеткен. Әбігер. Олар да азықсыраған. Пішені біткен. Олардың да қорегі қатықсыз кара көже. Отындары тағы жоқ. Жұман азынаған, бықсыған, сасық, бір үңгірде түнеп шықты. Түні бойы тұла бойы күйіп-жанып, бір жағынан жөтел қысып, көрер танды көзімен атқызды. Шықпаған шыбынды сүйретіп, таң атқан соң тағы қалтандап, ұнын арқалап аяндады. Жолға төрт қонып, бесінші қонақ дегенде, әлі әбден біткенде, қардың арасынан өлімсіреп шыққан ауылының көгілдір түтінін көрді. Жұманның күр сұлдері қалып еді. Жиырма-отыз қадамнан артық жүре алмай, бір дем алатын еді. Үйіне қалай жетті, солай мұрттай ұшты. Екі-үш күндей киналып, алас ұрып жатты. Төртінші күні көзі ішіне кіріп, жағы солып, танаулары қусырылып, ерні кезерді. Түріне қараған Қартқожанын іші мұздай болып кетті. Кірпігін әрең қағып, аз уақыт жатқан соң, ақтық күшіл жинап, қатын-балаларын шақырып алып, қол ұстасып, қоштасты. «Сендердің алдында... алғанына... арманым жоқ... кемпірге... көздерің... қырын салыңдар.. кош... кешіңдер...» деуге тілі әрең келді. Батар күнмен бірге соңғы демі бітті, көзі жұмылды.

## ПІДИЯ

Арада бір жыл өтті ме? Қалай...кортқан күпісінен жіңішке жілігі сирандап, орақ түмсық қызыл саулық безілдеп маңырап, ентелей басып, қораға тартты. Онын ар жағына жабуы бір жағына жапырайылған жапырық қара інген басы-аяғы жоқ, ұзақ «ғөй-ғөйін» қоныраулатып, жайылып жүр. Желікпелі, жел құрсак қызыл айғыр әзіл-мәзіл етуге торы биеге келіп, мойнын күдірейтіп, коқырақтап, иіскелеп, оқыранады. «Қойшы өзін! Сендей ерігіп жүргем жоқ, менен басқа да қатындар бар ғөй, қол-аяғымды бауырыма ала алмай жүрсем жоқ жерде қысканы несі...» деген немеше, торы бие құлағын жымтып, артын қиқаң еткізе түседі. Жал қидың қасында, тасқа шоқнып: «Мен қайдамын, тауып ала қойшы?» деген жас балаша «қида менің ұям жоқ» деп, қу жігіт бол, күйрығы жылт-жылт, дауысы шырт-шырт етіп, ақкөт торғай отыр.

Ауыл маңы отта жүрген ертеулі аттар. О жер, бү жерде үйме-жүйме топтанысқан, бүкшендеп дәрет алысқан кісі. Шеткі қыстаудың арт жағында үш канат күйеу күрке тігіліп қалыпты. Онын алдында қолдарында құманы, орамалы жалаң қағып, екі-үш қатын жүр. Дәуде болса, Әлімбайдың кемпірі тырапай асқан болар. Айтамын ғөй, әнеки, кемпірді арулап, сүйекші қатындар шығып бара жатыр. Мінеки, бақайына сүрінген шынжау ала жабағыны

ала жіппен жетелеп, тоқты, торпақ, арық саулықтарын сүйресіп, міне, біреулер де киіз үйге таман келе жатыр. Кісілердің ішінен шығып, ала сақал молдалар да осылай қарай аяндады. Қора жақтан да 4-5 желбегей ұмтылды. Олардың артынан солбырайып, көн шалбары көгіне қатқан бала молда да жүрді. Аяғын баспай, неден құты кетіп барады? Кемпірдің өлгені осыған батты ма? Кежегесі кейін тартып жүргісі келмейді ғой. Ол не ойлап келеді?

Таба алмасаңыз, ол осы ауылдың молдасы. Оның не ойлап келе жатқаны мынау. Ол қазір «пиднеге» отырады, оның «пидиені» есіткені болмаса, көріп отырғаны осы. Ол қазір сексенге келген кемпірдің күнәсін мойнына көтермек. Тым болмаса, орта жастағы кісі емес, сексенге келген кемпірдің күнәсі. Кемпір болғанда да қай жөні түзу, сүйкімді кемпір? Ауылды безер қылған бір қақпас. Япыр-ау! Шынымен осы мыстанның күнәсін арқалағаны ма? Ол иттің күнәсі шашынан да көп шығар — өзі бала, оны қалай көтереді? Жаман жабағыға бола тозаққа шынымен кеткені ме? Қазақта биттей рақым жоқ-ау! Көре тұра отқа итергені қалай?! Қиямет қайым болғанда «Жаман тайға бола осынша күнәні неге алдың?» деп құдайкең қысатын болса, не деп жауап береді? «Пидиасы» құрысын! — отырмай қойса, қайтер еді? Онда бірақ үй іші ұрсалы-ау. Әттен кедейлік-ай! Малы болса, күнәсін көтермек түгілі қара кемпірдің манынан жүрер ме еді? Осыларды ойлап, оның жүні жығылып келе жатыр еді. Көп ойлағанмен, бір көніп қойған соң, бола ма? Амал жоқ. Не де болса үйге кіру керек.

Бала молда үйге кіріп келді. Қақ орталықта — басын төрге, аяғын есікке қаратып, ұзынынан сулатып, сарт шапанды айқара жауып, тақыр жерге салам төсен, кемпірді салып қойыпты. Кемпірдің қақ басында мінбелеп, шарт жүгініп ала сақал молда отыр. Сол жақта қатарласып кемпірдің баласы, тағы да бір-екі қожа, тағы бір Алтын дейтін молда отыр. Кемпірдің серейген сүйектері білеуленіп, сорайған түрінен шошып, бала молда кіруін кірсе де, босағада қалшынып тұрып қалды. Егер ала сақал «бері таман кел» деп, оң жағынан орын сілтемесе, әлгі бала бірталай тұратын еді. Ала сақалдың нұсқаған орнына, кемпірден аулағырақ, қоқиып отырды, көзі бажырайыл кемпірге қарап, шығып барады. Отырғандардың бетіне қарап еді, бөлендей қорыққан адам көрінбеді. Қайта, алдына табақ тартқан немеше, ала сақал, Алтындар сұғынып, кемпірге мінбелеп барады. Олардың бетіне қараған соң, жүрегі орнығайын деді, сөйткенмен кемпірдің түсі суық, көзінің астымен еріксіз қарап қояды.

Бітегенеден соң, ала сақал тәсбиығын сыртылдатып, оң қолына ала жабағының ала жібін ұстап, ерін ғана қозғалып, көмейі бүлкілдеп, «Тәлиел» оқи бастады. Оны біттіріп, ала сақал өзге бір сарынға түсті: жыбырлатып кемпірдің атын, әжесін атап мінгіретіңкіреп: «Салат, саумат, сабыр уажибатларының кіпараты



үшін үшбу малын қабыл қылып алдыңыз ба?»— деп, қолындағы ала жіпті бала молдаға ұсынды. Жіпті аларын да, алмасын да білмей бала молда аңырайып ала сақалға қарады. Сол кезде қарсыда отырған Қарақожаның әмір еткен кісіше: «Алдым деп айт!» деген даусы қаңқ ете түсті. «Алдым-алдым» деп, бала молда сасып-пысып ала жіпті ұстай алды. Ала жіппен «алдым» бір емес, әлденеше істелді. Бала молданың есебінше мың қайтара жүгіртілген шығар. Анығында кемпірдің жасы қанша болса, ала жіп қолдан қолға сонша жүгірген еді. Бала молда тотыша тақылдап, «алдым-алдымды» қағып, «қашан бітер екен?» дегеннен басқаны ұмытып кетті.

«Дәуір» бітті. Кісілер тысқа шықты. Арасанға түскендей, пысынап, қошқыл маңдайынан, қоңқақ мұрнынан шып-шып тер шығып, бала молда да тезірек далаға ұмтылды. Сонда ғана ауыр күрсініп, демін бір алды. Осы бала молданы оқушылар өзі танымас па екен? Танымасаңыздар, бұл өздеріңізге мәлім Қартқожа еді.

Үй іші кедейленген соң, Қартқожа апасының аулында бала оқытып тұр еді.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ӨЗ ҚАМЫ

Шілде. Шағала көлдің басы иін тірескен ауыл, бықырлаған мал, жердің жүзін, көктің түрін сары, қызыл алтынға бояп, жаздың күрлы қызыл күні белеңнен асып, шеті қылтып барады. Шандатып, қарауытып, топырлатып жылқы шауып суға түсті. Жамыраған қой, азынаған сиыр, өкірген бұқа, айғайлаған бала, ауқаулаған қатындардың даусы қосылып, көлдің басы ың-жың, у-шу, ауыл-ауылдың түгіні ұрандасып, ұласып, көл арнасын көк тұман басып тұр. О жерде, бұ жерде қара құрық, біреуді біреу біліп болар емес.

Жадыраған жаз елді де жадыратты. Ел маужыраған. Елде ес жоқ. Ел мас. Маужыраған елдің ішіне кіріп не қыламыз? Ұйқымыз келер, басымыз ауырар. Ардақты оқушылармен бірге серуендеп, дөң басына шығып, бой көтерелік.

Дөң басына шықсақ, Шақшан адырының бір төбесінде екі жігітті көреміз. Екеуі де жас жігіт. Оның бірі — бақырың Қартқожа. Енді бірінің киімі орысшалау: басында шләпо, үстінде полте, аяғында қисық табан. Тегі қаладан орысша оқып жүрген шәкірт

болу керек. Шәкірт дегеніміз болмаса, жасы едәуірге келген сияқты. қарайып мұрты да білініп қалыпты, сақалдың нысаны да жоқ, емес. Қартқожаның қолында кітабы бар, қасындағы жолдасының алдына түсіп, сабақ алып отырған тәрізді. Шәкірт жерден тас алып, бір сүйекті көздеп атып отыр. Қартқожаға көрсетіп болды да: «Осымен орыс қаріптерін танып бітірдің. Енді қысқа-қысқа әңгімелерді оқытып, періуаттап үйретемін». — деді.

— Қалаға жүргенше осы кітапты бітірсем, жақсы болар еді.

— Мына кітапты ме? Мына оқысыңмен бір-екі жұмада-ақ ауылға саларсың. Тек қолыңа тимей қор болып жүргенсің ғой.

— Айттып не қыласың? Үшкөлге түсетін де күн болар ма екен деп, жатсам да, тұрсам да ойлаймын... Әй, дүние-ай! — деп күрсінді.

— Мен де сенімен зарықкам. Сөйтіп жүріп, тілмәштен хат танып, періуат оқып, көзім ашылған. Үй ішім оқытпайым десе де, қашып кетіп оқығам. Барған жылы екі отделеңнені «сразу» бітірдім, сен де сөйтесің.

Қартқожа: «Күдай-ай енді» дей берді.

Шәкірт жантайып жатты. Жоғары қарады. Күнбатысқа қарады. Ауылға көз салды. Көйлектерінің етегі ағараңдап, түзге шығып бара жатқан бір топ әйелдерді көрді, аздан соң керіліп-созылды да, Қартқожаға: «Әлі сен не деп айтты дедің?» — деп сұрады.

— Бізді неғысын өз ауылыңда да қыз бар ғой, — деп күлген болды. — Онысы жай сөз ғой. Салғаннан «жарайды» деп айта қоя ма? Алады ғой, сөз жоқ, — деді Қартқожа.

Бұл сұрауды шәкірт осымен бесінші рет беріп еді.

— Сен қалай ойлайсың? Көл басындағы елде осыдан жақсы қыз бар ма?

— Әй жоқ шығар деймін...

— Түнеугіден бері қайда жүрген? — дегенде, сен не жауап бердің?

— Онда ма? «Сені бұрын көре алмай жүріпті, өнеугі шілдеханада анық көріп, содан бері сені ойлап, үйіңе көре алмай жүрсе керек», дедім.

— Бү жерін үйлестіріп жіберген екенсің! — деп, шәкірт күліп, мәз болды. — Тағы немене? Оны да азырақ мақтадым дейсің бе?

— Оған қыз табылмай жүрген жоқ, сені өзіңе тең көріп, кәдір біледі деп айттып отырған шығар дедім.

— Онда не деді? — деп жымыңдалы шәкірт.

— Оған едәуір көтеріліп қалды. Көп сөйлесуге реті болмады. Бірдеме айтқалы түр еді, ар жағынан жеңгесі шығып қалды. Сон-соң, басқа бірдемеге жұбатып әкетті.

— Осыдан барған соң, тағы жолығасың ғой?

— Аңдып қорем ғой енді.

Екі жас жастықтың әңгімесімен қас қарайғанша жатып, ауылға қайтты.

Мына шәкірт қыс үшкөлде оқып, жаз қаражат табуға елге

келіп, бір байдың екі баласын оқытып жатқан Жүніс деген жігіт еді. Шағала көлге ел жиі қонғанның бір пайдасын Қартқожа көріп, осы жігіттен бір мезгіл орысша сабақ алып жүрген. Күз осы жігітпен еріп, қалаға баруға сөз байласқан. Жүніс ыңғайлы, әйелге жұғымды Қартқожаны жеңге қылып, Шамкеш деген қызбен сөйлестіріп жүрген кезі еді. Жүніс Қартқожаға шынымен жаны ашыды. Жалғыз Қартқожа емес, жылдағысын жылда кедей балаларын ертіп ала кетіп, оқуға түсіретін. Қайткенмен біздің Қартқожа көптен бері арман қылған мүддесінің бір шетіне іліккендей көңілі бір дауалап қалды. Күндіз екі мезгіл бала оқытады. Кісі жоқта бие де сауғыза салады. Қонақ келсе шай жасап, төсек салып даяршы да болып кетеді. Бала молданы қолқанат қылғанына Көрпембай мәз. Аз күн болса да, Жүністен сабақ алғанына Қартқожа мәз. Молда басымен даяршы болғанына қорланса да, сыртына шығармай, шыдап жүр. Әзер болса, екі-үш-ақ ай. Содан кейін өзі де қалаға кетеді. Онда үшкөлге кіреді, ол орысша оқып, тілге судай болады. Онсон «ұлық» болуға да жарайды. Міне, Қартқожаның жұбаншысы.

## ЖАСТАР

Арада 4—5 күн өтті.

Жаздың бір түні. Көгерген аспандағы көп жұлдыз көк торғынға шашылған бірләнт тасындай жылт-жылт етеді. Айдын көлге шомылған аққудай, көкторғындай көкте сұлу ай жүзеді. Бір гүл селк етпейді, не бір жапырақ сыбдырламайды, төңірек құлаққа үрған танадай, ауыл маужырап, ұйқыда. Анда-санда қотаншыл төбеттер саңқылдайды. Ара-арасында бозбала көрген қала әйелдерінше қабаған қаншықтар желпілдетіп, шәуілдейді. Жоғарғы ауылдан қыз-келіншектердің шырқаған әні естіледі. Қартқожаның ауылынан «Айтак-ау, айтак» деп бір қатын даусын созып отыр. «Мен де ояумын» дегендей, боз бойдақ түрегеліп, түшкірініп-пысқырынып «зікірін» салып басылды. Ыңыранып, бырт-бырт күйсеп қара мал жатыр.

Жүністі бір жарлауыттың астына тастап, Қартқожа бүкшеңдеп, буыны сыртылдап, Шамкештің іргесіне келді. Қыздың іргесі қай бүгін тұрған, үлкенірек бір тесіктен қолын жүгіртті. Ояу екен. Ыңырсып аунаған болды да, қолын ұстай алды. Қартқожа ақырын ғана «мен» деді. Еңкейіп, шінге аузын таяды. Қыздың ыстық лебі Қартқожаның бетіне тиді. Бар денесі тітіркеніп, електір үшқыны жүгіргендей болды. «Тезірек шық» деді де, Қартқожа өрмектен аттаған әжедей аяғын көтере-көтере басып, үй арғындағы қосқа барды. Ішіне кіріп, кигізді бетіне ұстап, сығалап отыр.

Қон кідірмей, шапанын бүркеніп, есікті ептеп жауып, Шам-

кеш те шықты. Төнірекке қарады да күзетшінің дауысы естілмеген соң, сызыла басып үй артындағы жарлауытқа таман аяңдады.

Қартқожа сымғалап отыр. Былайырақ шығып түзге отырған кісі болып, Шамкеш отырды. Ауыл жаққа тағы қарады. Ешкім білінбейді. Тағы жүрді. «Қашан келер екен? Шыға алар ма екен?»—деп жүрегі дүрсіл қағып, жар астында бас бағып, Жүніс отыр. «Көзге түсіп қалам ба? Әкей оянып кетер ме? Жеңешем біліп кояр ма?»— деп келуін келе жатса да Шамкештің жүрегі де тұрмай барады. Өзі жолығатындай, екі жастың тілеуін тілеп, «А-құдай-лап!» Қартқожа отыр. Шамкеш аяғын басқан сайын, Қартқожаның жаны кіреді. Жүрек қандай туласа, жастықтың қызығы да сонша ләззатты тәрізді, ұятты да, қорқынышты да тындатпайды. Шамкеш жетті жарлауытқа! Жүніс қолын созды. Көтеріп жар астына түсірді...

Шағала көлдің беті айнадай, Сұлу күшқан жігіттей ай сөулесін күшақтап, көл жымын-жымын етеді. Көлді біреу көшіріп кететіндей, әлсін-әлсін қиқылдап, әлек болып қызғыш жүр. Кабинетінде отырып, әмір еткен кемесерше маңғазданып, оқта-текте аккумулятор сүңк-сүңк етеді. Көдеге таласқан катындарша ию-кию болып, бажылдасып қаздар жатыр.

Үлкен ауыл жақта жаңғырыққан дауыс шықты. Түнгі дауыс санғырап, қандай естіледі. Қартқожа құлағын түрді. Анда-санда бір жерін естіп қалады. «Патшаның жарлығы», «19 бен 31-дің арасы», «Қазақтың түні қараң болады десейші», «Ой, алла-ай!», «Бү не деген сүмдық?» деген дауыстар естіледі. Айқай молайды. Ыстық күнгі ызылдаған бөгелектің дауысындай дауылдасты. Әрі-беріден соң саябырлайын деді. Бара-бара дауыс тым-тырыс басылды.

Қартқожа не екенін ұққан жоқ. Әйтеуір бір жаман хабар екенін іші сезді.

## СУЫҚ ХАБАР

Қартқожа кеш ояиды. Күн сәскеліктен асып кетіпті. Жылқы келген. Бие байлауға шыққан кісі жоқ. Қотанда үйездеп сиыр тұр. Ақ таяғын артына қыстырып, сиыр өргізетін Байбол отағасы ла көрінбейді. Қалампыр сиырдың бауырынан тұра берем деп, қолы қағып кетіп сүтін төгіп алды. Шеткі үйлерден қымызға жүгіретін Тезекбай, Терлікбайлар үйлерінің қасында солбырайып тұр. Сабанын дауысы шықпайды. Көрінгенмен құрдас болып, ар-салаңдап жүретін Тұрмағамбеттің де иығы түсіп кетіпті. Қолында жүгені, жылқы жаққа бара жатыр. Айғайласып жүгіріскен, шуласқан, асқа өкпелеген балалардың да дауысы естілмейді. Биені желі басына айдап келіп, Иманқұлға сойлесті де, Орманбас жылқышы құрығына таянып, сілейіп тұрып қалды. Ел сен соққан балықтай.

Қарткожа киініп, үй жаққа аяндады. Көрпелі ақсақал таяғын кеудесіне таянып, босағала қақиып тұр. Қарткожа сөйлеуге бата алмады, өте шықты. Байдың баласы Мұқаш жүктің бұрышында қисайып жатыр екен. Қарткожа соның қасына келіп отырды, Мұқаш ауыр күрсінеді. Сөз қатпайды. Олай-бұлай жалтақтады Қарткожа. Жағын тіреніп бәйбіше отыр. Оның да қабағы жабыңқы, жұпар сабынын бұрқыратып, бетін, мойнын жуып, шашын жылтыратып тарап қоятын Шамкеш те бүгін ажарсыз. Шашы таралған жоқ, жерден ши алып, тырнағын шұқып отыр. Қарткожа ойлады: «Япыр-ау, Шамкештің түндегісін сезіп қойған болар ма?» Әлде бір жақын адам өліп соны естіген болар ма?.. Шамкешті білгендей болған жоқ еді. Шамкеш қайта келіп жатқанда, ақсақал мен бәйбіше қорылдап ұйықтап жатқан. Кісі өлген болса, жұрт жиналып естіртер еді. Оның бірі жоқ. Шыдай алмады, Мұқашқа қарап:

- Немене? Жаман хабар бар ма?– деді.
- Естіген жоқсың ба?– деп Мұқаш басын көтеріп алды.
- Жоқ!
- Күдай оңдады ғой...
- Не ғыпты?
- Қазақтан салдат алатын болыпты.
- Ә, қойшы!
- Қой түгіл, ешкі де жоқ.
- Түндегі бір даурыққан хабар екен ғой?
- Естісең сол.
- Неше жастағыны дейді?
- 19 бен 31-дің арасындағы жігітті.
- Япыр-ай! Япыр-ай! Ә!.. Қашан алады екен?
- Жақында ұстаса керек...
- Ей, күдай-ай! Сұмдық болған екен ғой!..– деп, тамсанып, мойны түсіп отырып қалды Қарткожа.

Әлде «Ақыр заман» болатындай, әлде күн біржола бататындай, жұрттың қабағынан қан жауып, нөсер алдындағы күндей, ішін тартып, булығып тұрған мәнісі осы еді. Туғалы жүген-күрық ти-меген асаудай, асау азаматтың мойнына патшаның шынжыр бұғалығы түсіп, асаудай алқынып, дір-дір етіп, ет жүрегі шошып, үрейленіп тұр еді. Қарткожа ойлады: өңкей қылқын кескендей қыршын жасты әкеткенде, бала-шаға, шал-кемпір неге тұлға болады? Елдің құрығаны ғой деп ойлады. Ол ой ұзаққа бармады, дереу өз халі, өз басы есіне келді. Солбырайып, тысқа шықты да, қостың қасына барды. Шапаны нығында, қостың етегіне жантайып, күнге маңдайын беріп жатты. Қошқыл маңдайынан ашы тер тағы да шып-шып шығып, жер шұқып, терең ойға кетті...19 бен 31... Мен биыл 18-ге шығып тұрмын. Мені алмайтын шығар. Жоқ, әлде алып қоя ма? Менің шын жасымды қайдан біледі?

Тілмәштің кінегесінде нешеде екенмін? Жасты өзгертуге болмас па? Болмас, онда жұрттын бәрі не жас, не хәрі болып шығады ғой. Жасты кісінің өзінен сұрар ма екен? Жок, кінегедегі жазумен ала берер ме екен? Өзінен сұраса, әркім-ақ жасырады ғой. Кінегедегі жаспен алар. Сөйтеді ғой. Болыс пен тілмәштар бірдеме қып түзетпесе, өзге кісінің қолынан келмейді ғой...

Менің жасым кінегеде әлде нешеде жүр...18...19... таяу тұр-ау өзі. Катеден бір жасты қосып жіберсе, кеткеніміз ғой... ойбай-ау! Әлі өз басымды айтып отырмын... Деген баратын біздің Тұңғышбай екен ғой, ол 25-те. Ол сөзсіз ілінеді... ойпырым-ау, ол кетсе, не болдык?... Әкей болса марқұм болып кетті. Ендігі бас көтеретін, сүйеніш-сүйкенетін жалғыз сол... ол кетсе, үй иесіз қалғаны-ау! Әжем болса қартайды, інім болса жас. Тұңғышбайдың келіншегі шаруаға қырбай адам, оның үстіне 3 жас баласы бар... Ол кетсе, осынша жанның міндеті менде болады-ау!.. Оларды қалай асырап сақтармын... мал болса шағын. Үш бұзаулы сиыр, кер құнажын, екі тайыншадан басқа, шауқар мен көк байталдан басқа мал бар ма? Он шақты саулықтың үшеуінің қозысы өліпті, ақ қарабас саулықты қасқыр жеп кетіпті. Қызыл тұсақты қойшылар жоғалтып жіберіпті. Бұ мал қаншаға жетеді, келесі соғым, алым-шығын, киім-кешек, борыш-қарыштан несі қалады? Ол кетсе, мен шаруаны ұқсата алармын ба? Онда мен өз бетіммен шөп шауып, пішен таси алмаймын, қала шыға алмаймын. Бораңда малға бара алмаймын. Кісідегі аласы-бересіні басқара алмаймын. Ондай мен қораның жыртық-тесігін бүтіндеуді, етік жамауды, пеш қалауды білмеймін. Әжемнің тілін алмағанда келіншегіне ұрсып, кәйде ұрып, көндіретін ол еді. Мен жеңгеме қатты сөзді қалай айтармын? Ол кетсе біздің үйіміз болмайды... қой, ол кетпесін. Құдай болысар. Япыр-ай, ол кетсе жаман болады ғой... Жүністен жаңа хат танып, үшкөлге барам деп жүргенде, мұндай күйге ұшырадым-ау! Алдыңғы жылы жаңа ойланып жүргенде, әкем ондай болып еді. Енді мұндай дүкіпiрт қилікті. Шынымен сорға бола жаралған жан екенмін... Тұңғышбай кетсе, енді мен оқи алармын ба? Әлде құдайға тапсырып кетіп қалам ба? Қой... құдайға шет болармын... Әжемді қалай киіп тастармын. Тұңғышбайдың жас балалары жетімсіреп қалады ғой, қой, оқымай-ақ қойың... Шынымен оқи алмай қалғаным ба? деп, үй ішін ойлағанда, терең үңгірдің кемеріне келіп қалғандай, өзінен-өзі қорқып, енді қайтып оқуды ойламауға тырысты.

Ол кетеді... Соғысқа барған кісінің тірі келуі екі талай-ау... аман болса қашан келер? Егер, зәуде жазым болып, өліп кетсе... Жок бірге туған бауыры, қуаты... ағасы өлмеу керек... Құдай-ай! Сақтай гөр! Жаман сұмдықты ойламайыншы...

Қаранғы ойлар Қартқожанын басын кернеді. Әсіресе «Ағасы өліп кетсе» деген ой қорқынышты көрінеді. Ағасын өлімге қиғы-

сы келмеді. Жаман ойлардан серпілгелі басын көтеріп алып, жан-жаққа қарады.

Әркім де аттарын ұстасып, ертесіп жатыр. Өне біреулер атына мініп, үлкен ауыл жаққа жөнелді. Әнеки, Мергенбай ауылнай да кетіп барады. Қартқожа отыра алмады. Түрегелді де Көрпекенге барды.

— Ақсақал, мен ауыл жаққа барып келейін деп едім.

— Барсан бар.

— Мұқаш, мен не мініп барайын?

— Тор байталды ұстап мін. Қинамай бар. Барған соң демін алдырып, жылқыға жібер.— деді Көрпекенбай. Қартқожа «жарайды» деп шығып кетті.

## АЛҒАШҚЫ АРЫН

Болыс аулы кара құрым топ-топ ат, қаптаған кісі. Шет жағындағы жирен шалақтың мойнына байталын байлап, кісілерге Қартқожа да келді.

— Немене? Кінегені көрсетті ме?— деп сұрады өзі тәрізді бір жігіттен.

— Жоқ әлі.

— Көрсете ме екен?

— Білмейміз, тілмәш әлі шыққан жоқ.

Ұйлығып отырған бір топқа келді Қартқожа. Жар қабақтау келген жауырынды кара сүр жігіт, көзі қасқырдың көзіндей қыпқызыл, омырауын ашып, келдектей сарыбас камшысын білеп:

— Егер бермеді бар ғой, камшының астына алыңдар! Көк ала торғайдай қып тартып алыңдар!— деді.

— Енесін... өлім біреу-ақ!..— деп, тағы бір жігіт жұдырығымен жерді түйіп қалды.

— Не де болса көрерміз...

— Құдай ақ дағы!

— Боғымды бермес...— деп құшырланды бірсыпырасы. Қартқожаның жүрегі тұрайын деді. Әйтсе де мына сөйлеп отырған, кіжінген, қолына түкірген ер жігіттердің екпінді сөздері көңіліне бір түрлі демеу берді. Мынадай азаматтар тұрғанда ешбір жау ала алмайтындай көрді.

— Кәне, осыған байладыңдар ғой?— деді өлгі кара сүр жігіт.

— Байладық, байладық!— деп шу ете түсті көп; сөйткенше болмады болыстың үйінен теңселе басып, шалқактап он шақты кісі шықты, топқа қарай жүрді. Ортасында ұзын бойлы, шоқша сақалды Нұрмағамбет би, қарны кебежедей, талтандаған Қабыл бай, мешкей Жолтай сықылды кісілер бар көрінеді. Өзгелерін танымады Қартқожа. Шеткері отырған жамау, жаман тұмақтылар

сәлем берісті. Қартқожа отырған топ манағы қара сүр жігітке қарасып, оның қалпы суық болған соң, өзгелері де сәлем бермеді, серпілмеді. Топқа таянған соң Нұрмағамбет би:

— Азаматтар, жалпы амансыңдар ма?— деді. Кейбірінің ерні қыбырлады, кейбірі иек көтерді.

— Мынау үлкендердің айтатын азырақ сөзі бар. Кішкене реттеліп, дөңгеленіп отырсаңдар...

— Айтсын, отырайық... тыңдайық...— деп шет жағы серпілген болды. Орта кезі үйме-жүйме отыра берді. Құбыла жағына келіп тізіліп ақсақалдар да отырысты. Топ тым-тырыс болды. Жайла-нып отырған соң, Нұрмағамбет би иегін көтерді. Ол көтерген соң, айтқалы отырғанын сезіп, топ та иегін көтерді.

— Уа, бозбалалар! Түстерің бұзылып, жүректерің алқынған көрінесіңдер. Шырақтарың, алқынбандар, аптықпаңдар. Жүректеріңді басыңдар! «Ашу көпір, ақыл дос» деген. Аптыққан адам ақыл таба алмайтын...— деп бір қойды. Тырс еткен жан жоқ.

— Он сегіз мың әлемді билеуші бір құдай. Дүниеде құдай күшті. Құдайдан соң патшаның өмірі күшті. Оның құрығынан құтылатын пенде болмайды. Біз түгілі, бізден бұрынғы хандар да, билер де, батырлар да құтыла алмаған. «Арыстан айға шабамын деп, аяғын сындырыпты». қолдан келмес жұмысқа ұмтылам деп, біз де сондай мерт болып жөрмелік. Бұл бір көпке келген селебе. Азамат басына түскен ауыртпалық. Бәрің де тістің суыңдай, көздің қарашығыңдай, жаңа пісіп келе жатқан көк өрім азаматсыңдар, баламызсыңдар, інімізсіңдер. Сендер кетсең қабырғамыз қайысады, бүйіріміз сөгіледі... оны көрмей-білмей отырған жұрт бар ма?.. Саулық қойдың жасындай жасымыз бар, мынау отырған бурыл сақалдар неге тұлға боламыз? Қайтіп ел-жұрт боламыз?..— деп келе жатқанда, манағы сары ала қамшылы қара сүр жігіт ұшып түрегелді:

— Майда тілдің бізге бір тиынға керегі жоқ! Кінеге қайда? Спесік қайда? Қолымызға берсін!— деді.

— Кінегені берсін!— деп топ ду етіп түрегелді. Жамыраған қойдай гуілдеді жұрт. Ақсақалдар да түрегелді. Оларды кимелеп.. қамшысын білеп, омыраулы жігіттер ақырысты.

— Байлардың баласы неге жасын бұзады?

— Кінегені неге көрсетпейді?

— Біз де бұзамыз, өзіміз жаздырамыз.

— Болыс қайда? Алдымен соның басын мүжу керек.

— Кінегені қолымызға берсін!.. Көреміз! Ортейміз!..— деген дауыстар түс-тұсынан күжілдеді. Анда-санда ақсақалдардың да даусы шығады.

— Жарықтықтарың-ау! Кінегені күзеткен кісі жоқ.

— Болыстың басы екеу дейсіңдер ме?

— Не қыл дейсіңдер?



– Болмайтын жұмысты айтпаңдар! Ақылға түсіндер! – Жігіттер тоқтамайды.

– Қан көрейін демесе, кінегені қолымызға берсін! Қырғын қыламыз!..

– Атасының аузын... – деп дәуірлейді.

– Нұрмағамбеттің баласы бара ма екен?

– Қабылдың інісі нешеде екен?

– Болыстың баласы неге бармайды? – деп шулайды жігіттер. Ақсақалдардың аузына күм кұйылды.

– Сабыр етіндер! Болысқа атайық! Айтқандарыңды істейік, – деп, топты тоқтатып болыс үйіне кетті. Жігіттер желдей гүлейді. судай толқиды, ду-ду етеді. Кідірмеді. Тілмәш шықты. Жігіттер түрі бұзық, тілмәшті түтіп жеп қойғандай. Анадайдан-ақ қолын көтеріп:

– Қазір беремін... азырақ шыдаңыздар, кішкене жол беріңіздер... – деп сүп-сүр болып, дірілдеп, үй артындағы кеңсесіне кірді. Онымен бірге үйді құлатып жібергендей сықырлатып топ та үйге кірді. Үлкен жәшікті ашып, бір үлкен кітапты астыңғы жағынан алып берді тілмәш.

– Ал жүріндер! – деуі-ақ мұң екен, жігіттер отыр-топыр болып, кінегенің соңынан көкбөрі тартатындай кикүласып жөнелді. Жан дәрмен күйі торы байталын әрең тауып алып, жанамалай шауып, Қартқожа да кетіп барады. Бәрінің тағдыры сол кітаптың ішінде тұрғандай: «кінеге қайда?», «кінеге кімде?», «Дәрменде-Дәрмен» десіп, үздік-создық шаңды бұрқыратып барады.

## АҢҒАЛ ЖҮБАНЫШ

Беті ашыққа шыққан соң, шабан-шалағайлар, бір-бірлеп тырағайлап қала бастады. Аты өкімдер алдын созып, күнбатыс жақтағы сары адырға қарай бастады. Орта кезекте тепекті қағып, Қартқожа да келеді. Алдыңғылар адырдың басына үйме-жүйме болып тоқтап, аттан түсті. Қартқожа келсе, алқа қотан салып отыр. Кінеге Дәрменнің қолында, кісінің артын күтісіп отырған тәрізді. Бір уақытта «орысша білетіндерің бар ма?» деп айғайлады. Жұрт жан-жағына қаранды. Ешкім шыққан жоқ.

– Енді қайттік?

– Мен азырақ танушы едім, – деді Қартқожа.

– Е, ойда! – деп Қартқожаны дедектетіп ортаға алып барды. Кінегені қолына ұстатты. Тап «Құрандай» үлкен кітап. Қартқожа судыратып кете алмады: «Посемейный список» деген жазуды әрең тасымалдап шығарды.

– Сыртын қойып, ішін оқы! Менің атым бар ма екен? Мені қарашы! – деп жабырласты. Қартқожа ішін ашты. Киіліккен жерден оқыды.

- Жылқайдар Малбағароп...
- Жылқайдар бар ма? Жылқайдар... – деп дауыстады қасындағы жігіттер. Жок. Қартқожа: «Жена...Күн...Жамал...»
- Күнжамал бар ма?
- Қатынның аты емес пе? – Қартқожа: «Мағ...Жания...»
- Төйірісі, қатынды қойып, еркекті оқысай. – Жігіттер анталап, алқымнан алды. Қартқожа тез оқи алмады. Басып барады. Ыстық тер ақты. Кейбірінің аты келсе де, жасы келмейді, не әкесі ботен болып шығады. Сонымен талай заман өтті. Жұрт жарымалды: күнкіл шыға бастады.
- Мынауың түк білмейді ғой.
- Көтін қысып тыныш отырмай, оқимын деп несіне борбайын сөзді?
- Бәсе, Жұманның баласы қайдан жетіліп қалды десем.
- Осы не білуші еді... – десті жұрт. Дәрмен кітапты қолына алып, көтерді де:
- Жігіттер тілмәшіміз жарыта алмады. Бү кітапты қайтеміз енді? – деді. Біреулері: «Білетін біреуге оқытамық» деді. Енді біреуі: «Тым болмаса, жасымызды түзетіп алсақ екен» деді. Енді бірі: «Түбімізге жететін осы кітап, онан да көзін жоғалтайық!» деді. Дәрмен соңғы жобаны дұрыс көрді.
- Бұны отқа өртегеннен басқа қызығы жоқ. Кітап жоғалса, көзіміз ашылады. Жасымызды біле алмай, сандалып жүрсін. Бұған не дейсіндер? – деді. Көпшілік «күн» деді.
- Дұрыс-ақ! Табылған ақыл! Ой тілеуің берсін! Ішкен-жегенің ас болсын! – десті.
- Ал, еңшеше, тезек теріп жіберіндер! Қолымыздан өртеп тарайық!
- Дереу жігіттер алқа-қотан отырысты. Ортаға әкеліп, бес етек тезекті үйді. Отты маздатып жақты. Жігіттер масайраған, насыбайларын ағысып, бірін-бірі қағытып, кенеліп отыр. Жалын шалқыған кезде, кітапты жоғары көтеріп Дәрмен түрегелді.
- Мына кітапты отқа саламын, бізге қастық ойлаған Мекалай патша осы кітаптай өртенсін! – деді.
- Өртенсін көпір, жойылсын көзі! Түп-түңиянымен жойылсын! Кетсін бөлекет! Алды-арғы осы болсын! Жатқанынан тұрмасын. Тіпә-тіпә! – деп, азан-қазан болып, түкірісті. Қағаздары сылдыр етіп, қалың кітап от ішіне жоқ болды. От лаулады. Жұрт дулады. – Кет, бөлекет, кет! Бізді сен көрдім деме? Сені біз көрдік демелік. Шу қара күйрық! Кеткеніңнен келме! – деп тағы шуласты көп. Кінегені «құтты жеріне қоңдырды», қоңіл тыңды.
- Ал тартыңдар ауылға!
- У да-шу, опыр-топыр. Шаңды аспанға шығарып, жігіттер үйді-үйіне тарқады.

## УАЙЫМ КҮШЕЙДІ

Көрпөбай отағасы баласы соғысқа баратын болған соң қайғы басып, бала оқытуды доғарған. Сонымен Қартқожа үйіне қайтқан. Үйге қайтпасақ болмайды. Қартқожаның жасы кінегеде 19-да деген сөз шықты. Ауылнай да солай деді. Болыс ауылына барып келген Шідербай да «рас» делі. Шідербай өтірік айта ма? Оған нанбасқа бола ма? Содан бері Қартқожаның да, әжесінің де ішкені ас болмады.

Соңғы күндерде неше түрлі алып кашқан өсек жайылды. «Солдат алуды шығарған патша емес, бергі жердегі ұлықтар екен. Тегі елді бөріктіріп мал табу үшін істеп жүрсе керек. Болыстардың да ымы-жымы бірігіпті-міс. Жок, жарлықты шығаруын шығарса да, «Қалипа» жұртынан қорқып, жарлығын қақтып алыпты-мыс. Ол бекер. Қазақты алатын мәні бар екен. Немістер орысты қырып шыдатпапты, сонсоң шепке тартып, алдына ұстауға казак сықылды аяусыз жұртты алатын болыпты-мыс. Әнеугі болыстың берген кінегесі керегі жоқ, ескі кітап екен. Жаңа кітап өз қолында қалыпты, сонымен жігіттерді қағаздап жатыр дейді-мыс. Сондағы барған жігіттерді болыс пыртокол қылған екен. Сол жігіттерді ұстағалы өтірет келеді-міс. Ел адамдары өз балаларының орнына кедейлерді жазып қойыпты-мыс. Болысқа, тілмәшқа пәлендей мал, дүние беріп, бөленше-түгеншелер жастарын кеміттіріп алыпты-мыс. Алты айға шейін алмауға патшадан телқрам келіпті-міс. Болыс баратын жігіттердің спесегін ауылнайларға беріпті. Жуырда жиналды-мыс. Айдабол жігіттері спесекті тартып алыпты. Болысын өлтіргелі барғанда, қашып кетіпті-міс. Ақсақ, соқырды, жарықты, тазды, көксауды алмайды екен. Соны біліп алып, «атқа мінгендер» өз жақындарының орнына соларды көрсеткелі жатыр дейді-міс». Кімдікі өтірік, кімдікі шын екенін біле алмай, Қартқожа басы қатты. Жалғыз Қартқожа емес, күллі ел дел-сал болды. Бәрі де аһылау-үнілеулі, езу тартқан жан көрмейсің. Жалғыз-жарым жастар, қыз-келіншектер байқамай бірдемеге күліп жіберсе, үлкендер «Атанның басына жетісіп күлесің бе?» деп, зекіп тастайды. Дегенмен өз баласы, өз үйінен кісі бармайтын үйлер әлдеқандай көтеріңкі, көршілерін есіркеген болса да, ішін ара өз үйлерінде шүкіршілік етіп, тамағын мезгілімен ішеді. Баласы кететін үйлер оларды көре алмайды, зығыры қайнады, олардың сөзін жарадай көреді.

Қартқожа көп ойлады, көп уайымдады. Ағайынды екеуі бірден кетсе, қатын-қалаш, бала-шаға түтін түтетіп отыра алмайды ғой. Тым болмаса, біреуі қалса да бір сәрі еді. Қайтіп амалын тауып, біреуі қалар? Міне, оның ойлағаны осы еді. Тұңғышбай көп сөйлемейді. Сүле болып, ауырған адамша жүні жығылып кетті.

<sup>1</sup> Қалипа — Мысыр жұрты.

Таңертең кетіп, кешке келеді. Қайда барғанын, не бітіріп жүргенін де айтпайды.

Бір күні әжесі күрсініп, жылай берген соң, Қартқожа шыдай алмады, ойлап жүргенін айтты.

— Әже, жылай бергеніңді қойшы! Бір реті болар. Ексуіміз бірден кететін болсақ, аз малдың жарымын берсек те ағатайымның орнына кісі жалдармыз. Мен қалып, ағатайым ілінетін болса, оның орнына құдайға тапсырып, өзім кетермін,— делі.

— Қайсың кеткенде кенеледі дейсің? Кеудеден шықпаған жан отыра берелі де.

Қартқожа шешесін уатады.

— Көппен көрген ұлы той, қайтер дейсің? Жалғыз біз емес, бір үйдегі жалғыз Құсайын да барғалы отыр ғой. Жүртпен қатар жан сақтармыз...

— Туғалы түз көрмеген сорлы... Кім біледі... ауырып-сырқағандай күн бола ма?

— Әже-ау! Кісі үйден шықпағанға қорқа береді ғой деймін. Мендей қазақтың баласы жердің түбіне барып, оқу оқып келіп жүр. Мендей жігіттер жылда қалаға, борақолда барып, пайда тауып келіп жүр ғой, дәнемесі кеткен жоқ... Қайта, ысылып, жетіліп келеді.

— Жокшылық не қылғызбайды дейсің, қарағым! Әйтпесе елді сағынбайды дейсің бе? Сорлылардың әжесі неғып шыдап отырады десейші.

Бұл сөзді айтысуға себеп болған: «Жігіттерді 15 күннен қалдырмай жүргізеді» деген лақап еді. Анығын білуге Тұңғышбай болыс ауылына кетіп еді.

Кешікті. Кісі-місі көрінер ме екен деп, Қартқожа төбеге шықты. Көрінбейді. Құдық басында жылқы су ішіп жатыр. Желтен қара мал тырағайлап жайылып жатыр. Оты қанған бөдес тайлар бірін-бірі қуалап, шапқыласып, секірісіп, тістелесіп жүр. Кенже торы құлыны күйрығын тігіп алып, енесін айнала зырқырап шабады. Енесі қасында, тамағы тоқ, ойнамай қайтсін! Ойында түк жоқ! Менен де торы құлын ырысты-ау! Қарашы, бұлталаңдап, асыр салып жүргенін... Қандай жақсы! Бір күнде осыларды көруге де зар болармыз-ау! деп ойлап тұр Қартқожа. Жылқы өріске жөнелді. Ауылдың ар жағындағы сиыр ауылға қарай беттеді. Қартқожа өзекте жатқан бұзауларын айдал үйге келді.

Қас қарайды. Қой қотанға келді. Арбаны төніректеп, сүйкеніп сиырлар тұр. Үй басы есік алдына от жағып, кешкі сиырдың сүтін пісіріп жатыр. Қартқожа үйге сүйеніп, ашамайды шынтақтап, ауылға қарап отыр. Оған ауыл бір түрлі жылы, бір түрлі қызықты, еттен ет бауыр болып көрінді. Қоңырсыған сүт, қаңсыған қазан, қайнатқан қаймақ иісі де тәтті. Күлімсі шұаш иісі шыққан қойлар да бірге туғандаң, түтіннің иісі күндетіден жа-

ғымды тәрізді, ала бұзауын қуалап, құйрығынан алам деп, домалап жатқан Кенжетайы да бір түрлі жарастықты. Кіші отаудың жынды қашары сатырлатып, үйге соқтыға жөнелгені де ұнап тұр, қотан шетіндегі екі бойдақтың шегініп, шегініп дүрс-дүрс сүзискені де қызық! Шіркіндердің басы қалай мықты! Соғысқа жіберер ме еді? «Мықты басыңды сонда көрер ек» деп жымыңдайды ішінен. Осындай қаңғыбас қиялмен Қартқожа да жалғыз өзі көп отырды. Үйге кіруді ұмытып кетті. Егер Кенжетай келіп: «Жүр, ағатай, сүт іш!» деп шақырмаса, Қартқожа әлде қай уақытта орнынан тұрарын — құдай білсін.

## КӨТЕРІЛІС

Ай қараңғы. Бұлт. Желтен қолды күпінің ішіне алып, бұйығып күзетшілер төтті ұйықтайтын жақсы түн. Қартқожа да ескі күпісін айқара жамылып, басын тұйықтап қорылдап жатыр еді, тап құлақ астынан:

— Қартқожа бар ма? Шық бері!— деген түнгі айғай, сойылмен салып жібергендей, сарт ете түсті. Қартқожа қалай тұрғанын да білмеді:

— Уа, мен мұнда!— деп атып-ақ шықты.

— Дереву киін! Міне, жылқы келіп қалды! Қолыңа түскен атты мін де жүр! Сойыл тауып ал!

— Немене, жаным? Қайда барамыз?

— Соң білерсің!— деді де, екінші бір үйге тұра жөнелді. Қартқожа аң-таң. Есі шығып кетті. Не екенін білген жоқ. Бірақ жігіт таныс — Имақан. Ол өтірік шошытпайды. Жан ұшырып киіне бастады.

— Жасаған-ай! Тағы не боп қалды?!— деп әжесі тұра бастады.

— Тетелес, о кім?— деді женгесі.

— Имақан, жөнін айтқан жоқ. Бір кеп болған ғой,— деп күшеніп мәсісін киіп жатыр. Лезде ауыл айғай-үйғай болды. Дүсірлеп, шұркырасып жылқы да келіп қалды. «Жүгір! Мін! Жүген, жүген!» деген дауыс естілді. Асығып-үсігіп, жүгенін ала Қартқожа да жүгірді. Ауыл арты — жылқы, іші — кісі. Сатыр-сұтыр. Ат қуған басып кете жаздады. Қылаң мінген бір жігіт өлер-тірілеріне қарамай бастырып жүр, жылқы күтқармайды. Көрінгенге «жүген, жүген!» деп айғайлайды. Үш-төрт жігіт: «Ай-ой» деп дауыстап, жылқыны тас қылып шашау шығармай иірмелеп жүр. Қылаңды жігіт бір баран малды құрықтап: «Әкел жүген!» дегенде, Қартқожа тұра ұмтылды. Азырақ бас асаулығы бар екен, өрен дегенде жүгендеп алып, шаужайдан ұстап, жетектей жөнелді. Үйірсек жануар жылқыға қарап кісінен шұлқынып болмады. Шаужайға қаға-қаға арпалысып алып келеді.

— Әже! Ер-тоқымды әкел!  
— Әкелейін. Сақтай ғор! Немене екен, жасаған! Білдің бе?  
— Білгем жоқ... Бері әкел! Басын ұстамасаң тұрмайтын мал көрінеді...

— Күр, шырағым! Тәк, жануар!— деп, әжесі басын ұстады. Жаман желкомды Қартқожа отыртты. Добалдай бір жануар. Жуық маңда айылы жетсінші. Мықшындап, тарта-тарта артқы айылды ортан белден үзді.

— Ой, бәрекелді-ай! Енді қайттік? Айыл жоқ па елі, әже?

— Қайдан босын, ағатайың атқа мініп кетті. Бір айылмен жығылып қаласың ғой... Керегенің таңғышын бермесем.

— Әкел, таңғыш та болса, қараңғыда домалап қалармыз.

Ала құрдың бір шетін күрмеп, ілмек қылып, шандырлап тұрып тартты. Жауырының күжірейтін, белді мықтап тұрып тұрды: Шідербай үйінің арбасының астынан қойшының сойылшасын тауып әкеліп, қирататын кісіше атына мініп одыраңдатып жөнелді.

— Ақырын, жаным, жығып кетпесін.— деп әжесі қала берді. Ойткені әпербақан мал екен, жерошақтан қарғыш кеткенде, Қартқожа қонақ етіп, түсіп қала жаздап еді.

Қартқожа ауылдың сыртына барғанда: «Ал, тартындар!» деген айғай шықты. Иіріліп тұрған 5—6 жігіт алдын соза жөнелді. Олардан кейін шұбырып, тағы үшеу-төртеу кетті. Қоқыраңдатып, төтесінен Қартқожа да қосылды.

Бәрі қарулы, көбінің қолында сойыл, не шокпар, кейбірінде бақан-ау деймін, келдек, біреулері тымағының екі құлағын ішіне жымырып, бауын байлап алыпты; біреулер басын орамалмен тартып қойыпты, кейбір жігіт күресетін кісіше жеңін беліне байлап, оң қолын сыбанып алыпты, бөрінің де пішіні күнтіиыңқы, тақымдары қысыңқы, жаңа жөнелген жауды түсіретін кісіше бөрі де қутың-қутың етеді. «Тымағымның құлағын мен де жымырсам, қайтер екен» деп, жаңа ойлана бергенде, басы бой бермей Қартқожаны аты ала жөнелді. Тақымына қыстырған «бір салар» шокпары, тақыммен ойнаған есік пен төрдей боз аты, басында жас баланың үкі таққан жекей тымағы бар, мойны сорайған бір жігіт Қартқожаның қасынан сыдыртып өте шықты. Соның дүбірімен Қартқожаның аты делебесі қозып кеткен екен. «Дәуде болса, балуан Оразалы ғой» деп ойлады ішінен. Астындағысы тойып тұрған ат екен. Жарты шақырым шыққанша жөңдігіп көсіле алмай, күйрегің көтеріп, шырқылдата берді. Әккі неме ішін тазалап алып, жерге жақындаған іспетті ұзарып, жайтаңдап сала берді. Желісі етекте желп еткізбейді, желдей еседі. Туғалы мұндай ат мініп көрмеген Қартқожа «Мұндай да ат болады екен-ау!» деп сүйсініп келеді. Желген сайын, жаны кіреді. Түнгі жортуыл, аттың екпіні, қасындағы өлекедей жаланған қарулы көп жолдас Қартқожаны желіктірді, қыздырды. Қайда бара жатқаны да есінен шығып кетті.

Үзеңгі қағысқан бір жігітпен желіс салыстырғысы келді. Жаман өкшені қадап, шаужайға қағып жіберді. Анау да Қартқожаның дәмесін сезе қойды, білем, тізгінін қымтап, о да қамшыны бір басты. Оныкі текіректен шауып кетті. «Біздің ат қалай екен!» деген неместе, оза бергенде, тымағының артқы құлағы селпен етіп, Қартқожа артына бір қарап қалды. Сыртылдатқан бойымен, — иттерін бүйі тигендей шулатып, бір ауылдың сыртынан өте шықты. Бір-екеуі ауылға шауып кетті. Бұл ауылдың жігіттері жөнелгенін білгелі кетті ме, қаңсып бара жатқан соң насыбай іздеп кетті ме, әйтпесе ауыл көрсе шыдай алмайтын біреулер болып, қара тартып кетті ме, неге кеткенін Қартқожа сұраған жоқ. Топты жігіттің бір шетінде айдай берді. Осы сартылмен биенің бірер сауымындай мезгіл өткен шығар, қарсы алдынан бір топ жігіт кездесе кетті:

- Уа, немене?
- Қайтыңдар, қайтыңдар!
- Немене?
- Кетіп қалыпты.
- Қашан? Қай мезгілде?
- Қас қарая жөнелсе керек.
- Күзетшілерің қайда?
- Күзетшісі бар болсын!
- Ақым үйінің етін андып отырғанда, шу қойып кетіп қапты.
- Ой, қара бассын!
- Ой, атауыңды же!
- Ой, әкеннің аузын...
- Ет қой біздің түбімізге жететін,— деп шуласты бәрі де.
- Қуғыншы бар ма?
- Бес-алты жігіт Дәрмендер қуып кетті. Жете алад деймісің, кеш кетті, түге.

— Қап! Ой өттеген-ай!— деп санды бір соқты.

— Енді қайттік?

— Ауылда таң атқанша отыра тұрайық — не ғып келер екен.

Жігіттер дабырласып, ауылға жүрді. Қартқожа біреуінен жансыздап сұрап білді. Кеткен болыс пен тілмәш екен. Олар қалаға спесік тапсыруға кетіпті. Спесікті тартып аламыз деп жігіттер ел жинап, жылқыға шауып жүргенде, болыстар жүріп кете берген.

## ЖАСАК

Сарша бесінде екі салт атты сар желіп Алабастың қойнауына кірді. Бірінің астында семізден қатқан қара аты бар, бірінікі торы байтал. Жүрістері сумаң, пішендері қуғаң, байталдысы өзіміздің Қартқожа, анасы — Имақан.

— Биіктің басындағы сонау көрінген кісі ме? Тас па?— деді Қартқожа.

— Біздің қарауылшы ғой,— деді Имақан.

— О кімді қарауылдап тұр?

— «Бөрі жоқ деме, бөрік астында» деген емес пе?

— Жау тал түсте келе ме?

— «Сақтықта қорлық жоқ» дегті ғой бұрынғылар.

— Осымен жүріп, жан қалса жарайды ғой өйтеуір,— деді аздан соң Қартқожа.

— Қалмағанда, әзер болса, алар өйтеуір алатын болса, бір күнде болса, дәурен сүріп қалу-дағы жүргісі. Көп не болса, соны көрерміз.

Соны айтысып келе жатқанда, шөлейт жақ кезеңнен солан етіп, төрт атты кісі шыға келді. Біреуі оқ бойы алдында, тымағын ажырайта киіпті. Артқы үшеуінің алдында — салақтап өңгерген үш семіз қой. Алдындағысы жаудан түсіргендей, одырайып, терісіне сыймай келе жатқан тәрізді. Бұларды көрген соң насаттанып, шіреніп, қамшыны бір басып қалды.

— Бұлар кім?— деп сұрады Қартқожа.

— Бү біздің жеменгерлер ғой! Өкірткен екен сорлыдарың! деп Имақан да сүйсініп, арты бір қозғалып қойды. Лез болмай-ақ, жігіттер шұрқыраса кетті.

— Кім-кімнен соғып жібердіңдер?

— Кімнен екенін сұрайсың? Бардан алат та кісі!

— Әлде жазған Жүндібай ма?

— Ана боз бойдақ сонікі.

— Тағы шарылдаған екен ғой.

— Ол ит жылатпай мал бермеуші ме еді? Қолынан берді ме?

— Қолынан беру қайда? Шөкен барды да, құрықты тастап жіберді.

— Бажылдап төбет те ұмтылды келіп. «Соғымға арнағаным еді»... полен-түген еді деп қыртады. Жігіттерге «Тарта бер!» дедім. Не керек, итте талай шомбалдар бар екен... аман болса, талайың жәукемдерміз әлі...

— Төбеттің қойы бес жүзден артық-ау деймін. Ауылдың маңы ақ киіздей көрінеді ғой,— деді қой өңгергеннің біреуі.

— Жабағылы қойының өзі бестен асады десетін,— деді Имақан.

— Бәсе, бықыл жатқан бірдеңе!

— Мал осындай итке бітеді. Не ішпейді, не жемейді. Бала жоқ,



туысқанға қарайласу тағы жоқ. Нағыз алатын мал осылардікі ғой, — деді алғашқы жігіт.

— Жортуылға кісі аттандырғандағы Байжан батырдың батасы неменс еді?— деп сұрады Имақан.

— «А құдай! Қас пен көздің арасынан безе гөр!  
Қайдағы оңбайтын, тіл алмайтын,  
кер кеткен қас сорлының баласынан безе гөр!  
Текеметін тұйықтағашпаи безе гөр!  
Майға тойып, түшіркенің ұйықтағаннан безе гөр!  
Бейілі қашқаннан безе гөр!  
Мейманасы тасқаннан безе гөр!  
Малынан зекет бермеген,  
Отыз күн ораза тұтпаған,  
Бес уақыт намазың күтпеген,  
Көріп-қасар, жетім-жесірді!  
Көзіне ілмеген қайдағы надан,  
Шіріп жатқан ішпей-жемей  
Мал жиган, көрген күні кедейден,  
Жаман нас байлардан безе гөр!»

дейді екен жарықтық. Сол айтқаны нағыз осы иттер ғой!— деді манағы оқ бойы келе жатқан жігіт.

— Ой, сөзіне болайын!— десіп, Жүндібайды орнынан тұрғысыз қылды жігіттер. Бір уақытта Қартқожаға көзі түсіп кетіп:

— Е, мынаны қайда апарасың?— деді.

— Мұсылман қауымына енгізгелі әкелемін,— деді Имақан,

— Алғашқы шыққаның осы ма еді?

— Осы еді,— деді Қартқожа.

— Еңдеше, Көсікбайға бақыр байланды десейші!

— Не болса да бара көреді ғой,— деді Имақан. Қартқожа не екенін ұқпады. Аузын ашып, әрқайсысына жалтақтап бір қарай береді.

— Сен ит әлгі жылқышының кара бақырын байлап, баулығын жазым қылып жүрме.

— Оны не қылайын? Баулығы бекімеген бала ғой, өзіміздің бақыр да осыған дәуалнай болар деймін!— десіп, бозбалалар Қартқожаны канку қылып келеді.

Сол қалжыңмен келе жатып, Алабастың бір асуына шығып келгенін Қартқожа байқамай да қалды. Қарап жібергенде көзіне мыналар көрінді:

Қарсы алды, жан-жағы шыр айнала тау. Ортасы алақанның аясындай жазыңқай тығырық. Сыртқа шығатын бір ауыздан бұлар келіпті. Оң жақта тауды жүлгелеп аққан терең бұлақ. Бұлақ бойлаған тырбық қызыл шілік. Сол жағы шалғынды арна. Арна тол-

ған жайраған жұрт, жайылған ат. Өне жерде, міне жерде бұрқыраған түтін. Түтін басында еңкейіп от жаққап, қызартып ет көтерген, қонырсытып бас-сирақ үйткен кісілер көрінді. Өне бір жерде түтіннен аулақ шығып, бір топ кісі екі жар отырып, күрес салып жатыр. Көтермелеген айқай-үйқай дауыстары естіледі. Арғы шетте бір оттың басы үйме-жүйме кісі: тау жаңғырықтырған шақшүк темір даусы шығады. Кейбіреу дәрет алып отыр, кейбіреу бұлаққа ат суарып жүр, енді біреулер жалаңаштанып, битін қарап отыр. Сона біреу таудың бетінен қорымнан отын аркалап түсіп келеді. Міне біреулер бастары түйісіп, төмен карасып жатыр, ойнағаны әлде дойбы, әлде қарта. Аяқтарын бұлғаңдатып әрең басып, міне, бір-екеуі келеді. Омыраулары даладай, бірінің қолында домбыра, өзімен-өзі болып жүрген әншілер екені аңадайлап көрініп тұр.

Қарап тұрсаң, тамақ мұнда, сауық мұнда. Шаруамен, басқа дүниемен ісі жоқ серуенде жатқан серілер. Мынаны көргенде ауылды Қартқожа да ұмытты. Жана, жат дүниеге кіргендей, жаңы жай тауып, есі шығып кетті. Орталық кездегі бір түтінге келіп, Имақан екеуі түсе қалды. Аттарын талға байлап тастап, құрысып жатқан бір қара сабаны Имақан қамшысымен түртіп қарады. Сабаның қасында бір қара бұжыр жігіт айылын тігіп отыр екен, Имақан оған қарады да:

— Мынауыңда ештеңе бар ма?— деді.

— Қайдан болады? Кешке шейін бұрайды.

— Ай кәпір-ай! Бірер жұтым қоя салмансың-ау!

— Ауылдан келіп тұрып, қымыз іздегені несі?..

— Ауылда қымыз бар ма! Барын осында әкеліп отырып... Мынауыңды бұрап көрші!

— Дым жоқ. Шолдесең, бұлақтың суы жететін көрінеді.

— Қап, аузыңды! — деп Имақан теріс қарады.

## КҮРЕС

У да-шу дойбы ойнап жақтан бір топ жігіттің қасына Қартқожа тұра қалды.

— Қойдың ғой? Қапың жоқ қой?— деді қысық қоз, қу жақ қара жігіт.

— Қойғанда қайте қоясың?— деп қоңқақ мұрын секпіл бет жігіт, тасты бармағына қыстырып, қолы дірілдеп отыр екен.

— Қорықпасаң, қойшы!— деп өршеленді, қар сұр жігіт күлімдеп.

— Нығман, қойып-ақ жіберші!— деді қасындағы біреуге.

— Ал қырып кетсең де, қойдым,— деп Нығман тырс еткізіп ұзын үйге бір басты. Қара сұр жігіт мұртын бір ширатып, жымың етті де, дауысын созып:

– Қо-ош енді! Қойсаң, мен сенің әкенді танытайын!– деп дойбыға төніп, кокиланды.

– Оймай шіркін! Таныта ғой!..

– Алай барамын, былай барамын...– деп қара сүр жігіт қолын шошайтып, план құрды да: «Же мынаны!» деп, бір тасты сақ ете түсірді.

– Ойбай, ондырмады! Кетті күріш базарына!– деп шуласып қалды жігіттер. – Тұра тұр!.. Не дейді?– деп Нығман сасқалақтап, қойған тасын қайта ұстады.

– Қозғама, қайтыс жоқ.

– Жоқ, қайтпаймын... қайтпаймын...– деп Нығман тасты орнына қойды.

– Көшен, сайранды салсайшы!– деді бұ жақтан біреу.

– Салғанда, мен салайын!– деп Көшен күліп, көзі жұмылып кетті.

– Мынау не қылайын деп отыр, ә?– деп Нығман бөгелейін деп еді.

– Же, же! Қаңқиған ит! Атаңның басына ойланамысың?– деп гулдесіп алды. Еркіне қоймады, жегізді. Нығман тағы бір жүрді. Енді жүргенде Көшен екі беріп, үш алып, биге шықты. Жігіттер ду ете түсті. Нығманның басын уқалап жатыр.

– Ой, мұрның құрысын! Ой, аңғал ит!– десіп жатыр.

– Шақша қайда? Шақшаны әкел!– Шақша ұстаған жігіт қара шақшаны Көшенге берді. Насыбайдан айырылып, Нығман шоңқиды. Жігіттер олжа насыбайды таласып атысып, қарық болды.

– Ай-ай! Өзіме бір атым қалдыр,– деп өңкесіп Нығман жүр. Насыбай қалдырған ба? Қара шақшаның қара басын ұстап, Нығман қалды. Жігіттер насыбайға таласып жатқанда, Қартқожа күрес жаққа кетті. Ай-жай болып, дойбышылар да күреске келді. Қартқожа топқа келген кезде, күрестің қызған уағы еді.

Ұзын бойлы, аршын төсті ақсұр жігіт шекпенінің бір жеңін беліне қыстырып, жерден шөп жұлып алып, алақанын үйкелп жіберді де, ақпандағы бураша шабынып шыға келді. Кеспектей дембел қара жігіт талтаңдай басып қарсы барды. Есік пен төрдей келгенде аңға шабатын жолбарыстай, екеуі де арбасты. Оң қолдарын сыртқа ұстап, бірін-бірі аңдып, шыр айналды. Бір минут өтті ме, жоқ па, екі қол сарт та сұрт айқаса кетті. Ақсұр жігіт қолы желкеден тиген жерден-ақ теріс қарай иіре бастады. Әйткенмен қара да бола қоймады, жағадан тиген қолы тістей қатты. Сонша болмады, ақсұр жігіттің аяғы іліне кетті. Көз ашып жұмғанша ақ балтыры күнге шағылысып, жарқ етіп, бүрк еткізіп тастап жіберді. Жұрт шу ете түсті. Басы-көзі шаң болып, қара жігіт өрең тұрып, ырсыып тобына барды. Жыққан жақтан айғайлап, одыраңдап біреу шықты.

— Әй, жігіттер, осымен алтауың жығылды. Енді Нығманыңды әкел! Басқаңмен күреспейді.

Ана жақ дедектетіп, топ алдына Нығманың алып келді. Нығман жуырда шешінбеді.

— Кіммен күрес деп отырсындар?

— Шәкіманмен.

— Шәкіманға қолымды былғамаймын.

— Кесірленбе, кесірің алып кетеді.

— Мен күрессем, Дәрменнің өзімен күресем.

Ана жақ күліп:

— Мыналардың дәмесін көрдің бе?— деп Дәрменге қарады.

Дәрмен жымнып күлді де:

— Шәкіманды жықса, күресейін,— деді. Нығман шықты. Қартқожа манағы дойбыдан ұтылған жігіт екенін тани кетті. Шүйделі, балтыры бураның санындай жігіт екен. Мана нартай Нығман күреске шығарда қанын ішіне тартып, сүп-сүр болды. Бірақ асықпады, саспады, кердендей басып, майданға барды. Талайды жығып, көңілі тасқан Шәкіман дағдылы одыраңға салып көріп еді, реті келмеді. Салған жерден бір қолын Нығман ұстап алып, босатпай қойды. Нығманның тегеуріні қатан тиді білем, қимыл қыла алмай, бойын қашыра берді. Олай-былай сілкілесіп, қағысып байқасты. Нығман орнықты жатыр. Аз жүрген соң, Нығман бір қолын сарт еткізіп суырып алды да, ішкі белбеуден алып, жамбастатып, арқалап соғып жіберді. Манағы күнмен шағылысқан ақ балтыр бұ жолы сона жақтан барып сарт ете түсті. Нығман жақ: «Шығар Дәрменді!» деп шоқтығы шығып, көтеріліп қалды.

Шәкіман жығылған кезде-ақ, өзі қызығып отырған Дәрмен кербез киімін жұлып тастап, белбеуін шорт байлап өзі түрегелді.

Қартқожа Дәрменді бұрын да көрген. Батыр деп те айтатын. Болыс ауылындағы аңғай, кінегені өртегендегі сөздері Қартқожаның есінде. Сондықтан ішінен Дәрменнің тілеуін тілеп, Дәрменді өз балуаны санап отырды. Дәрмен күреске шыққанда, тақымын қыспаған, жүрегі селт етпеген, бойы шымырламаған жан болған жоқ шығар. Бөрінің көзі Дәрменде болды. Оны жығылсын деп тілеуші көп бола қойған жоқ шығар. Сөйткенмен Нығманның күресін көрген Қартқожа «көзі бажырайған көпір жығып кетер ме сен?» деген қауіптен де сау емес еді. Дәрмен өзгелердей шабынған да жоқ, қолына да түкірген жоқ, арбасқан да жоқ. Жайымен аяңдап келіп:

— Сен өзің әлуетті көрінесің ғой, әуелі сен ұсташы!— деп ыржындап, Нығманға кезек берді.

Мұнысы да Қартқожаға жат көрінді. Нығман омырауламады, әдеп сақтады.

— Өзің ұста, өзің ұста!— дей берді. Біріне-бірі:

— Қимылда, қимылда!— деп еңкейіп ұстап жүрді. Нығман

шалайын деп еді, тарта алмады. Ирейін деп еді, аркасына түсіре алмады. Содан кейін Нығман қимылдауды қойды.

— Енді болдың ба?— деді Дәрмен.

— Болдым,— деді Нығман.

Дәрмен жауырынынан ұстап, «әуіп» деп, өзіне таман тартып алды.

— Әкетті, әкетті!— десті көп.

Бір қолымен ішкі белбеуден алып көтерді. Көтерді де сілтеді. Теріс айналдырып жіберді, қыркалан шалып, долтай түсірді.

Жұрт ду етіп түрегелді. Дәрменнен кейін күрес бола ма? Жігіттер Дәрменнің күресін мадақтап, лек-легімен түтін жаққа тарай бастады.

## БАЙТАЛ ЖОК

Қара құрықта аттан айырылармын деп ел тараған соң Қартқожа байтал жағына барды.

Батыстағы Алабас көлеңкесін ұзартып, қырка бастары батар күннің қызыл-сары сәулесімен саңдақтана бастады. Жерошақтардың будақтаған түтіні ұласып, таудың өлкесін қаптады. Ашық әуеде асқан еттің, үйткен күйканың, қоңырсыған майдың иісі анқыды. Кешкі самал бойды сергітіп, жұрт қимылдауға жүгіруге, асыр салуға кірісті. Біреу алысқан, біреулер насыбайға таласқан. Енді біреулер қатарласып, солдат ойынын ойнасқан, тағы біреулер қарсыласып, найзагерлікке үйреніскен, бір қатары қалмақ ойыны десіп, бірін-бірі көтеріскен, бәрі де арсалаң, уайым-қайғы жоқ, көңілдері шат.

Қартқожа манағы қойған жеріне келсе, Имақанның аты тұр, байталы жоқ. Шеңілмесе керек еді. Қазық бау шалып және бір шорт баулап еді. Біреу мінсе, қасындағы бірдей атты мінбей, байталды не ғып мінетін болды? Қартқожа алақтап, сасайын деді. Сонда да жүрегі артық қорықпайды. Кісі мінген шығар деген ой жеңе берді. Жеңілтек малға өш болушы еді. Кедейдің малына кедей өш болушы еді. Дәуде болса, біреу мінген шығар дей берді. Қазак ит кісі атын мінуге даяр тұрады. Өз атын мінсе, қайтер еді? Суытып, отқа жіберейін деп тұрғанда, қинап тастайды-ау! деп, ішінен назаланып, ентелей басып, ат жаққа жонелді. Көп ат таудың саласында, кеңірек алқапта жатқан көрінеді. Бір-екі жерде таудың ығында, аттарынан түсіп, жылқышылар отыр. Жан-жағына алақтап, Қартқожа келеді. Жолда бір оттын басында бақырдан пісілі-шикілі көтен-ішекті алып, бір қара жігіт асап жатыр екен. Майлы ішекті көргенде Қартқожаның аузынан суы ақты. Сөйткенше болмады: «Жүндібаудың қойын сен бағып па едің?»— деп, бір жігіт көлденеңнен келіп, көтенді ала қашты. Алғашқы

жігіт аузы толулы, бажылдап, аузын буган бұзаудай мөңіреп, қуа күсіп қала берді. Соңғы жігітін сұғанактығына Қартқожа сүйсініп қалды. Одан өте беріп еді, бір-екі жігіт от басында сорпа ұрттап отыр. Одан аулағырақ біреуі ысылдап ыстық бұғананы сыдырып жатыр. Бес-алты жігіт, қоддарында найза темірлері бар: «Менікі мықты, сенікі сағақты, ананікі жетесіз...» деп, қаруларын әңгіме етісіп отыр.

Жігіттердің ішінде Дәулет ұста найза соғып жатыр еді. Одан әрі үйме-жүйме. Жігіттердің ішінен: «Осы күйрықты жалғыз жеуіме әпкел қолыңды!» деген дауыс шығалы. Қартқожа мешкейдің бәйгесі екенін білді. «Пышақ үстінен жеп таусасыңдар ғой» деген бір бақыршының байбаламы шығалы.

Қартқожа жасақтан өтіп, бұлаққа таянды. Талдың тасасында бір-екі жігіт сөйлесіп тұр екен. Қиылған кара мұртты кербезше жігітін: «Оқбастың ызасы өтті, бүгін іргесін көтерсек те кіру керек» деген сөзін қулағы шалып қалды. Қартқожанын есіне шағала көл, Шәмкеш түсті. Кемпірі есікті құлыптап, кілтін жамбасына жастап жатқан біреу ғой деп ойлады. «Дүниеде қызы, келіншегі бар үйдің қабаған иті мен қасқас кемпірі болғаннан кесел жоқ» деген Жүністің бір сөзін Қартқожа тағы есіне түсірді.

Одан да әрі жүрді, ат суарып тұрған бір жігіттен:

— Торы байтал мінген кісі көрдіңіз бе?— деп сұрады. — Күйрығын екі керткен домалақ тобылғы торы байтал болса, әне біреу жылқыға мініп барады,— деді әлгі адам.

— Е, тап сол!— деп Қартқожа қуанып қалды.

— Япыра-ай, байқап қалғаныңыз мұндай жақсы болар ма? Ауылға тартып кетті ме деп, сасып келе жатыр едім.

— Е, мал баксан, сен де байқарсын,— деді жігіт.

— Мынаның қай жерінен өтеді екен?— деп сұрады Қартқожа бұлақты нұсқап.

— Қайда барасың?

— Байталыма.

— Байталыңды қайда өкетеді дейсің. Өзі де келеді. Атын өкелуге барған біреу шығар.

— Ендеше, тосам ғой.

— Өзің қай ауылдікі едің?

— Шідербай ауылдікі боламыз.

— Мұнда қашан келіп ең?

— Бүгін келіп ем.

— Байталдан айырылатын жөнің бар екен ғой. Байталмен жүргенің қалай?

— Барын мінеді де.

— Әй, бала-ай! Осы күнде барын мінемін деп отыра ма екен кісі. Байдан мінсең болмай ма?

— Бай бере ме?

— Бермесе, мынау астымыздағы маңдайға біткен ат деп тұрмысың? Осы күнде байдың малына сұрау бар ма?

— Сұраусыз кісінің малын міну обал емес пе?

— Обалдан қорықсаң мұнда неге келдің? Жасақта не жұмысың бар еді?

— Әйтеуір жұрт келіп жатқан соң, жанымыздан қорықтық.

— Ендеше, обал дегенді айтпа. Байларға обал бар ма? Бәрі баласының жасын жасырып, өнкей кедейді беріп отыр.

— Оныңыз рас, мені де жасым ілінбесе де, бай баласының орнына жазып қойыпты.

— Енді атаңның басы бар ма? Байдың бір шонжарын мініп алмай. Жақсы ат жанның серігі емес пе? Кім біледі, заман бір қилы болып кетсе, жанды кісі атпен сақтайды. Балалықты қойып, ат тауып мін...— деп, әлгі жігіт бір талай өнеге айтты.

Бұрын жабыланып, обалдан қорқып жүрген Қартқожаға мына сөз қуат бергендей болып, көтеріліп қалды. Сөйтіп тұрғанда Қартқожаның байталы да келді. Ана жігіт кете барды.

— Астыңыздағы байтал менікі еді, ыстық болып қалды ма екен? Суарып отқа жіберейін деп тұр едім.

— Ыстық болып қайда барды дейсің? Әне жерде тұрған атымды әкеле жатырмын. Ал, сенікі болса,— деп жаман тымақ, шоқша сақал жігіт аттан түсті.

Өз байталын өзі олжа қылып, Қартқожа атын суарып, бұлақ басында қала берді.

## ТАМАҚ

Байталын отқа қойып, ер-тоқымын көтеріп қайта келсе, жұрт апа-сапа етке қолды қойып жатыр екен. Имақан артына бір қарағанда, Қартқожаны көріп:

— Қайда жүрсің? Қилік мына жерден!— деп, тағы қағыла берді. Қартқожа бір тізелеп, қырындап табаққа кірді. Бәрі де қаужандап, пышағы жоғы итше жұлқылап жеп жатыр. Табаққа түсер-түспестен анау да, мынау да қақшып әкетеді. Қартқожа орнынан бір-екі рет ұмтылып еді, қолына еш нәрсе түсіре алмады. Ұрымтал жердегі озбырлар жұлпып әкетті. Әйтеуір Имақанның қолындағы сүбеден қармаулырақ төрт-бес алып жіберді. Күні бойы қымыз ішіп, алысып-жұлысып, шабыттанып отырған жігіттер сортаңнан келген сиырдай опытылып, қырып барады.

Ерні жұқалау бір сұқым жігіт жамбасты тұтамдап, майын бармағымен бүркітше басып ұстап алыпты. Табаққа жұқалап кеседі де, өз аузына келгенде, түйеге асататын жемдей-ақ түйіртпектеп тастап жібереді. Аузына түк жұқпайды. Соған қараймын деп Қартқожа бір-екі алатын сыбағасынан құр қалды. Енді біреу асықты

жіліктің ойымды етін шеңгелдеп, шолақ пышағымен мыжығырлап, жөнді кеспей, өз аузын тауып жатыр. Имақан шыдай алмады:

— Өмірзақ, кессей, өз аузына сала бермей!— деді.

— Кесіледі ғой, кесіледі ғой,— деп ақжарқын кісімсіп, күлімсіреп Имақанға таман бір кесіп тастады да, өз аузына тағы бір нығытып қалды.

Әрі-беріден соң, жұрт қарбытайын деді білем: «Сендер шыдатпадыңдар ғой, ал жеңдерші! Жылқы сойса да шақ келмес» деп біріне-бірі ақыл айтқан болып, бейілі кеңіп кесейін деді. Манағыдай емес, табаққа тураған ет те түсейін деді. Кейбір қомағайлар қапыл-құпыл болып қалса керек. Сүйек мүжуге айналды. Қартқожа да құрсақ болып, жауырынның сүйегін алып, кейін шықты. Манадан бері аузына күм құйылып, сөйлеуге мұршасы келмей жатқан жұрт тамаққа тойған соң жайраңдап, қалжыңға кірісті. Сорпа берген бақыршыға жамбасты жайлаған жігіт:

— Уай атшыға ет қойылды ма?— деуі сол-ақ екен, жұрт ду күлді.

— Атшысын тамағы тойған соң ойлайды екен... Ой, шіркіннің қамқоры-ай! Әй, көк атқан! Ой, құлқының құрғыр! Әлгі бір қойып жатқан жамбас сенікі екен ғой...— десіп жатыр.

— Қоюға сендер мұрша келтірдіңдер ме?

— Мұрша келмей, неден сонда басыңа күн туды? Сонша не әкетіп барады?

— Бәрің де әлгіде қырылып жаздап ен, қарашы енді.

— Дәл сендей онжырғасын салған кісі жоқ шығар деген сықылды.

Тамақтанып, көңіл жәй, әй-жәй болған соң, жұрт атты ойлады.

— Аттарыңды ұстап алыңдар!— деген айқай шықты. Жүген іздесіп, атқа жүгірісті. Жігіттер аттарын ұстап әкеп арқасын сипап, жалағына түкіріп, кейбірі не үшін екені белгісіз, құйрығын көтеріп көріп жүр. Көзі көріп отырса да, бір жақтан кісіге: «Аяққолың аман ба? Денің сау ма? Аман-есен келдің бе?..» деп, іштегі ниеттестігін білдіруге сөз таба алмай, қайта-қайта амандасатын бір әдет бар ғой. Аттың құйрығын көтеріп көру де сондай бөстекі жұмыстың бірі ме, көптен ескермеген аты бас-аяғын түгендеп, амандығын білгенге разы болсын дегені ме, кім білсін?

Аттарын әкеліп, кейбіреулері байлады. Енді біреулер жаюлы терлігін уқалап, ат ерттеді. Біреулер айылдан айырылып, «қап, қай атаңның аузын ғана... алып қойды екен!» деп жаппай боқта-сқа салып жүр. Біреу: «Терлігіңді қордың бе?» деп бақырып жүр. Қартқожа атына келе жатқан Имақанға:

— «Мыналар қайла барады?»— деді.



– Күзетке шығатыны бар, ауылға баратыны бар – атқа мінбей отыра ма?

– Өзің қайтесің?

– Көрпебай ауылында менің де бір шаруам бар еді. Барып келем бе деп тұрмын.

– Мен қайтемін?

– Қайтесің? Осында бөл!

– Мұндағылар не істейді?

– Не істесің? Ұйықтағаны ұйықтайды, отырғаны өлен айтып, ойын-сауық құрып отырады.

Соны айтысып тұрғанда ішінде манағы кара мұрт жігіт бар, үш атты бұлкектетіп, камшыны борбайға бір басып, қастарынан өте шықты.

– Бозбалалар да жөнелді ғой, мен де атқа қонайын, – деп Имакан атын ерттей бастады.

Қартқожа да байталына кетті.

## ӘН

Қартқожа қайтып келсе, бір топ жігіт жиналып, ортасында біреу ән шырқап жатыр екен. Байталын атқа таман жақындатып қойды да, сонда барды.

Ақ саңдақ батқан жоқ. Жазғы майдай кеш. Көк судай ашық. Дәрмен шынтақтап жатыр. Оның тізесіне басын қойып тағы бір жігіт жатыр. Бәрі де бір адамның баласындай, біріне-бірі сүйеніскен, айқасқан, құшақтасқан.

Қисайып жатқан бір жігіттің алдына келіп Қартқожа да қисайды. Анау мойнынан құшақтады. «Күн қалай рақат!» – деді құшақтаған жігіт. Қартқожа нені айтқанын өзі де білмеді, тек:

«Қалай жақсы» деді.

Әншінің екі жағында телмендеп екі көтермеші отыр. «Өлтіре сок! Сүмірейт!» деп қояды. Айтып бола бергенде: «Мынау салын не дейді – орарарақ!» деп, енді біреуі айқайлап көтерді. Әнші пәлен дәрінті емес.

Бар дейді Қараөткелде мейіз сатқан,  
Бар ма екен сол мейіздің дәмін татқан?  
Молдалар шарығатта обал дейді  
Бір ұйде бой жеткен қыз жалғыз жатқан, –

деген сияқты шілдеханада айтатын салдаман өлеңдер мен әр әннің басын шатып, соғып отыр. Әлгіндей өлеңдері болмаса, әннің ырғағына да жетік емес, жолсыз жерде жүрген арбадай, текіректетіп, бір беткей, қылып соғып отыр.

Ұнатынқырамаған кейбіреу: «Осы ретті қыл соға бер!» дейді. Шын айтып отыр екен деп, анау онан жаман екілене соғады. Әуелі түрпілел алмай, майда егеу салған бар ма? Мынау әнші түрпі болса керек. Өйткені: «Шырағым, сен енді қойсаң қайтеді?» деген бір-екі сөз шықты. Аздан кейін біреу жатып:

— Уай, сен Біржаннан білетінің болса, айтшы!— деді.

— Біржанның «Жаймашуағын» айтпасам, көп білмеуші едім, деді әнші.

— Е, соны айт, бәрібір, — десті.

Айтып бола берген кезде:

— Сен өне бір жерін келтіре алмадың-ау! Оның бір кілттипоны болса керек еді. Дәрменге берші домбыраны! Өзі айтып берсін!— деді.

— Сендердің ойын маған айтқызбақ екен. Айтпаса көңілдерің көншімес, — деп, Дәрмен басын көтеріп, қолына домбыраны алды. Дәрмен тұрған соң өзгелері де басын көтерді.

— Бәсе, жөні со ғой! Әдепбай сорлыны күшөндіріп, өуре қылғанша, естірлік сөзді естник те!— десті.

Дәрмен домбыраны күйлеп, келтіріп алды да, «Жаймашуақты» айтты. Әдепбай тәрізді көрінбейді, домбыраны да баурап, бармағы сартылдап әннің ырғағына келгенде, мойнын да бұлғаңдатып, көмейі бұлкілдеп кетті. Бірақ онша қатты айғайлаған жоқ. басын тежеген жүйріктей, салмақты дауыспен салды. Одан кейін жігіттер Дәрменге тағы да айт деп сұрады. Ол өзі де айтқалы отыр екен, бөгелген жоқ. Иманжүсіпті, Бүркітбайдың «Мұстапасын», Жарылғап қажының «Алтыбасарын», тағы бірнеше әндерді түйдегімен тастап жіберді. Мұң мен назы аралас Мұстапаның зарлы әні, жорғадай тайпалып, күйіндай екпіндеген Жарылғаптың екілі «Алтыбасары» Дәрменді де қызықтырды, екілендірді, салған сайын оның асқардай асқақ, Арқадай байтақ, тұлпардай желді, алыптай еркін ашы айғайы аспанға құлаш сермеді, тау да, сай да, бұлақ та, тал да Дәрменге үн қосты. Саңғырады, күнгірледі, айғайлаған сайын Дәрменнің алқымы кеуіп, күрелері білеудей болып, тер бұршақтай домалады. Омырауды ашып тастап, әнмен баурын жазып алған ақын әрберден соң қара өлеңге басты. Дәрменді ақын емес деп кім ойласын? Кім сынасын? Аузына құдай не салса, соны жүндей төпей берді.

Ол қазақтың еркін күнін, ескі дәуірін жоқтады, бұрынғы өткен ерлерді, батырларды, билерді жоқтады. Ол күндегі байлықты, берекені, бірлікті, ерлікті, серілікті өлеңге қосты. Бері таман келген соң, қазақтың алты ауыз болып орысқа бағынғанын, елдің азғанын, жаттан көрген зорлығын, қала салғанын, жерді қақол алғанын, қол-аяқты кісендеп, жылдан-жылға өрісті тарылтып барып жатқанын сөйледі. Бір жағынан казактан шыққан жақсылар елдің қамын ойламай, шенге, шекпенге мастанып, елді қанап, пара жеп,

жауыздыққа салынғанына кектенді. Елде қызык қалмады, өнері бар жігіт аз өмірін немен жұбатып өткізу керек? Соны айтып келгенде, тапқан ермегі, алданышы, арманы:

Жүйрік ат, сұлу қатын – ер қайрағы,  
Жігіттің болып өстім боз тайлағы.  
Қара шай, ащы насыбай – ер арпасы,  
Болмаса сол төртеуі «байбай» дағы. –

деген сықылды ұсақ нәрседе қалғанын, оны қанағат қылмаған жігіт жорықпен қайратын көрсетіп, атағын шығару керектігін айтты. Ол жортуылдағы жолдастарын мақтады. Ақмолада Иманжүсіпті, Қарқаралыда Боранқұлды. Ретайды, тобықтыда Тәукені. Майғараны мақтады. Солардың істеген ерлігін, елдегі күштілермен, қазақ-орыспен, қақолмен жауласып, алысып, аяғында заманның тарлығынан қорлықта өлгенін, не жер ауғанын сөйледі. Бү күнде қолдан күш кетіп, азамат басына күн туып, қазақтың басы қанғырып, не болары белгісіз екенін сарнап, сары даланы басына көтеріп, күніренді. Тынлаушылардың сай-сүйегі сырқырап, көзіне жас алды. Дәрмен домбырасын тастап, сылқ етіп, жантая кетті. Жұрттың бәрі тым-тырыс төмен қарап, жер шұқып қалыпты. Қартқожа не болғанын білмеді. Аузын ашып, қалшынып, көзінің жасы бетін жуып отыр, анда-санда әр жерден солқылдаған, ішін тартқан дыбыс естіледі. Аттың пысқырған, алыстағы біреудің күбір-күбір сөйлескені болмаса, жат нәрсе білінбейді. Сол кезде қақ төбеден Оқбақтың «Оқ!» деген даусы, сойылмен салып кеткендей, дүрс етті. Қартқожа селк етіп, оң жағына жалт қараса, таудың ығынан қып-қызыл қан болып ай туып келеді екен.

## БӘТІШ

Ай сәскелікке келген кезде, бозбалалар қысыр әңгімеге кірісті. Біреу жылқы баққанын, біреу қала шыққанын, біреу «түн қатқанын», біреу сасқанын, біреу ұялғанын айтысты. Аяқтап келгенде әңгіменің беті әйелге таман бұрылды.

– Дүниеде әйел көріп жүріп, Жартыбайдың тоқалынан сұлу әйелді көргем жоқ, – деді бір жігіт қолын сермеп.

– Ой, тәңірі-ай! – Сен де жоқты мақтайды екенсің. Қалидың қызынан әйел өтуші ме еді! – деді тағы біреуі.

– «Сұлу – сұлу емес, сүйген-сұлу» депті ғой. Әркім өз сүйгенін мақтайды да, – деп қойды жантайып жатқан бір жігіт.

– Шіркін, әйелдің сұлуы қуандықта болады ғой! Әйелдің мен бір шолпанын көрдім! Оны Дәрмен де біледі, – деді біреуі.

– Қайдан кордің?! – деп Дәрмен басын жұлып алды.

— Мен үш жыл болды, Алтайға нағашыма барғамын. Қайтып келе жатып бір үйге қондым. Бай үй екен. Сол үйдің келіні «Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар» бір перизат екен, не керек. Бір жаманға қор болып отырған көрінеді. Менің жөнімді, елімді білгеннен кейін, әлгі әйел сені сұрады.

— Япырым-ай! Баяғы Бәтiш болмаса игі еді?

— Тал сол. Бірталдай кептерін болыпты ғой! Маған түгел айта алмады. Дәрменнің өзі айтсын.

— Ал енді өзің айт!— деп жігіттер Дәрменді таталап қоя берді.

— Өтіп кеткен нәрсенің керегі не?— деп Дәрмен жуырда айта қоймады. Ақырында жігіттер қоймаған сон бастады.

— О кезде қуандық, сүйіндік, найман, қаракесекті біріне-бірін сапырып жүретін күніміз. Түн баласына ұйқы көрмейміз. О бір дәурен-дағы!— деп Дәрмен бір күрсініп алды. — Алтайдың саңдақтарын алып қайтуға жылда атқа мінетінбіз... Бір жылы жолдасым — Рақымберді қолға түсіп қалып, соны іздеп жалғыз шықтым. Астымда мейізден қатырып алған Ақауыз ат, артымда жан-торсығым, қоржыным бар. Жолдағы елге Алтайдағы нағашыма бара жатырмын деймін, тамыздың тамып тұрған ыстық кезі. Күндіз езіліп жүре алмаймын. Бір күні Есілден әрі өтіп түн қатып келе жаттым. «Есек қырған» туды. Таң таяу, елең-алаң сөуле бар. Сыпылдатып бір қырға шыға келдім. Сонадай жерде, ылдида қарауытқан бидайық шетінде бірдеме қараңдайды, қыбырлағандай болады. Бү не? Мал дейін десем, шоқиып отырған тәрізді. Күс деуге — қомақтырақ. Жын ба? Пері ме? Сайтан ба? Кұла түзде, түн ішінде жападан жалғыз дені сау адам қалай отырады деймін. Не де болса барайын, албасты болса, шашынан сүйреп, сабармын. Адам болса, бір кісіге әлім қалтал, несіне қорхамын, жүрдім. Таянған сайын шалғыннан басын қылтитып, шашы қарауытып көріне бастады. Жүз қадамдай қалғанда, әлгі нәрсе қалқып түрегелді. Көйлегі шұбатылған бір әйел. Аузымнан қалай шыққанын білмеймін:

— Адамзатпысың? Перімісің?— деп ақырып қалдым. Даусы өлімсіреп, әрең шығып:

— Мен бір сорлы бейбақпын, шошыманыз,— деді. — Таң рауандап, төңірекке сөуле кіре бастады. Күн тамылжып тұр. Бозторғай шыр-шыр етіп, шөп арсынан көтеріліп, аспандап жүр. Шөптің бастары қыбыр етпейді. Жапандағы жалғыз әйел атыма да таңсық көрінді білем, таянып келгенде, осқырып тұра қалды. Түсе қала, атымды жетелей, қасына келдім. Үлде мен бүлдеге оранған, ай мен күндей бір сұлу қыз! Тәжім еткен келіндей сызылып, атқан таңдай жымиып, қара көзі жаудырап көзіме түсіп кетті. Хордың қызы екен деп ойладым.

— Жаным, неткен жансың?!— деп қолынан ұстай алдым.

— Отырып сөйлесейік,— деді.

Отырдык. Бастан кешкен жайын сөйлөдү. Сендерге кыскасынан айтайын. Бир байдың кызы экен. Күйеуү кол ұстауға ұрын келіп, мейлінше жаман болса керек, түрінен шошып кетіп, «қаңгыл өлейін» деп шыккан беті экен. Ауыл бир көш жерде калса керек. Бидайыкка келіп дем алып отыр экен.

— Ой, кызына болайын!

— Ой, айналып кетейін!

— Эй, дарига-ай десейші!— деп жігіттер кимылдап, көтеріліп, желпийип калды. Шақшаны өкшесіне бир қагып, Дәрмен насыбайды бир тастап жіберді. ~

— Ал, сонсон?

— Кыз айтты: «Құдай не бағыма, не сорыма кез қылған шығар. Алаштың азаматы ер жігіт көрінесің. Етегіннен ұстадым»,— деді.

— Енді не десін? Жөні со ғой!— десті бозбалалар.

— Тұра тұршы, сөзді бөлмей.

— Сонымен серт етісіп, атка кондық.

— Шалғында кішкене жатпадыңдар ма?— деді біреуі.

— Жаның шығып бара ма? Қоя тұрсайшы,— деп, тежеп тастады біреу.

— Күн кызып, ел тұрғанша бойды алыстатып алайық деп ойладық. Алдыма мінгізіп алдым. Ақауыз атты сынайтын жер келді. Ақырын жүрісіміз бұлаң құйрық, әйтпесе жіберіп-жіберіп аламыз.

Күн кыза Есіл бойындағы иесіз бир қораға келдік. Бәтіш шаршайын деді. Жанторсықта сусыным бар еді. Жұтқызып алдым. Атты жалаңаштап, қораның көлеңкесіне байлап тастадық та, Есілге келіп, суға шомылдық. Менен ұялып, кәне шешінсінші. Еркіне қойғам жоқ. Шешіндірдім. Жалаңаш әйелдің сұлуын адам көрмейді экен ғой! Еті уыздай аппақ, білектері, сандары октаудай жүп-жұмыр, мойны құйған шамдай, ақ етіне қара шашы салбырап, қос алмасы үрген торсықтай делдиіп тұрғанда, жұтып қойғың келеді экен! Тал бойында бир міні жоқ, дәл он сегіздегі кезі еді. «Ұят-ау енді, ұят-ау енді!» деп жасыл жібек шәлісін жамылып отырды да, атып тұрды, Есілдің ақ қайраңындай суға барып шолп ете түсті.

Жүзгенде Бәтішті көрген адам не перінің кызы, не аққу деп білер еді. Өңім бе түсім бе деймін. Екі көзіме нанбаймын. Енді көрген түстей болды. — Дәрмен ауыр күрсінді.

— Сонымен не болды аяғы?

— Айрылып қалдым, не керек...

— Қалай айрылып қалдың?

— Үш күн мінгесіп шапқан соң, Ақауыз ат қажыды. Өзім де жауыр болдым. Бир күні түнде ат тауып алайын деп, жақын елге қарай бұрылдым. Сайын далаға Бәтішті жалғыз тастай алмадым.

О да қорқа берді. Қалың жылқының үстіне тап болармыз ба? Бәтішті түсіре сала, «Құдай берді ғой» деп жөнелдім.

Со кезде ел арасының барымтасы болып, жылқыға сақ болып тұрған кез болса керек. Еңше күндей жылқы көрмей келе жатқан үйірсек жануар шаужайға қақсам да, болмай кісінеп қалғаны. Сол-ақ екен, дүрсе қоя берді. «Аттаншы аттанды» салып, жер де айғай, көк те айғай болып кетті. Жалт бердім. Ә дегенше болмады, бір боз атты келді де жетті. Салып жіберді. Шап беріп, сойылын жұлып алдым. Тұра ұмтылып едім, атым қарлығып қалған екен, маңайласпады. Алдымды орай берді. Түйдегімен үшеу-төртеуі тағы жетті. Бірін бір, екісін екі сілтеп қалдым, мұрттай ұшты. Тайқып соға берді. Енді құтылдым ғой деп, қара үзе бергенде, қарсы алдымнан бір жарлауыт килігер ме? Анау-мынау жардан Ақауыз аттап кететін. Камшыны басып қалып, ырғып кеттім. Арғы жиегі алыс екен. Ат-матыммен омақаса жығылдым. Осы бұғанам сонда кетті. Не керек, мертігіп қолға түстім. Содан тұтқында бір ай жатып, әрең дегенде қашып құтылдым.

— Бәтіш қайда қалды?

— Бәтішті тауып алды. «Ел құлағы елу», естімей тұра ма? Елінен кісі келіп, көп шүйінші беріп алып кетті.

— Сорлы-ай! Арманда кеткен екен!

— Ой, бәрекелді-ай!— десті жігіттер.

— Дүние деген сол!..— деп Дәрмен қатты күрсініп, насыбайын тағы атты.

## ТҮС

Жасақтағы алғашқы түн. Дәрменнің өлені, әңгімесі, о жер, бұл жердегі шаңқылдаған дауыс, беті ашық дала, сәулетті тау-бәрі де Қартқожаға жаңа дүниедей көрінді. Көңіліне әлденелер келіп, көзі ілінбеді.

Дәрмен сықылды ерлері тұрғанда, Алабас сықылды таулары, гүл аңқып, масатыдай құлпырған жерлері тұрғанда әлекедей жаланған жасөспірім жігіттері тұрғанда, қазақты ешбір жау ала алмайтындай көрді. Біресе орыстың зеңбірегін, поезын, параходын, ділграм тіліпонын ойлап, оларға қарсы тұрарлық қазақтан қару таба алмай, қазақты зеңбіректің бір атқанынан қалмай жоғалатын қорғансыз, қурай торізді көрді. Біресе бұл жарлық әншейін қазақты шошытуға, тәубесін есіне түсіруге, ұйқысын ашуға жіберген «құдайдың сыны» шығар, ел боз қасқасын айтса, құрмалдығын берсе, мойнына бұршақ салып еңіреп жыласа, «Өзінен» тілесе, көздің жасын иетіндей, жарылқайтындай көрінді. Қайтсе де осынау сар далада асыр салып сайрандап, сай сүйекті сырқыратып жатқан жаны бірге жастарды ертең жоғалады деуге көңілі жібермеді.

өлімге қимады. Олар өлмес, бәрі бірдей жоғалмас, әзер болса, аз күн бейнет тартар. Бірақ дүние бір қалыпта тұрмас, көктен түскендей бір «керемет» болар. Неколайшан күшті «күдірет» те табылар: жазықсыз елді шулатып, зарлатса, оған да бір зауал болар деген жұбанышпен жатып, көзі ұйқыға кетті. Ұйықтап кетсе, ғажал бір түс көрді.

Түсінде қалаға барған екен дейді. Қала деген кісінің миы жетпейтін шым-шытырық бірдеңе. Ылғи бір заңғар үйлер, аспанмен тілдескен мұнаралар, қара күрттай қайнаған ығы-жығы кісі. Солардың ішінде Қартқожа да жүр. Бұрынғы Қартқожа емес. Сымдай орысша киім, аяқта қу табан, Әбілда тілмәш тәрізденіп шашын қайырып қойыпты. Орысша тілді де біліпті, көшеде өтіп бара жатқан орыстарға қалпағын алып «іздірәсти» деп амандасып жүр. танымал кісідей олар да Қартқожаға басын шұлғып барады.

Көшеде жалғыз кетіп бара жатыр еді, артынан қазақтың көп балалары қуып жетті. Бәрі де оқып жүрген шәкірттер екен. Қартқожа:

— Қайда барасындар?— деп сұрады.

— Өзенге барамыз. Сенді көрмейсің бе?

— Бармай енді...— деп Қартқожа да ере жөнелді. Жар басында көп кісі тұр екен. Олардың жанына балалар да келіп тұрды:

Міне, Ертіс. Суы қара барқынданып, жауырынын күжірейтіп, көк ала сен аркалап, езуінен көбігі бүркырап, екпіні үй жыққандай долы Ертіс. Әне бір сендер иін тіресіп, үзенгі қағысып келеді. Оның ар жағында аңдағайлаған жеке қара сендер атой беріп зымырап барады, біріне-бірі мінгескендей үйдей шомбал кесек мұз майдандағы даулескер батырдай, жолдағыларды кеудемен соғып, соныдан жол салады. Алыптың айбарына не ғып шыдасын? Шошалаңдаған қағілез сендер түмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып басы зеңіп, шыр көбелек айналады. Алыстан бұршақ теңдеген нөсер келе жатқандай, әйтпесе қамыс кешіп жолбарыс жүргендей, сенге қақалған Ертіс булығыл, кеудесі сыр-сыр етеді. Ертістен бойды шіміріктіріп қоңыр салқын жел еседі. Кемерді тасқын кернеген. Аралды су алған. Аралдағы сәні кеткен сою ағаштар. «Пәленді аулақ қыл!» дегендей, жан сауғалап, сендерге басы тиіп теңселеді. Тамыры тармақты, әлуетті ағаштар ғана басын көкке көтеріп, елең қылмай тұр. Бетіне әжім кірген қолабалар «алла» деуге әлі келмей, екпінді сенге құрбан болып жатыр. Ағаштың түбірінде шоқайып, қайда барарын білмей саскалақтап қоян отыр. Алдын болжай алмаған сорлының ажалына айуандығы себеп болды да.

Арғы бетте, қалың талдың түбінде жермен-жексен қазақтың көң қоралары көрінеді. «Көлемдірек бір сен соқса, мыжырайып қалады-ау. Тасқынның шарпуы болмаса, көк сен жете қоймас.» Қағажу тұр ғой, қалқиып, аман қалар» деп ойлады.

Соны ойлап тұрғанда, нөсерлі қара бұлттай жоғарғы жақтан таудай бір сен шыға келді. Өз салмағы мен жүрісі білінбейді. Беті биік жар жақындап қалды. Жар басындағы топ топырлап, ұйлығып, біріне-бірі жол бермей шулай берді. Зеңгер сен келді де, жарды соқты. Күрс етіп, опырылып жар да құлады. Жармен бірге Ертіске ел де құлады.

Қартқожа енді кеттім ғой деп жан дәрмен қармағанда, қолына ақ сүйріктей тал ілінді. Талдан ұстап, ар жаққа шықты. Шықса құрғақ жер, көк майса шөп. Әрі таман жүріп еді, алдынан аулының балалары жолықты. Мәз-мейрам болды да қалды.

– Ел аман ба?

– Аман. Өзің қайдан жүрсін?

– Қалада оқуда жүрмін.

– Танымай қала жаздадық қой, киімің өзгеріп кетіпті ғой. –

Біз шырағым қазыналық оқуға түскенбіз.

– Қалаң жақын ба, көрсетші!

– Жақын, жүріңдер, көрсетейін!

Шуласып ентелей басып келеді. Беті ашық дала жүре-жүре орманға айналды. Ара-тұра шок-шок бұталар аздан соң биік-биік ағаш болып кетті. Ағаш қоюлана бастады. Жыныс орман ішіне Қартқожа бәрін бастап келді.

Бір уақытта артына қараса, көп балалар көз жазып қалыпты. Қасында бір әйел қалыпты. Қараса – өзінің жеңгесі. Қартқожаның тұл етегінен ұстап алыпты.

– Сен неге кетесің? Балалар жылап қалмай ма?

– Үйде әжем бар. Мен сенен қалмаймын.

Түн екен дейді. Орман қараңғы. Орманда аю, жолбарыс жүреді деп еститін, Қартқожа үрейленді. Жам аяқ жолмен келе жатыр. Алақтайды – түк көрінбейді. Қасындағы жеңгесі де көрінбейді. Тек етегінен біреу ұстап келе жатқанын сезеді.

Сол жағынан еміс-еміс бір дыбыс естіледі. Құлағын түріп келеді. Жүрген сайын – дыбыс анығырақ. Әлде ұлыған аң, әлде әуілдек, әлде ыңыранған адам. Әйтеуір келте-келте күрсінген дыбыс. Міне, тіпті анық естілді. Бебеулеген, ыңыранған адам. Бү не?! Қарақшы тонап, жаралап кеткен адам ба? Болмаса аю кездесіп, алқымын езіп кеткен бір жан ба деп ойлады Қартқожа. Қайтсе де жаралы адам болуы керек.

Қартқожа «Барайын, білейін, қолымнан келсе, жәрдем берейін» деп ойлады. Солай таман бұрылды. Жүрейін деп еді, жеңгесі:

– Бармашы, тетелес! – деп байбалам салып, көне жіберсінші.

Қартқожа дауысқа қарай барам деп бұлқынады. Жеңгесі:

– Бармашы, бауырым, бармашы! Өлтіреді ғой! – деп безектеп, кейін қарай тартады, жібермейді. Екеуі ерсілі-қарсылы тартысып тұрғанда, оң жағынан сырнай-кернейдің сынғырлаған сұлу күйі талмаулап құлаққа келді. Екеуі де тыңдай қалды. Күй бара-



бара күшейді. Шырылдады, сынғырлады, бірдемесі дабылдай дүмпілдеді. Дөрменнің ащы айқайындай бір дауыс бәрін жарып, саңғырады. Токсан күбылтты, орманды жаңғыртты. Естімеген жат күй Қартқожаны әрі қорқытты, әрі таңырқатты, әрі жанына жағымды тиді. Жетгесі: «Жүр, барайық!» деді. Қартқожаның есінде ыныранған адам бар, жүрмеді, тұрып қалды.

Сөйткенше болмады, орманға сәуле кіре бастады. Күй даусы да дәл қасына келгендей болды. Жалт қараса – үшкөздің балалары екен. Қолдарында қошқар мүйіз сары түтіктер бар, солдаттай сап құрып, күй тартып келе жатқан солар екен. Жүздері гүл-гүл жайнайды. Қартқожа бір үлкен той болған екен деп ойлады.

– Сен не ғып тұрсың?– деп бір шәкірт Қартқожаны қолынан тартып қалғанда, оянып кетті.

## ІШНАРА

Күн асқан сайын Қартқожа жасақтың қалыпты бір азаматы болды. Қарауылда жүріседі, күзетке барып ат бағысады. Кім жұмса-са да, тілін қайырмайды. Лепілдек, елгезек-ақ.

Қартқожа жасаққа келгелі екі жұмаға айналып барады. Көңілінде бір қаяу бар. Жұрт қатарлы аты жоқ, өзі қатарлы жігіттер жылбуыр ат мініп, көкбар тартып, жерден күміс алып, жарысып, аударысып ауыл қыдырып, сайран салып жүргенде, Қартқожа торы байталымен шаба алмайды, көсіліп бойын жаза алмайды. Ойын-сауыққа белсеніп кірісе алмайды. «Әй, бір жақсы ат-ай!» деп емешесі күриды. Жақсы ат болса, қатардан қалыспастай көреді.

Атының жоқтығын жолдастары көрмей жүрген жоқ. Қартқожа камшылаған сайын, байталы көтін қикаң еткізіп, күйірығын сипаң еткізіп, атқа бара жатқанда көлденеңнен көзі түскен жолдастары:

«Мына байғұсқа бір жөні түзу ат тауып беретін ғой» деген. «Мен тауып берейін» деп ешкім айта қоймайды. Ондай көп ортасына айтылған сөз көбінесе жадағай қалады. Кейбіреулер Қартқожаның солай жүргенін қызық та көреді. Аяғын комдап, сұқиып бара жатқанын көріп: «Мынау жан шыдатпас!» деп әжуалап, күлісіп алады. Өз аттары сай болған соң, күлмей несі кетіп барады? Жаны ашыр деген жігіттер де көзі көргенде есіркегені, қынжылғаны болмаса, дүрмекке кірген соң, әркім өз қамына кетеді.

Өз бетімен ат тауып міну Қартқожаның қолынан келмейді. Ол жолдастарына сенеді. Жолдастарының түрі әлгі. «Сен салар да, мен салар», бәрі де енжар. «Кісіге күнінді салмасын!» деген осы да. Имақандар маған бір күнгі еңбегін қимайшы, бір қойдың терісін пайда қылғанды тәуір көреді...» деп ойлайды.

Бір күні желдеп кеткен аттарды карап, Қартқожа өзі де шаршап, байталын да болдыртып келді.

— Аттар бар ма?

— Құрып қалсын! Байталымды өлімші қылдым...— деді Қартқожа кейін.

Ұялды білем, Имақан:

— Қайтсем де бір ат тауып әкелейін,— деп атқа мінді. Байталын титықтатып келгенімен ісі жоқ.

— Тәйірі, өзің мал қарай білмейді екенсің ғой! Қайда жүріп өскенсің?..— деп, Қартқожаның өзін шенеді.

— Не қыл дейсіңдер, өздерің қарасаңдар ауырып қалдыңдар ма?— деп күңк етті.

Соны айтысып тұрғанда, мына жақта жаңылдасқан, керіскен айғай шықты. Жалт қараса, шапыр-шұпыр төбелес болып жатыр.

Сөйлесіп тұрған үш жігіт тұра жүгірді. Қартқожа да ұмтылды. Қызыл шеке төбелес.

— Атаңның ғана...

— Сенің атаңның аузын мен...

— Ойбай-ай!.. Өлтірді-ау!..

Айқай да ұйқай. Жалаңаш кеуде... қызыл түмсық. Жұдырық. Күрс-күрс. Төбелесуші кім, арашашы кім екенін біліп болар емес.

Атаның атын, ұранды шақырып қыздырып жатыр. Таяқ жеген арашашылар төбелеске өздері кіріп жатыр. Қиратпаймын деп бір жан айтсашы. «Қой-қойлаймын» деп арасына кіре бергенде, қолағаштай жұдырық Қартқожаны күлак шекеден періп кетті. Ұшып түскен бөркін ала-мала басын сипалап, топтан атып шықты. Басы жарылды, тісі сынды, мұрны бұзылды, көзі көгерді, күлак қыршылды. Таяқты жел-жел, сусыны қанған кезде, шегінісіп, кіжінісуге, дауласуға айналды. Төбелестің бас себебі былай қалып,

төбелестен туған боғауыздар, ащы тілдер тексеріліп жатыр. Қызу басылған кезде, астында қарагер аты бар Дәрмен келді.

— Бү немене?

— Мынаның зорлығы өтті. Бү қорлыққа шыдап тұра алмаймыз, кетеміз.

— Зорлық қылған кім? Сендер емес пе? Біз кетеміз... Әркім өзінікін жүптейді.

Дәрмен төбелестің себебін тексере келе, бір қойдың терісінен шыққан екен. Байжұманның немденіп қойған терісін Сары Омар алып кетеді, «Өз қосымда сойылған теріні мен аламын» деп Байжұман айтады. «Жау каштынын» қойы сойылса, терісін мен аламын деп Сары Омар айтады. Бірінің дәлелі — қойдың қай қосқа сойылуы, екіншінің дәлелі — қойдың кімнен алынғандығы. Дәрмен екі жағынан екі төреші шығып бітірсін деп, төбелесті жуып-шайып, топты тарқатты. Бірақ төбелестің салдары жуырда үзілмеді. Жеген таяғын, тиген тілін кек қылып, жігіттердің арасында араз-

дык, андык, егес өрши берді. Бұрын бір тілекте, бір жолда болмақ жігіттер енді ата-ананың ұлына, руға бөлінісіп, ілік тауып шиеленісе берді. Құданда, сүйек тамыр-таныс бірін-бірі тартып, азғыру, пым-пыш ұлғая берді.

Имақан бір байдан ат ұстап әкелген екен. Ол атқа ие табылды. «Бұл атты бермейміз. Өз тұқымында бай құрып қалды ма?» деушілер шықты. Имақан айтысып Дәрменге барды.

— Бізге ата, тұқым намысы керек емес. Жігіттерге ат табылғаны керек. Басымызға күн туып отырғанда, байлар баласын алып қалып жатқанда, оларға несіне жанымыз ашиды? Бүйте берсек берекеміз кетеді, мұны қойындар!..— деп Дәрмен көп ақыл айтты.

Естілер тоқтады, есерлері сөзге түспеді, былай шығып: «Бізге Дәрменнің керегі жоқ. Ол аналардың сөзін сойлеп тұр. Қанша айтқанмен түбі бір ғой. Дәрмен сықылды өзімізде де кісі бар. Ол бір ұры, оның сөзін кім тыңдайды?...»— деп желденген жігіттер де болды.

Жасақтың ұйымшылдығына, берекесіне, бірлігіне қуанып жүрген Қартқожаның көңілі мынадай жаман қылықтарды көрген соң, тоқырауға айналды.

Жасақтың өз ішінен жік шықты деген лақап дереу елге де жетті. Байлар, жарамсақшылар, атқа мінерлер жігіттерге жел беріп, қолтығына дым бүрке берді. Басқа атаның тұқымынан соятын қой, ішетін қымыз алу да дау-жанжал туғызды. Араздықты, өртгі сөндірем деп басшылары сөйлесіп, жігіттерді осынша үгіттеді, қауіп-қатерді де көрсетті. Жалпы оқпанын аз-маз түзегендей, сыртын бүтіндегендей бөлді. Әйтсе де ішкі жағы тазарып, әуелгі беттегідей бола алмайды.

Қартқожа «әлде қайтедімен» жүргенде, ағасы келіп, шақырып, үйіне алып қайтты.

## ҚОЙШЫ

Күн ыстық. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, мамық ақ бұлт жүзеді. Әуе шыбынның ызыңы, шегірткенің шырылы. Ашы өзеннің бір мүйісінде ақ борықтай ауыр қотан ақтылы қой жатыр. Біргебай қойшы жиырма шақты саулықты қосақтап қойып, үлкен қара сапты аяғына бор-бор сауын жатыр. Қойдан шетірек шилеуіт арасында «Қояйыншы енді, қашанғы оттай берейін, бөрібір Біргебай мұрнымнан сығып алады...» деген кісіше, мойнын салбыратып, құлағын салптитып, шыбындап тұсаулы Сұршолақ тұр.

Қойшы да тұтқыштай қара, жарғақтай ысқаяқ, кір тон, дамбадан басқа лыпа жоқ. Күп-күрең қара қайыс арқасы күнге шағылысып, желінді шеңгелдей ұстап, анда-санда құлаштап бір қойып қалады. Қытықтанып, қымсынған саулық қара жұдырықтың

игілігін көреді. Емшегін жаңа тарта беріп еді, боз қасқа саулық сапты аяққа тәсібісін тырс-тырс түсірді. Қойшы бес бармақты салып жіберіп, бозғылтым қара маржандарды сүзіп алып тастап: «Ой иттің малы!» деп, желінге екі нұқып қайта сауды. Сұйық болмаған соң, шәриғат көтере береді. Біргебай түгіл, ерте күннен намаз оқып жүрген Дәрігүл, Айжандар да құмалаққа бола сүтті шығын қып көрген жоқ. Адал қойдың ішінен түскен таза құмалақтың оқасы не?

Сауып болған соң Біргебай қойларын ағытып, үйген тезегіне таман келді. Мырзаның қатынынан жымқырып алған оттығын жарғақ дорбасынан суырып, от тұтатты. Қуарып тұрған тезек маздап жана бастады. Лаулаған кезде ортасына алты-жеті тасты тастай берді. Бүкшініп отырып, құрысып қалған белін жазғалы шалқая беріп еді, көзі Ащының аяқ жағына қарай сығырайды. Қуығынан шаншыла отырып, байталының құйрығын сипалактатып тепең-тепен етіп біреу келе жатыр. Сүтіме ортақ болатын біреу ме деп, нұсқынын байқаған қолын қалқан қып, битті қызыл көзді қадап еді, бөлен құнды кісі көрінбеді білем, «Е, бір қаңғырған неме ғой!» деп, отына тезек тастады.

– Салаумоликүм!

Қойшы естімеген кісі боп, еңкейген отын үрлеген болды да, күннен ұялған мысықша бір көзін қысып, менсініңкіремей:

– Сен қай баласын?– деді.

Аты-жөнін айтты. Қойшы «е» деп қоя салды.

– Отағасы, бұл қай ауылдың қойы?

– Бү ма? Қай ауылдікі сияқты?

– Қайдан білейін?

– Мұндай қой кімде бар деп ойлайсың?

– Ыбырай қажынікі болмаса.

– Енесінің... Ыбырайға арам болар.

– Енді кімнің қойы?

Қойшы жаратпаған кісідей тыржиып қарады да:

– Өзің қайдан жүрген баласын? Мырзаның аулынан көрмен пе ең?– деді.

– Ә, сол ауылдікі ме? Дүр-рыс.

Қойшы бір ыңыранып, қорзданып сырт берді.

– Отағасы, болыс дуаннан қайтты ма?

– Қайтты.

– Сөзін естідіңіз бе?

– Естімей, құлағым жоқ па?

– Не ғып кепті?

– Не ғып келуші еді? Бәрінің де аузын... кепті... Сыпырабоқ-ташак күнін көре алмай жүрген немелерге қайда? Мырза баласымен кім белдеседі? Бәтпе шығарам деп Төкештерін де Сібір ауып кеткен жоқ па?

Тағы да оны-мұны сұрап байқап еді, отағасы дұрыс жауап бермейді. Мынау қой өз қойынан жаман бұлданып, көпіріп көп сөзге әкетті. «Бір қап тезек толтырғанның да буы болады» деген осы-ау деп ойлады да, сүтінен іше кеткелі:

— Қорықтықтың үстіне келдім. Құттың дәмінен ауыз тиіп кетейін, жолым болар ма екен,— деді.

О кезде қойшы екі тезектің арасына қызарған тасты қысып қор-қор еткізіп, сапты аяғына салып жатыр еді. Сүт заматта бұлк-бұлк қайнайды. «Ауыз тием десең, не ғып тұрсың?» деген соң, жолаушы аттан түсті. Өзіне қарсы келмеген соң, мейірімі түсті білем қойшы:

— Сен қайсысының баласысың?— деп жылы ұшырады.

— Жұманның баласымын.

— Сен де барушы ма ең?

— Барушы ем.

— Жап-жас бала көрінесің ғой.

— Жасқа қарап жатыр ма? Кінегедегі жасым кем болса керек еді.

«Кінегеден де хабарым бар» дегендей:

— Е, кінеге ме?— деп қойшы күшеніңкіреп, бір нығыздап қойды да, сапты аяғын Қартқожаға ұсынды.

Қартқожа қонырсып піскен қою сүтті бор-бор ұрттал, қарқындады. Қаймағын сораптап тартса да, қойшы шетінен тартып тұрғандай-ақ, аузына түспеді. Сапты аяғын өзіне берді де, ауылдың төте жөнін сұрап, жүріп кетті.

## БОЛЫСТЫКІНДЕ

Жеті қанат ақ орда лық толы кісі. Төрте күректей теке сақалды ақсақалы, күбідей тырсылдап көзін ашып-жұмған ақ сәлделі кара шұбар қожасы бас болып, жемсауы көнектей өңкей күшігендер отыр. Оларға таяу жуанды-жінішкелі, ұзынды-қысқалы, сақалдысы, көсесі, қырықпасы, қырмасы аралас бақа көзденген, жылан көзденген билер, ауылнайлар, елу басылар, атқамінерлер отыр. Көн шалбары көтіне қатқан жалғыз-жарым келейдің көк шолақтары төмен отыр. Белуардан төселген кілем, көрлесінің үстінде көк шұға тройкасы үрген тұлыптай тырсиған, шашы кірпікшешендей тікірейген, жұқа қабақ, кейкі түмсық, ақ пұшық жігіт ақ жастықты шынтақтап, жантайып жатыр. Аяқ жағында шытырдай болып ширатылып, қасын керіп, шынашағын шошайтып, ақ күба, ұзын мұрын жұқа ерін ерке келіншек қымыз сапырып отыр. Кекіре-кекіре сіміріп, «жақсылар» босатқан қызыл көрден кеселерді қаршығадай сыпырып, аяғын мысықша басып, жылнос жігіт аяқшы болып жүр. Тізе қабы салбыраған, саулы боз

інгендей талтайған биеші сүтті жана күйіп, қара сабаны ыңкылдата пісіп тұр. «Болыстың сабасы осылай пісіледі» дегізгендей құлашын кере-кере, түйін-түйіп, түбін түсіре, күрсілдете піседі. Дабылдың дауысы көлдегі құстарды да ұшырады білем.

Қожаекең қанатын қаққан қырандай шапанын бір желпіп, шалбардың бауын босатты. Боз қасқаға көтергендегісіндей қолды серпе көтеріп, қымызды бір тастап жіберді.

Сол кезде аяғын қалтырай басып, үйге кіре берген Қартқожаны қазаншы Қойтеке ығымен қағып кетіп, жығыл тастай жаздады. Тәрдегілер көріп қойды ма дегендей Қартқожа қалбалақтап, қызарандап, көп ұзамай жаман тымақтардың қасына отыра кетті. Қартқожаны жан екен деп елеген, амандасқан кісі болған жоқ. Кіруін кірсе де, Қартқожа қысылайын деді. Жайнаған жасау, кілем көрпе, шытырдай маңғаз болыс, жарқыраған күміс, шыны ыдыс, керім келіншек, ер-тоқым, қара саба, ең аяғы оқа белбеуге шейін Қартқожаға жан алғыштай көрінді. Байкамай бірдеңесіне тиіп кетіп, қиратып, былғап алатындай, жаза тартатындай, қалай отырудың есебін таба алмай, қорғанып, қысылып, пысынай бастады. Амандаспағанға көңіліне келер деді ме, әлде өзі Қартқожаның сыңары біреу ме, қасында отырған шоқша сақал шалдау адам негін көтеріп: «Аманбысың?»— деді.

Қартқожа келген кезде «жақсылар» қожанын аузына қарап отыр екен. Қожа қолды сермеп, тамақты қатты бір кенеп: «Сонда қазірет Ғәли Рази аллаһу Ғәһи айтқан екен,— деп бір қадісті жіберді. Ақсақалдар шұлғыды. Аяқтап келгенде: — Уәлқадаре хайриһи миналлаһи тағала деген. Ізгілік жіберсе де, жауыздық берсе де алла тағаланың еркіне бұл не болады дейсіз? Лауқыл-мақпұзда жазбаған болса, адамның бір түгі жерге түспекші емес. Солай емес пе, ақсақал?»— деп оң тізесіндегі текенің сақалына қарады.

— Рас айтасыз,— деп, сақалды омырауын үш соқты. Шындықты ашқан кісімісіп, қожа сақалды тізеге қағып қалып:

— Не дейсіз?— деп қайта сұрады.

— Дұрыс сөз, мақұл айтасыз,— деп сақал тағы селкілдеді. Қожа «Бәсе!» деп мақсаттанып, тамақты тағы бір кенеп, болысқа қарап сөйледі:

— Шырағым, ата-бабаңа пірлердің дұғасы тиген, бақ қонып, қыдыр дарыған. Ғазиздердің дұғасы мақбұл деген. Саған ешбір дұшман зарар келтіре алмайды. Сенің тұқымыңа ірілік, паңдық жаққан. Аңқазратіміздің бір қадісі бар...— дей бергенде төменгі жақта отырған бір-екеуі аяққа таласып, қожаның сөзін Қартқожа ести алмай қалды. Аздан кейін қожа тағы, міне бір шариятты соқты.

— Рәсул алланың бір тал қылы бойында сақталған адамға оқ өтпейді, қылыш батпайды, дозақ оты харам деген екен!

Отырғандар танданысып, аузын ашты. Болыс: «Рәсул алла-

ның қылын қайдан тауып аламыз?» деп күрек тісі кетіп, ішін тартып «ки-қи-қи!» деп күлді. «Соғысқа барғанда, бойға сақтап жүрер ме еді» деген ой келді Қартқожаға, жұртты надан қылып, көзін уқалап отырғанын қайдан білсін.

«Жақсылардың» мәжілісі сондай «үлгілі» сөзбен дуылдап жатқанда, Қартқожа мұрнын қос-қосымен тартып, тершіп отыр еді. Қартқожаны елеп, аяқ берген кісі болмады. Жаңа ғана қойшыдан сүт ішкен, өзегі талып отырған жоқ. Бірақ өзгелердің санатынан қалдырып, өгей баладай елмегеніне қатты қапаланды. «Сен де кісі едің ғой. Сенің де тілің, қол-аяғың, жайнаған көзің бар, қайнаған қаның, жүрегің бар. Сені сонша неге қорлайды?» деп, ішінде біреу сөйлеп тұрғандай болды. «Кісімін» деген сезім қапастағы күстай жарыққа шығуға аласұрып, талпынып қоймады. Өзін-өзі шаужайлап, тоқтатпақ болады. Бірақ терісіне сыймай ауыздықпен алысады. Мынау көзді тұнжыратып тұрған сән-салтанат жасау, мынау қарыны тоқ, қайғысы жоқ бордақы, мейірімсіз, төкаппар, озімшіл адамдар бір түрлі жауыз, жауыздықтың ұясы тәрізді көрініп, ішінен лағнет айтады.

Манағы амандасқан жаман тымақ шал аяқшы бір оралған кезде:

— Мына бала құр отыр, — деп Қартқожаны нұсқады. Қартқожа көбікке өкпелеген баладай: «Зәмзәм болса, өздері-ақ ішсін? Татпасам да өлмеспін!» дегендей әбден көңіл қалып, елеусіз құр қалғанын тәуір көріп отыр еді. Қасындағы тымаққа «Несіне қамқор бола қойды?» дегендей ала көзімен қарады. Бірақ ләм деген жоқ.

Көздей сар тостағанмен бір жұтым қымыз әкеп берді. Қартқожаның түрі — қымызымен бетке бір қойып, шығып кеткендей еді. Өйтуге дәрмән бар ма? Қымызға амалсыз қолын созды.

## ДОЛЫ ЖҮРЕК

Қонақ үйдің арты қияқты шилеуіт, шилеуітін бер жағы үркердей-үркердей кісі. Шеткі үркердің ішінде көк шұға киімді, сүр қалпақты болыс отыр. Бастары түйісіп, анда-санда жан-жаққа бір қарап, сыбырласқанына қарағанда бір құпия, қауіпті нәрсені сөз қылған тәрізді.

Өтген, дүние! Қартқожа естіп тұрар ма еді? Қартқожа естесе, біздің құлағымызға да тиер еді.

Бізден гөрі батыл жазушы болса, болыстың қаладан не бітіріп қайтқанын, енді үшеуі не сөйлесіп отырғанын есітіп тұрған кісіше айтып берер еді. Біреудің ішіндегісін болжайтын қырағылығымыз жоқ. Елдің «игі жақсыларының» ішінде қандай алтын жатқанына кісінің миы жете ме? Әлде олар елдің қамын жеп, шара таба алмай, дағдарып отырған шығар. Әлде патшадан келген жақсы-

лық хабарды қалай естіртудің есебін таба алмай отырған шығар ол арасына көзіміз жетпейді. Аз-маз құлағымыз шалған хабарды қазір айта қоюға «бөленше сүй деп жүр» деген өсектен қорқып, аузымызды бағамыз.

Десек те, томаға-тұйық тастайды деп қауіп етпеңіздер. Қазақтың ішіне сөз тоқтамайтыны өздеріңізге мәлім. Ішімізде сақтасак, жарылып өлмейміз бе? Біз айтпағанмен басқа біреуден есітіп қоярсыздар. Бояыстан естіген хабарды айтқанымыз өзімізге де мәртебе екенін әбден білеміз. Әйтсе де жолдасқа опа қылайық деп, Қартқожаны қаңғытып, тастап кеткіміз келмейді. Жүріңіздер, әзірше сабыр етіп, Қартқожаны тауып алайық.

Қымыздан кейін ел адамдары үйір-үйір болып, оңаша сөзге кіріскенде, Қартқожа қайда барарын білмей, сандалып қонақ үйдің қасына келді. Ондағы ойы — қонақ үйде тілмәш болса, соған жолығу еді. Босағадан бас бағып сығалап еді — Қожаекен қолына бір саятшыға су күйғызып, дәрет алып «істірақат етіп отыр екен. Басқа кісі көрінбейді.

«Осынау маған түзу жауап айтар» деген бір жаман тымақтан:

— Тілмәшті көрдіңіз бе?— деп сұрады.

— Тілмәш дуаннан келген жоқ,— деді.

Жауап бергенге емексініп, Қартқожа келген шаруасын айтты.

— Болыстың өзінен сұра,— деді.

— Өзі айтар ма екен?

— Кім біледі? Көңілі түссе, айтар.

Қартқожаның екі көзі болыс жақта. Болыстар аузы жабысып жатыр. Анда-санда байталына бір қарап қойып, шыбығымен жер шұқып отыр. Болысқа баруға бата алмайды. Жолықпай кетуге тағы болмайды. Сол ойда отырғанда, Қартқожаның алдынан байталын мініп бір бала өте берді. Қартқожа:

— Әй, қайда барасың?— деп тұра ұмтылды. Бала тоқтамады, тебініп қаша жөнелді.

Айғай салып сонынан жүгіріп бара жатыр еді, болыстың малайы:

— Немене? Жаның шығып бара ма?— деп ұстай алды.

— Басқа ат жоқ па? Неге мінеді?

— Мен мінгіздім, қайтесін?

— Сенің не ақын бар?

— Кет былшылдамай! Өзің бір пысық неме екенсің!..— деп кеудеден итеріп қалды. Қартқожа не дерін білмеді. Жүрегі аузына тығылып, қысылып қалды. Төбелесуге әлі жетпейді. Болыстың жігітімен қалай төбелессін? Азуын шайнап қала берді. Күйінді, ызаланды. Бұл ауылдың итіне шейін зорлықшыл, ұлы кеуде екен деп ойлады. Тезірек кетуге асықты. Бірақ байталын мініп кетті, қалай кетсін? Өзінен еріксіз аяқтары қонақ үй жаққа қарай аяндады.



Қонақ үйге таянған кезде, екі қолы қалтасында шартып, үйіне қарай кердеңдей басып, болыс келе жатыр екен. Ойланғандай болған жоқ, төтесінен қосыла кетті. Болыс көрмеген кісідей, қарамастан кетіп барады. Тоқтамасын сезген соң, Қартқожа кипактап, тұтығып:

— Мырза... кішкене мойныңызды...— дей бергенде, болыс жүріп бара жатып:

— Не арызың бар?— деді.

— Кінегедегі жасымды білейін деп едім...

— Не білетіні бар?

— Ілінген бе екем деп...

— Кет әрмен... мыжымай!— де үйіне кіріп кетті. Қартқожа қала берді.

Байталы келген соң:

— Не деген баласын! Өлгенше қинағаның не?— деді де, міне сала жөнелді.

Жарты шақырымдай шыққанда, дуан жақтан кара жолмен бұрқыратып бір пәуеске, бір трашпеңке келе жатқанын көрді. Ұстап алатындай, жалт-жұлт қарап, байталына қамшы салды.

Дүниеде болыстан жауыз жан болады деп ойлаған жоқ. Дәрмен біліп жүр екен. Бұл итті аяу керек емес екен. «Өлтірер ме еді» деген ой сонда келді. Одан бұрын кісі өлтіру деген нәрсенің атынан шошушы еді. Болыстан кек әперетін кім болу керек? Жасақтағы жігіттер болу керек. Болыстың келгенін олар білмей жатыр ғой. Оларға есірту керек. Бәлемді шапсын, өлтірсін деген ойға тоқтады да, аттың басын Алабас тауына бұрды.

## ЕГЕР ҚҰДАЙ БОЛСА...

Ідіріс қажының ауылы жолда. Бай ауыл. Көп ауыл. Байдың үйінен тауы шағылған Қартқожа шеткі бір қараша үйден айран іше кетейін деп ойлады.

Таяна бергенде көрінген бұрқыраған, ұласқан қалың түтін ауылын өрт қамап жатыр ма дегізгендей еді. Дөңсенің үстіне шыға келді. Будақтаған қою түтіннің астынан үйме-жүйме еркек, әйел, бала-шаға көрінді.

Келсе, жардың басына жерошақ қазып, үш ауыл тасаттық беріп жатыр екен. Өлке қан, түтін сасиды. Қартқожаның етке зауқы соқты.

Қара құрық. Түтін. Қазан. Ит. Бала. Ию-қию.

Қартқожа көгалда отырған ақсақалдарға бұрылды.

Қожа, молда, мешкей, ындыны жаман неше түрлі сұқиған, сімтік шалдар жемтікке үймелеген қарға, күзғындай осы топта екен. Баласын, туысқанын қалдыра гөр деп, біреулер құдайдан

тілек тілеп жүрсе, құзғындар ынты-көңілі — етке тою, тері, май пайда қылу. Молдалар садақаның шарапатын сөйлеп отырғанда, толқа таман бір құшақ тері көтеріп, бір бала келді.

— Қожаеке, мына терілерді қайда апарайын?— деуі-ақ мұн екен, шаригат соғып отырған қожа ұшып түрегелді:

— Кәне, бері әкелші нешеу болды? Мылтықбайдың терісін алдың ба?

— Алдым.

— Мақтайдікін алдың ба?

Қожа терісін санай бастағанда, Құсқымбай молда да шыдап отыра алмады.

— Я алла! Терімізді біреу қағып кетер ме екен?..— деп, қой сойған жаққа жөнелді.

Жолтай деген бейпіл ауыз:

— Осыларды әулие қылған қазақ та оңады дейсің бе?— деді. Оның сөзін салпы ауыз мешкей қағып әкетті.

— Әулие қайша? Осы заманда әулие бар ма? Айтқаны өтірік, қылғаны ойнас, ұрлық. Мал табу үшін көзін сүзіп, ағуз тартқан болады. Осылардың білген әлқамын біз де білеміз. Бұларға бергенше нашар кісі бізге бер, мына ашылып отырған борбайымызды жабайық.

— Олай демендер. Атасына дуа қонған Атай пірдің әулеті ғой. Тек байғұстардың дуасы қабыл болсын!— деді бір жаман пірадар. Салпы ауыз тағы сөйледі:

— Осылар дуасын өздерінен аяп жүр ме? Ана таз қожада бала жоқ. Қосымбайдың баласы нақұрыс па, мөжнүн бе, шорт мазарат, өне бір ақсақ қожа ылғи шешесін бақыртып ұрып жатқаны. Қасиетті болса, өздерін неге жарылқамайды?

— Бұлардан өзіміздің сарайымыз ана құрлы түзу,— деді сақау мешкей.

— Сендердің сарайың етке тәуір шығар?— деді бір ақсақал.

— Қожа, молда бізден кем жесе, үстіміздегі шапанымды шешіп берейін,— деді салпы ауыз.

— Бү қожа, молдаларың шаригаттан түк білмейді екен. Былтыр құрбанға қой таба алмай, осы кожадан шаригат сұрадым. Көрі саулығым мен бір семіз марқам бар. Саулықтың еті жеуге келмейді. Қайсысын сойайын?— дедім. «Еті жұмсақ, семіз болса, жасы кемдік қылмас, марқанды-ақ сойсайшы!» дегені ғой. О неге десең, етін өзі жеймін дегені. Марқаның терісі де құнды ғой. Алдыңда Күн-текең ауылында марқа жарамайды, семіз бойдақ қой соясындар деп кетіпті. Бұлардың шаригаты құлқынына қарай өзеріп отыратынын сонда білгем,— деді бір жігіт.

Жұрт: «Ой, шаригатыңа болайын!» деп күлдісті. Осындай қыңыр кенеспен отырғанда ет пісті. Астаулап тегенелеп, қазан-қазаннан буын бүркыратып түсірген етті талтаңдасып, дедектеп бір жерге

жинай бастады. Ақсақалдар, мешкейлер пышақтарын суырды. Табақ жаңа тартылып, қолды қоя бергенде:

— Таста! Таста!.. Аттан!.. Аттан!..— деп жерді-көкті жұлып, бір жігіт атой берді.

— Немене? Не боп қалды?!— деп жұрт жамырап қоя берді.

— Соғыс... Әскер...— деген сөздер ғана құлаққа тиді. Ұйқы-тұйқы болды. «Ат қайда?.. Ұмтыл!.. Шап!..» деген жаң-жұң, қарбалас... жанталас, жүгіріс. Қартқожа да байталына ұмтылды. Отқа жіберіп еді, жуырда таба алады. Аяғы босанып, саяққа қосылып, дөң асып кеткен екен.

Тасаттық берген жердің қасынан өтіп бара жатса, ет біткен жайрап қалыпты. Еттің басында аузы, басы қалпетімен май, екі мешкей қорапты арбаға піскен етті төгіп, кенеліп жүр, ауыздары толуды: «Ана табакты бері әкел!» дегеннің орнына түмсығын көтеріп мөңірейді. Олардың ар жағында ет пен теріні бірдей жинап, аяғы сайға тимей, қожа-молдалар қаздаңдап жүр. Қаптаған ит, жетім бала, кемпір, қайыршы сықылдыларды мешкейлер мүйізімен жайпап қуып жүр.

Қартқожаның ойына әлде нелер келді. Қазақтың қан жылап жатқаны мынау. Құзғындардың, «жақсылардың», адамдардың түрі анау. Мыңдаған, миллиондаған азамат ажалға кетіп бара жатады. Жүздеген жауыздар масайрап, тамақтан басқа қамы жоқ, елді еміп жатады. Олардың жауыз баласы үшін біз жанымызды құрбан қыламыз. Не өтесісі, не жақсылығы үшін? Әділет, теңдік, адамшылық қайда? Олар бос сөз бе? Оларды кім шығарды? Осының бәрін істетіп отырған адам ба? Құдай ма? Егер құдай болса... деген ойға тірелді де. Қартқожа күпір болдым ба деп тәубе келтіреді.

## ЖАН САУҒА

Есекқырған найза бойы көтерілгенде, екі-екіден тізілген елу шақты аттылар тауды бөктерлеп, Қанай моласына қарай құлады..

Бозторғай шырылдап, таң ала көбең болған кезде, моладағы жау дүрбі салып, Алабастың нығынан үш атты кісіні көрді. Тау басындағы қарауылшылар да жауды көрді білем, ініне кірген суырдай шөгіп кетті.

Таудың басы сәулеленіп, төңірек айқын көрінді. Қартқожа бір сайда келе жатыр еді. Екі атты кісі сыпылдатып. Алабасқа қарай өтіп кетті.

Қартқожа жасаққа келсе, азамат ат үстінде екен. Төмпейдің бетінде топ. Басқылар ортада. Бір-екі кісіге жігіттер қамшысын білеп, ақырып, төніп-төніп қояды.

— Сендер байдың сөзін сөйлейсің...

— Соғысамыз...

— Бәрібір, осында олеміз...

— Алдымен болыстың басын жұтамыз...— деген айқай, гуілдеген, дүрілдеген кеуде, тепсінген тегеуірін.

— Көп білсін, қауым білсін!...— десті.

Көп олай толқыды, былай толқыды, біреу іреді, біреу сойды, ақыл шықпады. Жалыны қайтқан кәрілер, ынжықтар, қорқақтар, байдың, жуанның қонсылары, жуан атадан тізе көрген қорғалақтар жұмыстың қайғысын сөйледі. Жау жүректер, күйінділер, жастар, бір кісілік әлі бар даңғоңлар, «өжеттер, ұр да жықтар, ұрылар «соғысамыз» деді. Жамыраған қойдай шулады. Қай жағы көп екені білінбеді. Дәрмен қамшысының сабына ақ орамалын байлап:

— Соғысатындарың бері шық!...— деп топты таудың бетіне қаран соза жөнелді.

Қорғалақтар, қорқақтар шегініп қалды. Ерлер іріктелді. Тайқалақтар қай жағына қосыларын білмен, екі жаққа кезек жүріп, екі топтың арасын жуырда жіктетпеді. Болінгендер қалғандарға кіжінді. «Жаны тәттілердің атын аударып аламыз, қамшы береміз. Соғыспайтын болса, жасақта не ақысы бар?» деп жанкештілер қамшы басты. Қамшы жеген қорқақтар қайта тығылды. Жасақ қайта жаңданды, соғысқа қамданды.

Қалай соғысу керек?

Бірнеше жоба көрсетілді. «Алабастың қуысынан шықпай, бекініп жатайық, мергендерді тар асуға қояйық» десті біреулер. Енді біреулер: «Атысып жеңе алмаймыз, қолма-қол қара сойыл болмай оңбаймыз, қаптап киіп кетейік» десті. «Одан да қайратты жігіттерді іріктеп алып төбелеске кіргізейік те, қалғанымыз артынан тиетік» дегендер де болды. «Түнде, қапылыста басайық» дескендер де болды. «Елші жіберіп, алдаусыратайық» деген де болды. Аяқтап келгенде бөлінуге кісі шықпады, біріне-бірі қара тартып, не де болса бірге көруге бел байлады.

Кіші бесінде жасақ асудан шұбырып түсіп, тауды қойнаулап, Қанай тамына қиялай салды.

Опыр-топыр. Дыбыс жоқ. Сұр қашқан. Тымас жымырулы, бас таңулы, тақымда — сойыл, шоқпар, найза, айбалта. Кейбірінде бытыра, шиті. Аттар ала жабулы жарауы, тоғы, жадауы, күйлісі, жүйрігі, шобыр аралас. Біреу желіп, біреу шоқытып келеді. Қанайға бес шақырым қалғанда, шеткі адырды бетке ұстап, жасақ тоқтады, ұйлықты. Үш жігіт тауға тырмысып, — қарауылға шықты. Қарауылшылар бұғып қайта түсті. Жасақ қозғалды. Насыбай атылды, айыл тартылды. Қару қолда. Адырдан сопаң етіп шыға келді.

Қанай өзеннің қабағында. Төңіреті жазанқай адырдан шыққан кісі бадырайып тұрады.

Жігіттер қанат жайып қантай алмады, түйдектеліп қақ жарылды. Дәрмен бастаған жақ жалтаңға шығысымен күйіндай зулап,

сатырлатып шауып кетті. Сол канат созалаңдап, артқылары адырдан жуырда арыла алмады.

Молаға екі шақырымдай қалғанда мылтық даусы сатыр-сұтыр етті. Жазанқайды түтін қаптап кетті. Жігіттердің бірсыпырасы жарқ берді, кейбірі аттың жалын күшты, кейбірі түсе қалды. Алдында жиырма жігіт кетіп барады. Қартқожа арт жағында келе жатып: «Ойнырым-ай!» — деді. Алдағылардың бірі омақаса жер қауып еді. Оқ бүршақтай жауды. Түтін ішінде тағы біреулер қан көбелек ойнады. Көсем топ ыдырай бастады. Бір-екеуі жығылғандарға айналақтап, өзгесі кейін жарқ берді.

Қалың топ алғашқы мылтық даусымен бірге-ақ бытыраған. Тоз-тоз болып андағайлап, «қаш-қаштың» астына алып, алды артына жөнелген.

Сол қашқаннан мол қашып, жігіттердің көбі аулына тарады. Арттағылар не болғанын білген жоқ, Қартқожа да жансауға қылды.

## БҮЛТ ҚОЮЛАНДЫ

Батыстан шыққан кетпектей қара бүлт желді ішіне тартып, үілдей бастады.

Торғай ұясына, тышқан ініне тығылып, жан-жануар бас қорықтау қамында.

Ауыл әбігер. Үй бастырып, қазық қағып, бақан тіреп, арба тартып, аласапыран. Жаулығы басына түрілген қатындардың айғайын дауыл жұлып өкетеді. Желдегі құлындар үрпиісіп, шұрқырап, күйрықтары шошайып делегейленді. Енелері тонқая жайылды. Қозылар айырылып, бұзаулар ыға бастады. Иттер арба астына, ашамайдың панасына кірді.

Жел кенет тынайын деді. Тынғаны емес, ішін тартқаны еді. Қайта соққанда, ауылдың шаңын аспанға шығарды. Жауын сырылдап келеді... міне тамды, міне кұйды. Найзағай жарқ етеді, алыстан емес, қақ төбеден шарт етеді. Қатындар шылапшын, самауырын, темір шелектерді жауып жүр. «Жүгірме! Есіктен былай кет! Отыр!» деп, еркектер балалармен алысып жүр. Айналасы бір-екі минут болған жоқ, долданған дауыл уықты сықырлатып, үйді еңсеріп, өкетіп барады. Жұрт желбауға, бақанға, керегеге жабысып жатыр. Дауыл үдеді. Құтырған кұйын шеттегі қараша лашықтарды доптай ұшырды. Тонқаймалар — үш канат, төрт канат үйлер жалп-жалп етті. Үлкен үйлер де алдына таман итініп, ұйықтап тұрған қатынның жаулығы құсап, қикайып қалды.

Алдымен ұшқан үйдің бірі Қартқожанікі еді. Жауын сабап тұр. Қартқожаның үйі жайрап жатыр. Әжесі керегенің арасына қысылып қалыпты. Қартқожа мықшындан суыра алмай, жеңгесін

шақырады. Женгесі жаулығын қуып кеткен. Бесігімен домалап жас бала тұишытып жатыр. Кенжетай бузауда. Төгілген айран, жарылған қарынды иттер жеп жатыр. Үсті-басы суға малшынып, Тұңғышбай шауып келіп түсе қалды. Бесікті көтере сала, әжесін шығарып алды. Үй бүлінген, шаруа күйзелген. Әжесі бұғанасын ұстап, бебеу қағады.

Жауын саябырлаған кезде:

— Бүгін құдайдың ұрған күні ғой, тарғыл құнажынды алып кетті,— деді Тұңғышбай.

— Кім әкетті?— деді Қартқожа жұлып алғаңдай.

— Сенің жасаққа барған кесірің. Болыстың шабарманы әкетті.

— Малда не ақысы бар?— деді Қартқожа.

— Малы түссін! Басты айт,— деді әжесі.

— Жасаққа кіргендердің бәрінен сойып алып жатқан көрінеді. Төлебайдың жалғыз атын әкетті. Казак-орыстан өгірет алып, елді қиратып жатыр.

— Жасаған-ай! Барма деп ем, болды ма? Осында бір Имақан дегенге еріп...

Жанбыр ашылған соң, аман үйлердің кісілері құлаған үйлердің топанын тамашалап көрісті. Аяған болды.

— Бір құнажынмен құтылсаңдар не қылсын? Жігіттерді де ұстап жатыр дейді. Нығманды, Шәкіманды ұстап әкетіпті. Ыбырай қашыл кетіпті. Оның бір өгізін өкетсе керек,— деп әркім естігенін айта бастады.

— Дәрмен қайда екен?— деді Қартқожа.

— Дәрмен ерлік қылыпты. Елді арандатқанша, өзім құрбан болайың,— деп, қашпай өзі беріліпті.

— Ұстағандарды қайтіпті?

— Абактыға жөнелтіл жатса керек.

— Имақан кашам деп, үйін жаман шығындатса керек.

— Қашу бекер ғой. Қашып жүріп күн көре ала ма?

— Әркімге жан керек. Біреудің отына біреу күйе ме? Имақандікі ақымақтық. Оның кесірінен ауылына да зиян салып отыр,— деді біреу.

Енді бір отағасы тұрып:

— Сендерді іздейтін болса, шырақтарым, кашам деп, ауылды масқара қып жүрмендер. Алдымен өзіміз ұстап береміз,— деді.

Мына сөз Қартқожаның өңменінен атып жібергендей болды. Туысқанның, ауылдың түрі мынау. Енді қайда барғанда жан қалады? Ағайыннан, ауылдан қайранның жоқтығын, қазақтың береке, ұйымның бас паналатқандай ешбір тиянақтың қалмағанын, қиын қыстау күн туса, әркім өз басын қорытпап кететінін Қартқожа сонда білді.

Бұрынғы сенім, бұрынғы талабы, бұрынғы үміті — бәрі де жоққа шығып, қарусыз, жапан түзде жалаңаш, жалғыз қалғандай көрінді.

Ауыл кісілері шанылдап сөйлесіп, қираған үйлерді жинасып, біреуді мінеп, біреуді шенеп, біреуді жұптеп жатты. Қартқожа ешкімге тіл қатпады. Көзін сүртіп, кемсендеп, бұғанасын сипап, ауырсынып отырған әжесіне қарап, сілейіп отырып қалды.

## ҚАРА ТАЛАСҚАНДА

Күзем өтті. Ауылды айналып, қиқулап, қош айтысып тырна да кетті. Көк сұрқыл тартты. Шөп қуарып, жапырақ сарғайып, мал-жан тоназуға айналды.

Жігіттерді 15 күннен қалдырмай жөнелтеді деген жарлық шықты. Ел сандалды.

Біреулер керуенге мал айдауға, біреулер тас көмір қазуға, біреулер тұзға, біреулер пошта тасуға кірісіп, қайтсе жан қалудың қамын істеуде.

«Жауынды күні ит пен бала құтырады» дегендей, со кезде ақсақ, таз, мылқау, бүкірлердің қаны жерге тимеді. Оларды орнына көрсетуге жалдаған кісі Қытай қорғанына тығылғаннан кем болған жоқ.

Байжұмырдың тазына бір сиырға сөйлескеніне үш күн болып еді. Уәделі күнде мал алуға келмеген соң, Қартқожаны тағы жіберді.

— Япыр-ай, ол ит тағы айнып қалды ма? Келсе керек еді ғой... Ол айныса, екеуіміз бірдей кетеміз-ау!.. Екі әйел не күн көреді? Кімге сүйенеді?.. Ағайынның түрі мынау... Япыра-ай, шынымен ағатайым да кеткені ме? Қой кетпес. Таз көнер. Ең болмағанда, мал қосармыз. Ол болмағанмен неғып бір жарымжан табылмайды? Неғып бір жарық сәуле болмайды?

Үміт пен қатер безбенге түсіп, кейде үміт, кейде қатер басып, Әшетер ауылына жеткенше жеңісе алмады. Басқа ой тұмсыққа ұрғандай шегініп, келмейді.

— Әшетер ауылында Зекен сасып жүр еді. Біле кетейінші!— деп солай жүрді.

Әлде жылаған баланың, әлде қыңсылаған иттің, әлде сырқат адамның дауысындай алыстан бір дауыс естілді. Таянған сайын дауыс сарнауға айналды. Жүрекке жайсыз тиеді. Баратын үйіне ауылдың кісілері жүгірісіп кіріп жатыр. Дауыс сол үйден шығады.

Кіріп келсе, толған кісі. Зекен сарнап бебеу қағады. Біреулер басын сүйеп, біреулер қолын ұстап отыр. Қан дірдектеп ағып тұр.

— Күл әкел!.. Құрым киіз жоқ па? Былғары етік қайдан табылар екен? Молда жоқ па?..— деп, саскалақтап қаңды тоқтата алмай жатыр. Өз бармағын өзі шауып тастаған екен. Бір үйдегі жалғыз жігіт. Жалдамақ кісісін бір қаржы артық беріп, тартып әкеткен екен.

Қартқожа аяды, жиркенді, қорықты. Атына тезірек мініп, жүріп кетті.

Байжұмырдікіне жеткенше талай катерлі ойлар келді. Зекеннің қолы елестей бергендей болды. Келсе, таз үйінде жоқ.

— Қайда кетті?

— Бұкабай ауылына кетті,— деді шешесі.

— Бізге берген уәдесі қайда?

— Оны білмеймін. Басқа біреуге келісіп қойды, білем.

— Ой, аллай! Мұндай да жауыздық болады екен!— деп тұра жөнелді. Жас ыршып кетті.

Жер дүние тарылды. Қараңғылық түскендей болды. Жылтыраған соуле қалмады. Басы салбырап, нығы түсіп, денесі былқсылқ етіп кетті. Қалай, қайда бара жатқанын да сезген жоқ. Артынан келген біреу: «Мал-жан аман ба?» дегенде селк етіп, басын көтерді. Нұрымқан екен. Ол бір бүкірді сілтеді.

Бүкір арзанға жалданар деген сөз недәуір демесін болды. Жалданар ма, кім біледі деп күдіктенсе де, жалданар деген үмітке жабыса бергенді тәуір көрді. Ол үміт болмаса, жардан құлап кететіндей еді. Үш үй жатақтан түзге отырып жатқан бір қатынды көріп «жолым болды» дегендей, үміті тағы нығайды.

Тауға кірген соң, орман жиленді. Алды — тар кезең. Біреу ұстап алатындай, жүрегі түршігеді. Жалтақ-жалтақ етеді. Қияға қарай өрлей бергенде, ер-тоқымды бір кок шолақ шыға келді. Кісісі қайда? Неткен ат? Енді бір 20—30 қадам асуға өрмелей бергенде, Қартқожа: «Алла!» деп, атынан ұшып түсті.

Есі ауып қалған екен. Балтасы белінде қыстырулы екен. Еңбектеп, ептеп, тастан барып сығалады. Қарағайдың бұтағында қыл шылбырмен мойнынан асулы бір кісі салбырап тұр. Мойны сорайып, басы бүгіліп, қолы денесіне жабысып сіресіп қалыпты. Түрі танымал тәрізді. Әнеу күні жасақта көріп еді.

Ілгері жүруге қорқып, Қартқожа шегініп ылдига түсті. Өңі екенін, түсі екенін айыра алмады. Жын соққан кісідей, аузы жыбыр-жыбыр етті. Түрі жұртта қалған су шүберектей болып, ерні кезерген.

Ылдига түсе сала, Қартқожа артына алак-алақ етіп шауып барады. Сол шапқаннан шауып, тауды айналып кетті. Қайда барады? Не бітірді?

Міне естисіз.

## ҚОШ АМАН БОЛ

Ол күні Қартқожа лағыл теріс шығып кетіп, далаға түнеген. Ертеңінде есін жинап, сұрай-сұрай бүкірді тапқан. Өлдім-талдым дегенде, көздің жасын иіп, бір бұзаулы сиыр бермек боп, бүкірді алып қайтқан.



Бүкірдің бүкіріне бас шұлғып, құдайдай табынып, түскен жерде алақанына салғандай, мәпелеп алып келді. Үй іші де «қыдыр» келгендей, қуанып қалды.

— Әже, барың болса қимылда!

— Бүйен қартадан бір тұтамдай қалып еді. Ақ ірімшікке қосып, соны береміз де.

— Әйтеуір разы болсын! Өзі бір қылжыр адам көрінеді. — Барын бүкірдің алдына тартты. Бүйен қарта шылғи май екен. Бүкір кепіетсініп жемеді. Жалынса да болмады. Бүкірдің салып отырған салқыны екен, ертеңінде сиырдан сиыр жаратысыншы. Айналдырған үш-төрт сиырдың қак маңдайына жабысты. Сүттісі де, құттысы да ақбүйір сиыр еді. Өз игілігі болған соң, қынжыла-қынжыла берді.

Ауыл күрсінеді. Күрсініп жүріп қыбырлайды. Әр ауылдан 5, 6, 7, 10 шақты азамат кеткелі жатыр. Өңкей көк өрім, көген көз, жанмен жан асырап жүрген сорлылар. Он тоғыз бен отыз бірдің арасында байдан, жуаннан бір адам жоқ, болса да жол тапты. Қай жерде тесік болса күштінікі, малдынікі болды. Ысқатқа, төлеуге беретін арық-тұрақ, қатпа қыршаңқылардай, келей біткен шетке қағылып, іріктелді. Балапан — басына, тұрымтай — тұсына...

Етігін ұлтартып, киім-кешегін жаматып, ала қоржынды аударып-төңкеріп абыржын жүр.

— Азыққа не аламыз? Төсенішті қайтеміз? Текеметтен бір тіліп алсақ қайтеді? Аналар қайтеді екен? Алуға жарайтын көрпе бар ма? Ақшасыз бола ма? Жолда ауырып-сырқасаң қайтесің? Сатарлық мал бар ма? Барлық майды аласың да. Өздерің қайтесің? Міне, Қартқожанын үйіндегі әңгіменің түрі.

Бас асаулық былай қалды. Бұлқынуға дәрмен жоқ. Жардың басына иіріп, тоғытатын қойдай, соятын малдай жұрт жиналуда. Ана дүниеден иман тілеген, өлімге бас байлаған үмітсіз аурудай сндігі тілек — жол амандығы, денсаулығы. Күш салғаны қолындағы кара-құрасы, қинағаны қолынан келгені — жаны.

Жүргенше талай сұмдықтар болды. Бармағын шапқан, жіліншігін тырнап алмас жаққан, жарасына тазқарын жапсырған, сау денесін отқа күйгізген, көзіне тұз, ізбес сеуіп, соқыр болған, мертігер ме екем деп асау мінген, биік тамның, ағаштың, тастың басына шыққан, күйдіргі жағынып жамандаттың етін шала пісіріп жеген, ұшынар ма екем деп аузын сүртпей, далаға жүгірген... көп болды. Талайлар дертке ұшырады, талайлар жарымжан болды, некен-саяқтар өліп те қалды. Алайда көпшілік жанкештілік ете алмады. «Көппен көрген — ұлы той», «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» сықылды дөтке қуатпен көндігіп кетті.

Жігіттер аттанғалы жатыр.

Ауыл улаған-шулаған. Мал бағусыз, сұраусыз, құдықбасы, қотан опыр-топыр. Арбада бұзау мәңірседі, үй артында ит үли-

ды... Азан-қазан. Шапқыласқан, жүгіріскен, жаңылдасқан еркек. күрсінген, солқылдаған, ішін тартқан шал-кемпір, апа-қарындас, шешесі итеріп тастап, шырылдаған жас бала. Төсек-орын, азық-түлігін арбаға таңысып, көліктерін қамдасып жатқан жігіттер. Өлден уақытта көлік даяр болды, алды айғайласып, ауылдан баяулап жөнеле бастады, арты созалаңдап, ауылдан айналақтап шыға алмай жатыр.

– Әйелдер бармасын, калсын!– деген бір-екі айғай шықты. Бірақ әйелдер көпке шейін еріп қалмады.

– Әже, шаршап қаласың ғой!– дейді Қартқожа. Әжесі Қартқожадан көзін айырмайды, жасы телегей-теніз боп ағады. Сөйлей алмайды, кемсеңдей береді.

Көп молаға таянғанда, арба мен әйелдерді анадай жерге тастап, еркектер тырым-тырағай жаяулап, мойны салбырап молаға шұбырды.

Жұрт жиналып, өзді-өзінің өлігіне құран оқысып болған соң, Қосымбай молда түрегеліп:

– Дәреті жоқтарың дембі соғындар! Садақа беріп, аруақтан медет, құдайдан тілек тілеп, екі рақат намаз оқиық!– деді.

Дәретсіздер алақанын топыраққа соғып, дембі қағысты.

Топ сап түзеді. Аспанды сұр бұлт басып, қабағын түйіп, күнді көрсетпеді. Төбесі опырылып, үңірейген көрлер күздің ызғарлы желімен үн қосып, желді күнгі бөшке күбінін аузындай уілдейді. Қосымбай молданың «Алла әкбар!» деген дауысы жер астынан шыққандай күңіренеді. Көз сәждеде, жүрек аллада. Тізе басқаны тілсіз күшке, жауыз тағдырға бас игендей болды, сәждеге бас қойғаны жер күшқандай, көр күшқандай болды.

Қартқожа егілді, тұла бойы, бар тамыры солқылдады.

Егілмей қайтсін? Арба басында әжелері күңіренеді, мола басында еркектер күңіренеді, молада аруақтар күңіренеді, даллада мал күңіренеді, жалғыз Қартқожа емес, қалың казак, Сарыарқа күңіренеді.

– Аумин!..– деп батаға қол көтереді.

Кенкілдеген дауыс:

– Я аруақ!.. Я бабам!.. тұқымыңды шынымен күртқаның ба?..

Ақ сарбас!.. Я Фаусыл ағзам!.. Боз қасқа!.. Қыршын жастарды... бөленнен, қазаннан қағас қыла гөр!.. қолдай гөр!..

– Аумин!

– Илаһи аумин!..

– Қош аман бол!

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### МАЙДАН

Аяулы оқушылар! Қартқожаның тартқан бейнетін оқып, жандарыңыз жабыққан шығар. Сондықтан сіздерді Қартқожамен бірге қалаға апарып, жігіт алған (прием болған) жерде қаланың саудагерлеріне, бай, болыстарға аунатып жегізіп, доктырлардың пара алғанын көрсетіп. Қартқожамен бірге жалаңаштап моншаға апарып ауыртып, тоғыз тазбен бірге қамап, дүңгендерден таяқ жегізіп, әуре қылмай-ақ, тура майданға алып барғалы отырмыз.

Орман төңірегі ор. «Окоп» дегені ор екен. Тан атса, жігіттер тамақтанып ор қазуға кетеді. Түсте бір тынығады. Күрс-күрс зенбірек дауысы естіліп жатады. Дүрілдеп аптамабел өтіп жатады. Қак төбеден дырылдап айырпылан келіп қалды. «Қаш», «жат!» деген айқай шығады. Жігіттер тырым-тырақай жата қалады.

Қартқожаға «парокод», «пойыз», «аптамабел», «айырплан», «окоп», «бомба», «гранат», «пулемет», «самолет» деген сөздер ауылдағы Сәрсембай, ала сырмақ, қара кебеже, тор байтал дегенмен бір есеп болып кетті. Бірақ аты таныс болғанмен, қандай тетікпен жүргізіп, зымырап ұшып жүргеніне миы жетпейді. Тетік әлемі қаранғы түнмен бір есеп көрінді. Мәшинемен, мотормен, бумен, бензинмен, спиртпен жүреді деп естиді. Бәрін жүргізетін мәшинені жүргізетін не? Ол «бірдеме» болсын. Ол «бірдемені» тағы не жүргізеді? Сикыр ма? Пері ме? Жын ба? Құдай ма? Оған ақылы жетпейді. Жын, пері дейін десе, аптамабелге, айырпланға мініп жүрген кәдімгі адам. Кәдімгі көзі тұздай, мұрыны біздей сары орыс. Қартқожа орыстың, татардың білетін оқыған кісілерінен сұрастырды. Олар оқумен, ғылыммен табылған деп түсіндірген. Кейбірі Қартқожаға ұқтырмақ болып та әуреленген. Қартқожа түк ұқпаған. «Оқумен табылған» дегенге сенген, қол қойған.

Қартқожа — жүзбасы. Көбінесе қолы бос. Аспандағы торғайдай шырылдап жүрген айырпланға қарап, қиялы аспанды кезеді. Айырпланға мініп, бұлтпен араласып, көкке шарықтасам, көкте жүріп жердегі жыбырлаған жандарға көз жіберсем, ұшып жүріп, қазақ даласын кезіп шарласам, ауылдың үстіне барып, қара күстай қалықтасам, айырпланды дырылдатып, елді бөріктіріп, ұйқысын шайдай ашсам, қазақ қорқып, тасаттық берсе, тасаттықтың етінен жеп, «әлемет» емес «өнер» деп жұртқа түсіндірсем, өздерін де мінгізіп көрсетсем, көп айырпланмен надан елді көшіріп әкеліп, осы тамашаларды аралатсам, қазақ та айырпланнан қорықпайтын болып, өздері істеп үйренсе... тағы, тағы, болмайтын қиялдар ба-

сына келеді. Қиялына өзі қуанады, жымың қағып масайрап отырады. «Әй, жүрмейміз бе?» дегенде, қиялын бөліп, жерге түседі.

Тағы да жұмыс. Қара жұмыс. Жаю жүріс, шаршау, ұйықтау, ұрыс, керіс, боғауыз – бәрін басып кетеді, күл тұрмысқа тағы бағынады. Айырпал алыс, қайда барсын?

Әуелі кезде Қартқожа мылтықтың дауысын естісе, оқ тиіп жараланып қалдым ғой деп бұғып жата қалушы еді. Жаралы кісі болып, жуырда басын көтермеуші еді. Қимылдап көрсе, аман болады. Содан кейін мылтық дауысы шығысымен аяқ-қолын қимылдатып байқайтын болды. Әуелде аяғын қия басса білдірмесіне тиіп кетіп, жарып алатындай, атылып кететіндей, соқтығып, ілініп кететіндей трамбайынан да, пойызынан да үркіп тұрушы еді. Жүре-жүре бойы үйір боп, трамбайға өзі мініп кететін болды. Әйтсе де атқа мінген бала тәрізді, тақымы бекімей жүрді.

Келерде «Самар», «Мәкәржі», «Мәскеу», «Петрбор» деген қалалардың атын есітіп, аналайдан қарасын көргені болмаса, күзетші солдат қамаған қойдай шашау шығармай айдап келіп еді. Майданға келген соң, кішкене еркіндеу болды. Бір татармен еріп Рига қаласын да аралап көрді. Қошелері маса тайғандай теп-тегіс. Төбесіне қарасаң тақия түсетін биік, сұлу үйлер. Өңкей жарқыраған шыны магазиндер, магазин алдында еңгезердей – арыстан. Қартқожа тірі екен деп қалады. Сөйтсе, сүгірет болады екен.

Бір таң қалған нәрсесі – аңдар, құстар бақшасы болды. Шарбақ. Шарбақтың іші – тау, көл орман, көгал. Көлдің үстінде сымнан тоқылған күмбез түр. Көлдің беті, орман іші, таудың жүзі қайнаған неше алуан құс. Бүркіт, қаршыға, қарғаға шейін бар. Аю, жолбарыс, арыстан, қасқыр, түлкі, киік, бұғы, марал, арқар, таутеке, сілеусін, құлан, бұлан, маймыл... не керек, дүние жүзіндегі жан-жануардың бәрін сонда жинаса керек. Қартқожа пілді де көрді.

– Япырмай, бұларды қалай ұстап алды екен?! Қалай асырап сақтайды екен? Жердің жүзіндегі мақұлықты бір-ақ күнде білетін болдық қой! Әбзи, осы өнерді кім тапты екен?

– Не нәрсені?

– Аңдарды ұстауды.

– Немістер тапқан болар. Алар құлтурни халық бит.

– Неміс өнерлі екен-ау!

– Ту! Неміс шулай енді.

– Неміс күшті ме, орыс күшті ме?

– Орыс немістің бір бармағына келмөс.

– Ендеше неміспен неге соғысады?

– Патшалар бит. Соң не ишлорсің?

– Патшаға не жетпейді?

– Алар көпеслернің, алпауытларының пайдасын ішли.

– Ендеше көпестер неге соғыспайды?

– Алай болми енді. Хүкүмәт болғаш, армиясі болырға тиш. Күпеслер қарнын қампайтқаннан башқа әниінін... суғыша ма?

– Солдаттар акыны көп ала ма? Неге қырыла береді?

– Шортының акысын алсын ма? Надан бит. Надан болмаса, казаклар, сартлар шушындай харап булмаған болар еді.

– Солай де...

Қартқожа мұндай сөздерді әркімнен естиді. Майданда қандай керемет, қандай қиянат көрсе де, сұрастыра келе, не ғылымның күші, не ақшаның күші болып шығады. Қартқожа өзінің жаман ойын жүгіртіп, дүниенің қызығын көруге екі-ақ нәрсе керек екен деп жорыды: бірі – ақша, бірі – ғылым.

## ҚАРАҢҒЫДАН ЖАРЫҚҚА

Қартқожа аңғал, аңқау, салқам болушы еді. Жүз басы болып бар тапқан ақшасын жолдастары қалтасынан ұрлап қойып, бір ренжіді. «Оңбағанның саяғы түзде жүріп тебіседі» деп ор қазуда, майданда жүрсе де, жігіттердің ата намысы, бақ күндестігі арылмай, арасынан бүлік шықты. Бір жағы Қартқожаны түсіреміз деп, бір жағы түсірмейміз деп қиян-кескі болды. Жүзден бір кісі елге қайтуға жеребе ұстағанда, Қартқожа осынша дәмеленсе де шықпады. Жакын арада сүйіндік жігіттері жиналып Қартқожаға ағасы Тұңғышбайдың өлгенін естіртті. Осының бәрі Қартқожаның енесін көтертпей, жүдетіп жүрген үстіне аяғына шарапнелдің сынығы тиіп, назретке жіберілді.

Лазретте қолын, аяғын кестірген, көзінен айырылған, мұрнын жұлдырғандар да бар екен. Оларға қарағанда, Қартқожаның жарасы ойымшық тәрізді. Соларға қарап, Қартқожа шүкіршілік қылды. Әйтсе де сары уайым қыр соңынан қалмады.

Өзі болса, жаралы. Ел қайда, күн қайда? Қай жақтан келгенін білмейді. Өлсе, иман айтатын да жан жоқ. Ағасы болса, өлді. Үйі қоң торғай, панасыз. Бір құнажынын ұрлап қойыпты. Үйіне көржер алып қайтам ба деп жүрген ақшасын ұрлатты. Кейісі, назланды. Құдайға да тілі тиді. «Қор ғып несіне жараттың? Түк білмейміз соқырмыз. Басқалардың күтуші әйелдеріне шейін таптаза, ойыны – ойын, күлкісі – күлкі. Біздей қаңғып өлетін емес. Қайда барса да адаспайды. Құтырмай қайтсін?»

Іші пысып жүргенде бір башқұртпен таныс болды. Тіліне алғашқыда тосаңсып жүрсе де, аздан соң аңғаратын болды. Башқұрт тұрмысын сұрады. Олар да қазақ сықылды жұрт екен. Артық оқулы да, өнерлі де емес, бірақ егін, бақша салады, бал кәсіп қылады, солдатқа барады, еті тірі, ерлеу көрінеді. Сол башқұртың ерлігін Қартқожа көзімен көрді.

Қартқожа екеуі тыста отыр еді. Назреттің жанына келіп, бір

казак дамбалын шешіп, түзге отырады. Күзетші орыстың көзі шалып қалды. Жүгіріп барып, казакты желкеден қойып-қойып жіберді. Қазак дамбалының бауын ұстап жығылып тұрып, есі шығып қалды. Бір қолымен басын қорғай берді. Башқұрт жігіт атып тұрып, жүгіріп барып, күзетшіні жағадан алып, жақтан тартып-тартып жіберді. Дәрігер келгенде недәуір төбелес болатын еді.

— Надан екен деп ұруға бола ма? Осындай зорлығы қалмайды,— деді келіп еңтігіп.

— Біздің туыскандікі де жөн емес қой. Басқа жер құрып қалғандай.

— Даланың қазағы қайдан білсін?

Қазактың таяқ жегенін көргені жалғыз бұл емес-ті. Бұрын бүйтіп ара түсетін кісіні көрмеуші еді. Башқұрттың өжеттігіне сүйсініп қалды.

Қартқожа башқұртпен әңгімелесіп жүріп, оқытатын бір орыс тауып алды.

Андрей дейтін орыс. Қазакшаға судай. Сібірге айдалып жүріп жер ауған казактың ұрысымен бірге қашып, казак ішіне келіп, сіңісіл 5 жыл тұрған екен. Қазактан көрген жақсылығын ұмытпайды екен. Сол орыс қолы тигенде Қартқожаны аздап оқытып тұрды. Оқытқанынан бұрын, Қартқожаның көзі ашылғандай көп сөз айтты. Қазакты мақтады.

«Қазак қайырымды, кең, меймандос, зерек, ақылды жұрт. Ауыз әдебиеті, музыкасы бай. Оқыса, казак тез түзеліп кетеді. Оқу керек. Патша жаман. Қазакты ел қылмайды. Біздің мұжық та надан. Басқа жұртты жек көреді. Патша тұрғанда, казактың да, мұжықтың да, жұмысшының да тұрмысы оңбайды...»— дейді. Осындай сөздерді Андрей көп айтады. Қартқожа нанар-нанбасын білмеді. Нанбайын десе де сөзі шын: еріксіз нанады. Қараңғы ойына аз-аздап сәуле түскендей болады. Жұмысшылар арасында қызмет істеп, оны-мұны көріп, башқұрт, татар, орыс, казак оқығандарымен сөйлескеннен бері, нелер тамашаны, елді, жерді қалаларды көргеннен бері, дүниенің шеті Баянауылдан неше күндік екен деп ойлайтын Қартқожаның ақыл ауданы азырақ кеңігендей, жалғыз өз басынан гөрі көптің де қамы деген сөздерге құлақ қойғандай болды.

Кейде ойланып отырып, Неколайға тәңір жарылқасын айтатын болды. Неколай казак жігіттерін қара жұмысқа алмаса, Қартқожа жол көрер ме еді, көзі ашылар ма еді! Бұ да бір есептен теріс болған жоқ деп ойлады. Қартқожаға жақсылық қылам деген ой үш ұйықтаса Неколайдың түсіне кірмегенін қайдан білсін...

Сондай күйде жүргенде, бір күні Андрей Қартқожаға қуанышты хабар естіртті.

— Жақсылық болады.

- Немене?
- Революция.
- О не сөз?
- Патшаны түсіреді. Бостандық теңдік болады.
- Патшаны кім түсіреді?

Андрей саяси партияларды, саясатты, жұмысшыларды айтты. Қартқожа партия-сарттиясына түсінген жоқ, тек «патшаны түсіреді, бостандық болады» дегенін ұқты. Патша түскенде, кім билемек? Ол арасын да білген жоқ. Әйтеуір жақсылық хабар екенін біліп, Қартқожа да сүйінді.

- Бізді қайтеді? Қайтара ма?— деді.
- Қайтаралы, патша түскен соң, соғыс бола ма?
- Болмайды.

Қартқожа онан жаман қуанды.

Екі күн өткен жоқ: «Ребәлітсе! Патшаны түсіріпті!» деген лақап дүңк ете түсті. Андрейдің айтқаны келді. Қартқожа жолдас-тарымен бірге қызыл жалау көтеріп, дүрмекке кірді де кетті.

## ЖОЛДА

Көктемнің бауырмал, жарқын күні жерге нұрын үшкіріп, ызғарын аластап, жүзіне шырай бергенде, жігіттердің де бойы жадырады. Тоқымдығы кеппей жүрген қуаңқы жануардай жерге тыраңдап аунап, сілкініп, артқы аяғын тебініп, Арқаны сағынған кезде, сүйіндік жігіттеріне де кезек тиді. Қайтқан қаздай қиқулап, лек-легімен пойызға міне бастады. Бетін елге қарай бұрды. Айда! Несін сұрайсың?

- Ке-ре-ку!

Пойызға міндік — ауылға келдік! Шіркіннің жүрісі дүлдүл емес пе? Ойын-күлкі, қызық, думан, өлең, айқай, ән, басқан сайын тау, орман, өзен, көпір, борақод. Қала, қала, қала... Қаладан аяқ алып жүре алсаңшы. Орыс қалай өсе берген?! Қайда сыйып жатқан!.. Қазақты қалай басып кетпей жүрген. Қазақты көп дейді. Қайда, қарасын көре ме?

Түнеугіндей емес. Мылтық алып қойша қамамайды, «Арда», «киргиз» деп, желкеге түймейді, кеудеден итермейді, ұстаудан босанған тұтқындай, түскен жерде ананы бір, мынаны бір тамашалап, көше қыдырып, еркінден кетеді. Ашық ауыздар қалып та қояды. Қалғанмен не керек! Жол белгілі, пойыз даяр, билет тегін, тауып келеді. Сұрастырып, жүретін жолды да, соғатын қалаларды да біліп алған. Парабоз да Қартқожаға танымал қара өгіз сықылданып кетті. Пойыздың тәртібін де біліп алды. Пойыз тоқтағанда, ішіндегі дәретханаға отыруға болмайтыны, қонырау үш қағылса жүретіні, есік аузында тұрғызбайтыны, көпірден өткенде терезе-

ден қаратпайтыны, жүріп келе жатқанда секіріп түскен кісі өліп қалатыны бәрі белгілі болды. Енді орыстан да қорықпайды: тілінің бөтендігі болмаса, жүрегі де, ойы да өзіміздікіндей. Андрей қай қазақтан кем? Артық емес пе? Қартқожаға сондай ақыл айтқан қазақ болды ма?

Сүйіндік жігіттері он шақты күнде Омбыға келіп қалды. Домалаңдаған кара торы жігіттер саятамасының қоныштары саллылдан, тымақтары шолтнып, айғай-үйғай итермелесіп, боқшаларын, төсек орнын сүйрелеп пойыздан түсіп жатыр. Жігіттер түскен кезде бағзалдың алдына жинап жүрген біреулерді көрді. Киімі орысша бір жас жігіт жұмысшыларды жинап алып, ортасында тұрып шешендік құрды.

Неколайдың қазаққа істеген зорлығын: жерін мүжыққа әпергенін, тілін, дінін бұзуға шаралар тұтынғанын, қазақты кара жұмысқа алғанын, жоғалтып, жұтып қоймақ болғанын, енді ол жауыздың қарашығы батып, бостандық туып, қазақ жұрт болуға бет қойғанын, қазақ жігіттері қайтып келе жатқанын көріп, қуанған соң, құттықтамақ болып тұрғанын... тағы да алқынған, көпірген, лепірген көп сөз сөйлейді.

Жігіттер алғыс айтып, қуанысып:

– Өзің қай елдікісің?– деп сұрады.

– Сүйіндікпін.

– Бауырымыз екенсіз ғой... туысқан болдың ғой...

– Мен де сендердің сүйіндік екендеріңді танып, сойлемеске дәтім шыдамады.

– Ел аман ба екен?

– Ел аман. Шығын жоқ. Қыс жақсы болып, күйлі шықты.

– Біздің ауыл аман ба екен?– деп сұрағандар да болды. Көңіл жықпайтын жігіт екен.

– Сіздің де ауыл аман, сіздің ауыл да аман...– деп бәрін көні қылды.

Сөз біткен соң, жігіттер пірістенге қарай баратын шойын жолмен қаланың ішіне тартты.

Пірістен басында улап-шулап, екі күн жатып, борақодқа мінді. Борақодта қазақтан да матрос, көшегерлер бар. Олардың ішінен де сүйіндік табылып, жампаңдасып, шуласып жатыр.

Кешке жақын борақод үстінде гармон дауысы шыққан соң, Қартқожа жоғарыға кетті. Орыстың жас жігіттері гармон тартып, ән салып жатыр екен. Орысы, қазағы қамаласып, тыңдап тұр екен. Бұрынғыдай емес, сырнай-кернейдің, орыстың дауысы да жылы корінді. Ертістің екі беті – жасыл орман, жасыл тоғай. Сол жиекте қазақ ауылы, қазақ малы көрінеді. Жар басында борақодты тамашалаған қатын-қалаш, бала-шағалар да тұрады. Басқан сайын елдің лебі еседі. Нан, жұмыртқа, сүт, балық сата келген жиек қалалардың мәтушкелері де қазаққа бір жақындығы бардай,



жылы көрінеді. Қартқожаның жүрегі лепіреді. Туған ауылының, үйінің, әжесінің көңірсіген, қоңырсыған туған иісі мұрнына келгендей болады.

## ТУҒАН ЖЕР

Туған жердің көдірің туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?

Туған жердің көдірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін?

Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?

Туған жердің артығын, жазатайым іс етіп, күштілерге күш етіп, еріксіз елден айырылған, шеттен дәмі бұйырған, жаттан сыйлау көрмеген ер білмесе, кім білсін?

Туған жердің асылын қараңғы үйге қамалып, қара нан мен қара шай жүрегін кесіп жатқанда, қазы, қарта, сары қымыз көзінен бір-бір ұшып есіл елін сағынған, бір көруге зар болған тұтқын білмесе, кім білсін?

Туған жердің көдірін әлеуметтік ісіне басын байлап жегілген, кенседе қағаз кемірген, күйіп-пісіп, көбеп бол, еңбегінің жемісін көрсем-ау деп телмірген, тар көше мен тар үйде бойы бір сергіп көрмеген азамат білмей, кім білсін?

Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз... Туғалы ұзап шықпаған, бауырмал әженің бауырында еркелеп өскен, үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін? Қартқожа туған жерін жағындай сүйеді. Туған жер еске түскенде, іші-бауыры елжіреп, өртенгендей күйеді. Еліне жетуге ұшарға қанаты болмайды.

Қартқожамен бірге біз де асығамыз. Аялдағымыз келмейді. Елін сүйген оқушылар, жүріңдер, туған жерге жетейік! Қартқожаның алдынан шығайық!

Шөгіп жатқан түйедей, ортасы кезеттеніп, денесін қошқыл қара түк басып, қырақасы тарақтай ирек-ирек болып, шудасы желкідеп тұрған, мынау өзіміздің Баян тауы! Жарықтық, қандай салауатты! Қандай айбатты! Міне, Ашының бойы! Әне, Бөрікөл, Быламбай. Қарасор. Ана көрінген Мойылды. Ой, шіркіндердің көзі жаудырап, самаладай болып жарасып тұрғанын-аи!

Анау сары адырдың нығынан түсіп, созылып келе жатқан қалың көшті қара! Сүйіндіктің көші! Әлде бұл қай ауыл? Көші қалың, малы шоғыр не қылғанмен көші бай ауыл ғой! Анау Ашы-

ның бойын өрлеп, сынылдатып бара жатқан күс салушылар-ау! Қаз, үйректі көк жендетің қырып жүр екен! Әне тастады. Түйді дабылды. Жарқ етті. Алды білем. Агты қойды ғой. Не деген қыран! Балаларды қара! Көштің артында қалып, тай, құнанмен жарысып келе жатқанын! Көк құнан озды! Жок, құлалы да жетті, озады-ау енді, озады-ау! Айдасайшы, шірік ит! Қап! Қарсы алдынан сиыршылар қиліккенін көрдің бе? Жығылады-ау енді. Жок, тоқтады. Әне бір сиыршы кейін қарай шапты. Арбасы қиран қалды-ау! Сиыр ит сүйкенбей жүре ме? Бәрін бүлдіріп келе жатқан әне бір күйлеген қызыл құнажын екен. Көп жылқы ана ауылдың шабындысына түскенін көрдің бе? Байлардың осынысы жаман-ау! Жок, жер қорушылар да шапты.

Қартқожа соны ойлап келе жатқанда, тау арасына кіріп кетті. Көш артта қала берді...

Әлден уақытта ауылдарының адыры да көрінді. Қартқожа бала күнінде анау қойтастан жуа теруші еді. Әне бір қуыста, бұзауды таба алмай шаршап отырып, ұйықтап қалушы еді. Міне бір сайда жұт жылы күрек аршушы еді. Анау беткейде көтерем ала сиыр тұра алмай, соқтығып өліп еді. Бәрі де танымал, бәрі де өткен күндердің ащы-тұщысын есіне түсіріп, ойын әлде қайда сүйреп әкетті. Ауылы да, үйі де, әжесі де есінен шығып кетті. Шыққан жок-ау, араласып, арасында қалды. Төбе де, тау да, өзек те, өлке де, жазық та, қыр да — бәрі де әжесі сияктанып кетті. Ауылының қарасы көрінгенде ғана Қартқожа әжесін тауып алды.

— Әжемнің жүрегі қандай жарылар екен! Көзінен жасы ағып... ойбай-ау, ағатайым жок екен-ау!

Көзіне мөлтілдеген жас келді. Жасын тыя алмай, ауылдың бәрі бүлдірап көрініп, үйіне жетті.

Есік алдында топай ойнап жүрген Кенжетай Қартқожаны көре сала: «Ағатайым, ағатайым!» деп тұра жүгірді. Қартқожаны аймалап жатыр. Арбадан түсер-түспесте, кеңкілдеп әжесі де бас салды. Тұңғышбайдан айырылып, жалғыздық көріп, сорлы болғанын, құлынын сағынғанын айтып, көп көрісті, мауқы жуырда басылмады. Қатындар айырды. Үйге кірген соң қаралы жеңгесі де зарланып, сүңкылдап жылады.

«Ағуз» тартылып, аят оқыла бастағанда, Қартқожа сөлығын басаіын деді.

## ЖАЙЛАНҒАН СОҢ

Шаруанын жайын сұрастырып, аруақтарға құран шытып, көнілі жайланған соң, бір күні әжесінен ағатайының неден өлгенін сұрады. Ағатайы Әшірбек ұрлаған құнажынға қатты аяз күні сұрау салам деп, суық өтіп кетіп, үйге келе ұшына жығылыпты. Содан

кейін өне бойы күйіп-жанып, сүзекке шалдығып, он бір күн дегенде көзі жұмылыпты.

— Содан кейін құнажынды сұраған жоқсындар ма?

— Отағасы бір-екі рет сұранышы деп айтып едім. Барған-бармағанын да білмеймін. Жесір қатынның тілін кім ескереді?

Ағасының бата оқырын өткізген соң, Қартқожа құнажынды сұрауға атқа мінді.

Әуелі Әшірбектің өзіне барып:

— Біздің құнажынды қайтесіз?— деді.

— Құнажының не?!

— Құнажын сізге таман келіпті ғой.

— Сен түгілі, әкең де маған мұндай сөз айтып көрген жоқ. Мені ұры қылатын сен қайдан шықтың? Бірдеме үйреніп келдің бе?— деп, қайда... аяғына отырғызбады. Қартқожа сампылдап, ауылнай ішіндегі «адам» — Жәнібек қажыға арызын айтты.

Кісіге жаман сөз айтпайтын кісі екен, жақсы сөзін айтты. «Ел іші — партия. Біреуден біреу мал өндіретін заман емес. Әшірбек біздің ынғайымыздағы кісі еді, шыдай тұр...» деді.

Қарсы жағындағы Аймамбай ақсақалға барып муын шақты. О да «біздің ынғайымызда жоқ, қолымыздан келмейді» деді. Болысқа барғысы келмеді. Өткен күндегі «кет былшылдама!» деп қолын бір-ақ сермегені есінде бар. Сол болыс әлі де болыс екен.

— Неколай түскенде, жұрт кенеледі дегені қайда? Нашардың қолы теңдікке жетпейді. Малыңды сұрасаң, партияға сындырады. Досы қорғай түрегеледі, қасының қолынан келмейді. Екі ортада кедей өлетін болды ғой! Қой, бұлай болмас. Елді қан қасқатқан Неколайға да зауал болып еді. Күштілерге де бір зауал болар. Бірақ қашан болады? Неколайды жұмысшылар, солдаттар, кедейшіл кісілер түсіріпті деп еді. Қазақтың болыстарын, байларын, жауыздарын кім түсірер? Қазақтың кедейінде ұйым бар ма? Солдаты, жұмысшысы бар ма? Қазақтың өңкей кедейінен солдат жасаса, қайтер еді? Осы окопқа барған жігіттердің басы қосылмас па екен?.. Әр атаның тұқымы, басы бірігеді дейсің бе? Әйтсе де көңілдес жігіттерге бір сөйлесіп көретін екен?.. Түзде жүргенде бір-бірімізді тастамаушы едік ғой... елге келген соң жолдас ақымызды ұмытып кете қояр ма екен... деген ойға тірелді де, Қартқожа Сеңкебай ауылына бұрылды.

— Жаңбырбай үйде ме?

— Үйде.

Түсе қалды.

Қайдан келе жатқанын, түк өндіре алмағанын айтты.

— Жаңбырбай, маған кішкене жолықшы... Оңашаға қазекен қандай құмар, делегейлене жөнелді. Төбенің теріскей бетіне отырып, екеуі әңгіме құрды.

Қартқожа арғыдан қозғап сөйледі. Спесік тапсырғаннан, жа-

сақ құрғаннан, отряд шығарып, жігіттерді атқызғаннан, малын алғаннан құлатып, болыстардың, ел адамдарының зорлығын, қиянатын қылға тізді. Майдаандағы көрген-білгенін, Андрейден естігенін Неколайды кім түсіргенін айта келіп:

– Окопка барған жігіттердің басын қоссақ қайтеді?– деді.

– Қалай қосасың?

– Астыртын сөйлесіп алмаймыз ба?..

– Ал, костык. Бітіретіміз не? Былтырғыдай жасақ болып, байлардан ат алып, қой жейміз деп ойлайсың ба?

– Жок, оңдай болмаймыз... Тек ауыз бірлік қылсақ деймін...

– Күш болмаған соң, бірлігіңнен не шығады? Әркімге жан керек. Желіктірген бос сөзден байдың үйінен бір тостаған саумал ішкенін артық көреді ғой жұрт. Былтыр жасақтың арты қандай болды? Ұмыттың ба? Аузы күйіп қалған кедейдің өмірі басын қоса алар ма екенсің? Мұның, бала, болмайтын жұмыс қой деймін. «Дияла» кімнің қолында болса, соның айтқаны болады. Не беделі жок, не пұлы жок кедейдің байбаламын кім тыңдаушы еді...

Айтуын айтса да, Қартқожа өзі ұялыңқырап қалды.

– Солай екені рас. – деп, атына мінді.

Кедейден береке шықпасын білген соң, Қартқожа енді басқа шара іздеді. Ойлаған сайын Андрейдің сөздері есіне түседі.

– Рас-ақ, Андрей оқу оқы деп еді-ау! Оқысан, ақынды ешкім жей алмайды деп еді-ау! Оқуға бұрыннан құмар едім ғой... Енді қаланың, даланың жайын әбден біліп алдым. Мен сияқты оқыған қазақ жігіттері қала-қалада көрінеді. Енді оқуға кетсем қайтер екен? Үйде мал тауып, шаруа істеп отырғам жок. Күнді босқа өткізіп отырмыз ғой. Қой мен оқын! Әжеммен ақылдассам ба, ақылдаспайым ба? Жалғыздікті кісі, оқығанымды ұнатады дейсің бе? Үйіне жеткенше ойлағаны осы болды.

## БАЯН

«Оқимын» десе әжесі де, жеңгесі де жібермейтін еді. Бұл жолы Қартқожа тіс қаққандық қылды. Қалаға барып кәсіп етіп, пайда табам деп үй ішін алдап, Баянға келді.

Баян – жердің шұрайы. Тау, тас, орман, жеміс, көл, бұлақ, былқылдақ, егін, шабын – бәрі Баянда. Баян тауының күнгей қойнауында, оқар-шоқар тастың ішінде, солында тау, оңында Сабындыкөл. Казак-орыс қаласы тұрады. Екі жүзге тарта үйі бар. Казак-орыстың станциясы шығыс жағында. Кіре беріс қара жолдың аузында, дөң басында кішкене ағаш мешіт, қаланың көл жақ шетінде тапалтақ ақ шіркеу көрінеді. Шіркеудің қасында казак-орыстың үшкөлі болады.

Екі жүз үйдей казак-орыстан басқа, Баянның жатағы да бар.

Жатақ үй бір құнды халық. Өзі де аз болған сон, ұмыт қала жаздапты.

Баянның жері, суы, ағашы, көгі казак-орыстікі. Бір кезде казак-орыстың қала салған жері Баян аулының қыстауы болса да, бұл кезде Баян казак-орысқа ата мұра тәрізді...

Казак-орыс казак болып кеткен, орыстың тілін де ұмытып қалған, қулық-сұмдыққа казактың ар жағына өтіп алған. Казак-орыс шетшен парақор, жалқау, ұры-қарасы да, бұзақысы да көп. Бірақ бәрі де бай. Үй басы — казак малайы. Егінді казак салады, пішенді казак шабады. Отынды казак тасып, жарады. Үйлерді де казак салады. Казак-орыстың өмірі арақ ішіп, мас болумен тәлтіректеп көшеде өлең айтумен, тас түбінде қылжынып жағумен өтеді. Ол аз. Манайдағы он болыс елдің ұлығынын ореднегі, тілмәші, прістебі, айбекеті, абезшігі — казак-орыс. Он болыс елдің игі жақсылары казак-орыстың тамыры, танысы, айласы он болыс елді билейтін екі жүз үйге толмайтын казак-орыс. Қаланың кеден жатағы казак-орыстың етікшісі, ұстасы, үйшісі, балташысы, тас қалаушысы, жалшысы, малайы, казактың ен пысығы: не алып сатар, не ұры, әйтеуір бір бұзақы болады. Казак-орыс пен казак әншейінде «бәленшеке», «түгеншеке» десіп жүрсе де, жеріне, суына, балығына, ағашына казактың тұмсық сұққанын көрсе, «екемеке» далада қалады. Казактың шаңырағына қобыз тартылады. Айтта, тойда күреске түсіп, казактан жығылып қалса, «Бетке-Сеткелер» жатып төбелес салады.

Боқыраудың басында Баянда ұлы жәрменке болады. Омбы, Қызылжар, Ақмола, Атбасар, Жетісу, Семей саудагерлеріне дейін жиналады. Казак-орыстың уряднигі, пәлесейі, атауыз, шанбасар дақод жинаушысы бір кенеледі. Пәтер жалдап, буылдық сатып, барлық казак-орыс бір шала байып қалады. Он болыс ел бас қосып, шерезбіштайті сиез құратын, ат шабыс қылатын нашөлнігі, судиясы, дәрігер тұратын қара шаңырағы — Баян.

Баян маңындағы іргелі ел — сүйіндік. Қанжығалы, қозған, қақсал сықылды бір-екі болыс кірме елдер де бар. Сүйіндіктен Төлебай, Собалай, Жана батыр, Едіге, Шоң, Шорман, Боштай сықылды алты алашқа аты шыққан билер де туған. Тоғжан, Сақау, Көтеш, Жаяу Мұса, Жамшырбай, Мұстапа, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт сынды ақындар, әншілер, серілер де туған, кешегі патшаға білікті дуан басы Шорманның Мұсасы да, паң қазысы Серкебай да Сүйіндіктен шыққан, Құсайын, Тәнті сықылды азуы алты қарыс көкжал болыстар да сүйіндікте болған. Қозғанда Қабылға; айдаболда Шоң мен Боштайға; қаржаста Шорманға; күлікте Әлдебек, Қуанға; қанжығалыда Ішікбайға құт қонған, бір кезде алдына 12 мың қой, 5 қос жылқы біткен. Осы сықылды елдің ортасындағы үкіметі де, қожасы да, ұйтқысы да Баянның түбіндегі бір шөкім казак-орыс еді. Сол казак-орыстың қаласына ғылым іздеп, біздің Қартқожа да келді.

Күң жаз. Егін науқаны өткен. Оқу жоқ. Сандалып жүріп Қартқожа бір танау Пашкаға малайлыққа тұрды. Пашка – жүзге тарта жылқысы бар, үй салдырып жатқан бай орыс. Қартқожа қора тазалайды, ат суарады, су әкеледі, отын жарады. Тактай да тіліседі. Көзі үйқыға барғанша дамыл көрмейді. Алты айда алатыны – бір қой, бір тайынша. Ас үйде отырып итке күйған астай қойған тамағын жейді. Басқа дүниемен артық қатынасы болмайды.

Бір күні ат суарып келе жатса, кеңсе алдында елдің кісілері жиналып жатыр екен. Қартқожа біле кетейін деп, атын байлап, қастарына келді. Оңкей «қасқа мен жайсан» жиналған екен. Жұрт алқа қотан отырған соң орысша киімі бар бақа тамақ жігіт топқа сөз сөйледі.

Семейдегі қазақ азаматтары қазақ комитетін ашқандығын, өзі сол комитеттің «шлені» екенін, комитеттің дәрежесі бұрынғы жандаралдікінен кем еместігін, енді қазақ жұмысын қазақ басқаратындығын, бұрынғы кірестиански нашолніктің орнына аудандық комитет сайлағалы келгенін... сөйледі.

«Комитетке сайлайтын кісілеріңізді көрсет!» дегенде, отырған жұрт көкжалдарын атай бастады. Дәмелі адамдардың бәрі де жазылды. Болыс та, бай да, молда да, ақсақал да, мырза да аталды. Тым көбейіп бара жатқан соң, сөйлеуші жазуды тоқтатты. Болыс басы бір кісіден көрсетуін сұрады.

– Олай болса, ақылдасып көрсетелік, – деп, «жақсылар» оңашаға кетті.

Сайлау көретін жігіт кешігіп қалған сазаіын бір танаудан «тоқ-маш» жеп, ат қораға барып көзін уқалады.

## САУАТ АШЫЛА БЕРДІ

Бір танаудың егін шөбі біткен соң, үйіне барып, шөп жинастырып беріп, Баянға қайта келсе, Баянда боқшасын қолтықтаған қазақ балалары да жүр екен. Оларды көрген соң Қартқожаның да зығыры қайнады. Оқыған кісінің арманы жоқтай көрінді. Көшеде бір-екі шәкірттен: «Мені оқуға алар ма екен?» деп сұрап еді.

«Орын бітіп қалды, жасың да үлкен екен» деді. Әйтсе де сөйлесейін деп, ошетілге барды. Орын болмады.

Қыстайғы бар тапқан олжасы – бір қазақ ошетілімен таныс болып, анда-санда содан кітап, өлең, газет алып оқып тұратын болды.

Жұмыстан қалт еткенде қонышындағы газетін суырып алып, қадала қалады. Қазақ өз алдына аптономия алу керек, оқу ана тілінде болу керек, земство ашу, әскер жасау керек... дейді. Ел ішінде не болып жатқанын жазады. Әйтеуір көп сөз жазады...

Қартқожа бәріне де имандай үйінді. Аят пен қадістен кем көрмейді. Бірақ кейбір сөздерін ұқпайды. Ұқпағанын өшетілден барып сұрал алады.

Газет Қартқожаның көзін ашты. Газет оған жабыққанда — жұбаныш, еріккенде ермек, онашада жолдас тәрізді болды...

Қыс ортасы ауғанда, ауылынан бір жігіт келді.

Ас үйде отырып, бірталай сөз қозғады:

Ағасының жылы біткенін, аға өлсе жеңге мұра екенін, жеңгесінің төркіні келіп кеткенін, әжесінің кәрілігін, жалғыздығын, шаруаның кемдігін, ағасынан жетім балалар қалғанын, жеңгесі кетсе, үй үйліктен қалатынын... сөйледі. Қартқожа сөздің түрін көрді. Ой түсті. Жарылып жауап бере алмады, «жаз шыға барамыз, көрерміз...» деп қайырды.

Бү бір түйткіл болды.

Әжесінен соңғы үлкен көріп, сыйлайтын, сыпайы сөйлесетін жеңгесін, өзінен жасы үлкен апасындай жеңгесін, ағасының қойнында жатқан жеңгесін Қартқожа қалай қатын қылып алады? Ұят қой. Ағасының аруағынан ұят қой! Ағасы тірі болса, Қартқожа қиянат етер ме еді? Өлгенді сыйламайтын заңды кім шығарды. Адамшылыққа лайық па деп бір ойлады. «Жоқ, оның балалық, шешенді, жетімдерді аямағандық. Әмеңгер болған жалғыз сен бе? Жеңгенді алмасаң, кемпір қалай жан сақтаиды? Ағаннан қалған тұяқтар қайда қалады? Оларды кім күтеді? Қаның, бауырың емес пе? Өзің «оқимын» дейсін. Сен оқығанда, үйдегі шаруанды кім ұқсатып отырады? Ол шаруақор емес пе?...» деп тағы біреу айтып тұрғандай болады. Осындай ойлармен қыс бойы Қартқожаның басы катады. Үйіне барғысы келмейді. Барса қақпанға түсетінден. Біржола қол-аяғы кесілгендей көреді. Түн қасарғанмен, күн еркіне қояр ма? Қыз қасарғанмен, күйеу еркіне қояр ма? Өмір қасарғанмен, өлім еркіне қояр ма? Көңбейін десе де, Қартқожаны тұрмыс еріксіз көндірді. Болмайын десе де әдет-ғұрып болдырды, алмайын десе де жеңгесін зорлап алдырды, ноктаға басын кіргізді.

Қартқожа бала еді. Жаны да, тәні де әйелден таза еді. Көрмегенін көрді. Әйелмен «обалға» батты. Жол көрген, жырынды адам жырындылығын көрсетті. Қайным екен деген жоқ, күн асқан соң-ақ Қартқожаны баурай бастады. «Оң жақта күйеу мұндық, байлаулы бұзау мұндық» — жеңгесінің қойнында Қартқожа мұндық. Еркіндеуге именеді, жеңгесінің қойнына жатса, көңіліне ағасы елестейді. Жеңгесін «қатыным» деп айтуға батылы бармайды, көпке дейін «жеңгей» деп жүреді.

Қартқожа үйде отырғысы келмейді. Жоқты сылтауратып, ел кезіп кетеді. Үйге келсе, «жеңгесі» ұрсады.

— Қайда тентіреп кеттің? Жүре түссен етті?... Үйдің саған не керегі бар?... — деп, бүрк-сарк етеді.

Қатты айта алмады, айтуға бата алмайды. Беті ашылған сақа катын мен нәресте жанды, ұялшақ Қартқожа қалай ұрысар?

Күзге салым Қартқожа астық іздеп Баянға барды. Таныс өшетіліне жолықты.

— Жаксы келдің!

— Немене?

— Семейде мұғалімдер курсы ашылғалы жатыр. Расқот — қазынадан. Хат танитын жігіттер алына береді депті. Бізге де кісі жібер деп, қағаз келіп отыр.

— Ой, алақай-ай!

Қалай, қашан бару керек екенін сұрап алды. Керекудегі комитетке өшетілмен еріп барып, мұндағы комитеттен қағаз алды. Қартқожада ес қалған жоқ. Келген жұмысын тез бітіре сала тымақты шекеге салып, арсалаңдап ауылға тартты.

## КУРС

Бетінен май шыққан, ақ жарқын мес мұғалім, облыстық комитетке «ресми» түрде қатынас қағаз жазып, сүзеген бұқа тәрізді, мұрты түксиген жұқа кабак мұғалім түйіліп газет оқып отырғанда, қутындаған қунақы зиялы жігіт жайтаңдап кіріп келді.

Партпелді үстелге қоя салып, екі мұғалімнің қолын үстарақтамаста:

— Жұмыс қалай?— деді.

Мемлекет тетігі өз қолында отырған кісіше, мес мұғалім жымып:

— Дүрсектетіп жатырмыз.— деді.

Қунақы жігіт:

— Бү не қағаз?— деп қабағын түйіп, қарай қалды да, мес мұғалімді арқаға қағып, сақылдап күліп жіберді.

— Несі бар? Несі бар?— деп мес мұғалім қызараңдап сасып қалды. Өйткені мес мұғалім орысша оқығандар көп біледі деп қол қоятын — бір, дәрежесі өзінен бір елі жоғары кісінің сөзіне баға беретін — екі.

— «Ресми сіркәтібің» не? Ойбай-ау, мынауың масқарашылық қой!— деп қунақы жігіт шек-бауыры қатып, күліп жатқанда, мес мұғалім ұялып, пысынаған кезде, сүзеген бұқадай мұғалім:

— Түріктер «сүркатіп» деп жүргізеді. Пән тілдерін түріктен алуға болмайды,— деп мұртын түкситті.

Дау ұлғанды. Қазақ пен түрік. Ебронна мен араб мәдениеті салыстырылды. Екі мұғалім бір жақ, өшетіл бір жақ болып, қазақты мәдениетке жеткізудің төте жолын таба алмай жатқанда, үстінде қой жүні тақталы шекпені, аяғында солдаттың бұрантабан етігі, басында сүтке түскен тышқанның тымағы бар қоңқақ мұрын кошқыл жігіт ит қуып келгендей жалтақтай:



— Ассалаумаликүм!— деп кіріп келді.

Қашағанға шөп жұтқызбай, бас салатын оңтайлы бедеудей өшетіл:

— Не керек, қарағым?— деп іле тұра келді.

— Көріске оқуға келіп едім.

— Қай уездікісін?

— Керекудікімін.

— Комендировкаң бар ма?

— Орысшаға жетік емес едім, ағай...

— Дакумент қағазың бар ма? Кім жіберді?

— Қағазым бар,— деп, омырау қалтасындағы ысқаяқ қара шолақ кінешкесін ақтарып, қолы дірілдеп бір қағазды ұстата берді. Алған тышқанына түйіліп қараған бөктергіше, өшетіл қағазға окшия қарады.

— Қартқожа Жұманов!

Қартқожа басын шұлғыды, қағаздан шатақ таба ма деп, қыпылдап барады.

— Пауалодардың орны толды ғой. «Нормадан» артық алуға болар ма екен...— деді мес мұғалім.

— Ағатайлар... бірдеме қылыңыздар... Нашар, жетім едім... Оқуға ынтық едім...— деп Қартқожа жалына бастады. Өшетіл мес мұғалімге қарап:

— Зайсанның есебіне кіргізерміз,— деді.

— Ой, тәңір жарылғасын! Бала-шағаңның...— деп Қартқожа алғысты саулатып келе жатқанда, өшетіл мырс етіп:

— Жарайды, қарағым! Батаның қажеті жоқ. Ертең таңертен келе ғой,— деді.

Өшетіл қырағы жігіт екен, Қартқожаны бір көргеннен-ақ ішіндегісін біле қойғандай болды.

Ертеңінде көп шәкірттің қатарында Қартқожа да партаға отырды. Бет ажары — бақ, орыны — ұжмақ болды? Жүрегі неғып жарылып кетпеді десеіші!

70-ке тарта шәкірт жиналыпты. Үлкен бөлме. Парталардың алдындағы үстел басында мұғалімдер. Партпел қолтықтаған екі-үш орысша киінген кісі келді. Кешегі өшетіл түрегеліп оқу басталатындығын, облыстық камитеттен келген азаматтарға құттықтау сөз берілетіндігін білдірді.

Мұрнында қыспа көзәйнегі бар, желкілдеген сұлу шашы қарсы қайырылған, түйғындай жұтынған жас жігіт түрегелді. Ағып тұрған сөз екен: неше түрлі жалынды, жігерлі, үмітті сөздерді соғып еді кеп, адамның сай-сүйегін сырқыратты. Сөз бұлбұлдың күйіндей денені балқытты, Қартқожа: «Адам емес, жебрейіл ме?»— деп ойлады. Қарап отырып мас болды. Жүйесі босап, көзіне жас келді. Сөзін бітіргенде, шапалақ шартылдап кетті. Кейінгі шешендердің сөзін Қартқожа ұққан жоқ, тек жақсы сөз айтпақшы екенін қолдарының сермесінен сезді.

Со күні-ақ оқу басталды. Ертеңінде шәкірттердің пәтеріне, тамағына ақша үлестірілді. Кереку шәкірттерімен бірге қазақтың бір тоқал үйіне Қартқожа да мекендеп, қатарлы шәкірт болды.

Күніне бес сабақ болады. Оқыту қазақша. Қазақ тілі, есеп, жағрапия, жаратылыс, тәрбие ғылымы, дене тәрбиесі, ән-күн – бірінен-бірі қызық.

Қартқожа жолдастарымен еріп, қазақ мекемелерін де, азаматтарын да көрді. Базарды да аралады. Базар толған қазақ. Мекеме алды қазақ. Сауда, қызмет, оқу, қымыз, қайық. Күн ыстық. Жұрт қызыл танау. Өмір қызу. Қартқожаның жүрегі де қызу.

Қазақ азаматтары земстуо ашты деп есіткен. Земстуоның не екенін Қартқожа білмейтін. Байлар, саудагерлер земстуодан кездеме, қант, шай алып базарға сатып жатыр дегенді естіген. Земстуо маңындағылар киімді, атты, арбалы, салтанатты көрінді. Әбен дейтін бір өжет шәкірт бар еді, земстуодан кездеме сұрайық деп, Қартқожаны ертіп апарды. Есік алдында қабаған төбеттей бір күзетші тұр, арсылдап кіргізбейді. Жаман тымақтар кезек күтіп отыр. Қаланың, қырдың мырзалары, саудагерлері кезексіз кіріп жатыр. Әбен шыдай алмады. Күзетшімен жағаласып, омыраулап кірді. Қартқожа бірге кірді. Үстел басындағы қазақ екен. Байлармен жайтандап сөйлесіп, қағаздарына қол қойып, разы қып жатыр. Бір қаға берісте Әбен де арызын ұсынды, қабағын түйіп:

– Кездеме жок, – деді.

– Неге жок?

– Істепендие беріп отырмыз, пәтер, тамақ тегін. Тағы не керек? Астамшылықты қойындар!

– Жұрттың бәріне берілгенде, кедей шәкіртке неге берілмейді?

– Кімге берілген екен?

– Күнде көріп жүрміз ғой, қаланың байларының көпіртіп жүрген пұлы кімдікі? Қырдың соғылғандары жеп жатқаны кімдікі?

– Оны тергейтін сендер емес. Ешкімге пұл бермейміз. Елдің өкілдеріне бергеніміз рас...

– Өкілді тапқан екенсіңдер. Жармұқан, Мақым қажы, Қараман өкіл болса, елді жарылқайды ғой.

– Ой, өзің менімен айтысқалы тұрмысың? Әйда, шық үйден... оқымай жатып..

– Шықпаймын, сенің мекемен емес, қазақтікі.

– Қазақты мына түрінмен сен оңдырарсың...

– Сен оңдырып отырсың...

– Өзің қалай дәрекісің... мынаны шығаршы! – деп есік алдындағы төбетін шақырды.

Бұл земстуо емес, хамство. – деді шығып бара жатып Әбен.

Қартқожа қорқып тұрған. Артында тұрып Әбенді етегінен тартқан, тоқтата алмаған. Земстуоның не екенін Қартқожа сонда көрді.

Күзге таман Қартқожа курс бітіріп, мұғалім болуға елге шық-

калы жатқан кезде, «балшабектер» келіп, митинг жасап жатыр, земстуоға қарсы көрінеді, қазақ азаматтары қосылып жатыр деген хабарды естіді. «Балшабектің» кім екенін Қартқожа білген жоқ.

## ҚАРАШОЛАК

Ертістің сол қабағында Қарашолақ ауылы бар. Қарашолақтың алпысқа тарта үйі бар. Қарашолақтың халқы қазақ болмаса, әжептәуір қаласымақ болар еді. Қарашолаққа қаланың ауылы алысырақ еді. Не бір көше жоқ, не үй сияқты үй жоқ. Боқтықтан, күлден, көннен, көз жылтыраған, жалпиган, үйме-жүйме бірдеме. Бір кездегі ауқатты үйлердің қора-мүлкі қикайып-сикайып қалыпты.

Отырған жерінің шөбі арғы беттегі қазақ-орыс қаласінікі. Солардан жалдап шабады. Қарашолақтың кедейлері отын, шоп сатады. Тәуірлеуі алыпсатарлық қылады. Еті тірі Әсембай дейтін бетке шығары қазақ оқығандарымен танысып, земстуодан пұл алып, енді ауылын ағартуды ниет қылады екен. Мұғалім сұраған соң, азаматтар Қартқожаны берген екен.

Қарашолақ бала оқытуды жаңа ойлады деп үкпаныздар. Бір кезде Қарашолақ өзінше мәдениет ошағы болған. Төрт бөлмелі ағаш үй салынып, ауылнай үшкөл ашылған. Бергі заманда үшкөл үй тағдырдың кермесіне кездесіп, ағашы, тактайы Қарашолақтың пештерін қышырып, бұл кезде топырағы күлтөбеден бұйырған.

Мұғалім келген соң, Қарашолақ азаматтары жиналып кеңес құрды. Мәселе: мектеп үйі, мұғалімнің жатар орны. Мәселе тым қиын тиді. Қарашолақ азаматтарының ащы тері шықты. Біреуге біреу сілтеді. Шешендердің шеке тамыры білеудей болып, жыққан сиыр көзденіп, сөзге қонақ беріспеді. Қозыдай жамырап, қойдай шулады. Әйткенмен азаматтардың сілесін қатырып, қажырлы топ басылар мәселені шешті. Алпысбай дейтін кірме шалдың үйін қазына пайдасына алуға қаулы туғызды. Жатар орын мәселесі жеңіл шешілді. Мұғалім мектепте жатып, тамақты баласы бар үйден кезек ішсін деген сөзге байласты. Нашар кісілер бір үйде жатқаны тәуір болар еді деп әлділеріне аударуға саясат қылып көріп еді, әлділер үйлерімізде жас әйел бар деген дәлелдерді келтіріп, жеңіп кетті.

Қаулы бітіп, топ тараған соң, Қартқожа мектеп жұртын зерттеуге кірісті. Үйі де Алпысбайдың тап өзі сияқты жылтыраған екі козі бар талпақай жер үйі екен. Төбесі сирек шыршымен жабылған, салдауына Қартқожаның төбесі тиіп тұрады екен. Қағаз қоржын қыстыра салуға қолды созып әуреленетін емес, қолайлы. Қазандықты түтіні, буымен аз-маз қара барқын тартып, қабырғалары қақырық, түкірікпен бірегене салтақтанғаны болмаса,

еденнің оқабы да салт кісі жүруге ылғал ететін емес, былай ғана тұруға жарарлық үй көрінеді. Бір қолайсыз жері — орындық, үстел скөміе деген заттардан ырым болмады. Төсеніш табылмады. Ұлық түсетін үйлер жалғыз жарым «тақтарын» шығарып бере алмады. Көптің көмегі арқасында Қартқожаға бір төрт сирақ табылды. Балалар үйлерінен жаялығын ала келуді ұйғарысты. Қаланың мектебін, үй сайманын көріп келген Қартқожаға үй әбзелі қораштау көрінсе де, жоққа жүйрік жете ме, баяғы өздері оқыған Мәжит қожашылап оқытуға тура келді.

Курстың бір ұнаған сайманы қара тақтай еді. Қартқожа қара тақтайсыз оқытса, ескі молдадан айырмасы болмайтынын жақсы біледі. Қара тақтайсыз мұғалім — тебенсіз кемпір ғой. Сондықтан қара тақтай мәселесін қырынан қойды.

— Үшкілдің қара тақтайы болушы еді... Соны мен қай үйден көрдім? — деп ойшылар ойға жүгіртті.

— Кәзібенің апасы үлкен қазанына қақпақ қылдырып алған... — деді бір бала.

— Бәсе, сол үйде көрдім!..

Кәзібенің апасынан үлкен қазанның қақпағын қазынаға алуға тура келді.

Қара тақтайдың шежіресін білген кісі болмаса, бұл кезде тосын кісі «мұрнымды қесіп берейін!» десе де, қара тақтайлығына қанбастай түрі бар еді. Донгеленген, шеттері күйіп, мұжылған, қарғаша қағылып, бет аузы жырылып, сыры күйеге айналған еді. Қарашолақ азаматтары «қара тақтай осы» деп, азарда-безер боп тұрған соң, асылдың жұрнағын бұрынғы дәрежесіне қайта мінгізді. Астыңғы беті бері қарап, Алпысбайдың құбыласынан орын алды.

Бордың орнына ізбес алдырып, тақтайға жазып көріп еді, соқа салғандай жыртып кетті. Бір ойшы жігіт тұрып:

— Әйтеуір сызық түсіру керек болса, бармақты түкіріктеп жаза берсе қайтеді... — деді.

Бірақ ол мәслихат жүзеге аспады. Қартқожа мұғалім: «Қалжыңды қоя тұрсаңыз екен» — деп түсін суытты.

Қалаға баратын кісіге бор тапсырды. Мектептің жайын баяндап, Қартқожа земстуоға ресми қағаз жазды. Бордың келуіне қарамай Қартқожа сабақ бастады.

Курста көргені ғой: сабақ бастарда Қарашолақ азаматтарынан өкіл шақырып, әуелі өзі шешендік құрып, артынан өкілдерге құттықтау сөз берді.

— Мұғалімдікі дұрыс сөз, босқа киім жыртықанша, елді оқындар. Мынау да өздеріңдей қазақтың баласы ғой — деген сияқты насихатын бітіріп, өкілдер мінбедеп түсті.

Хат таныттындарын бірыңғай, ырайыларын бірыңғай отырғызып, екі класқа қолайлап алды. «Баяншыдан» хабары бар, шу дегеннен «шақнадан», «түтқадан», «күс түмсықтан», «шәшпектен»

бастады. Сауаттыларға кітап жоқ болған себепті «Сарыарқа» газетінің бір нөмірінен бастауға тура келді.

Қос жүре түзелмек қой. Жата жастана қара тақтай да істетілді, бор да табылды. Бірақ отырыс-тұрыста өзгеріс болмады. Не қылғанмен ит малтуға салып жүріп, отыз шақты баланы тынбай оқытып, түрпілеп сауатын ашты.

«Қой кезегі» келген үй баласын жүгіртіп, мұғалімді тамаққа шақырды. Алғашқы кезде әйелдер мұғалімді күтімі қиын «жүтқыш» көрсе де, не берсе, соған қанағат ететін қойшының өгізіндей қоңыр жігіт болған соң, Қартқожадан жиренбейтін болды.

Қарашолақтың арызы Қартқожаның қолынан шығады. Шелпекке қуран оқып, молдалық та істеп қояды. Ерлі-байлы кісінің арасына бүтінші де болып қояды. Мұндай бесаспап мұғалім кімге жақпасын. Қарашолақ ауылы Қартқожаға қожадай қол беретін болды. Азды-көпті табысына құба төбел киім алып, кобін үй ішіне керек-жарак алып қайтуға сақтады. Жаз шыға Қартқожа еліне қайтуға рұқсат сұрады. «Кәрі шешемді көремін» деген соң әрен босатты. Әйтпесе тағы да ұстамақ еді. Қартқожаның шолақ оқуы бітіп қалып, өзінен-өзі ұялып жүргенін Қарашолақ қайдан білсін...

## ТАБАН ЖАЛТЫРАТТЫ

Қартқожаның қыстайғы газеттен көргені, естіген-білгені расқа шықты.

Алаш қаласына келіп, ескі пәтеріне тоқтап, март, апрель айының қызмет ақысын сұрайын деп земстуоға барды. Барса земстуоның алдында бұрынғыдай ат, топтанған кісі көрінбейді. Бұлар қайда кеткен деп таңданып, ішіне кірді. Қазақтар жоқ. Кеңсенің қағазын мәңгі тықырлатып келе жатқан хатшы орыс, машине басушы әйелдер бар екен. Оларда да жұмыс жоқ, екеу-екеу, сыбыр-сыбыр. Қартқожа жүгіріп, «алашорда» мекемесіне барды. Онда да кісі жоқ. Көшеде бір шәкіртке жолықты. Қазақ азаматтары қайда кеткенін сұрады. «Ар жақта сиез болып жатыр. Мен сонда барғалы тұрмын» деді.

Сиез «Бостандық үйінде» екен. Есік ашық, кіріп-шығып жатқан кісі. Ел қазақтары. Бұлар да кіріп кетті. Сиез ашылып, шешендер сөйлеп жатыр екен. Сөздері қызу. Қазақ камитетінің баяндамасын істемек болын, оған төтен сөз килігін, азаматтардың көбі бір жақ, біреу бір жақ болып, дауласуда екен. Еңгезердей қара кісі сөз сұрап, осынша тіленді. Сиездің жарым-жартысы беруді, көпшілігі бермеуді мақұлдап, «алашорда» азаматтары терісіне сыймай бақырып, аяғында қара кісіге сөз берілмеді. Қара кісі қара бұлттай түйіліп, сиезден шығып кетті.

Он шақты минут өтер өтпестен балшабектің кемесері – қасында үш-төрт солдаты бар – сиезге келді. Қазақ азаматтары үрпиісіп қалды. «Бұл сиез байлардың сиезі, облыстың атынан сөйлесуге өкілдердің прауосы жоқ. Сондықтан Совдеп атынан сиезді тараттық деп жариялаймыз!» деді. «Алашорданың» азаматтары сиездің болуын жақтап сөйлеп көріп еді, балшебектер білегін білей сөйледі, мылтығын кезей сөйледі. Сиезшілер берекесі кетіп, тарай бастады.

Қартқожа Алашқа қайтты.

Курсте қазақ тілі мен ән-күйден сабақ беретін Қасен дейтін орысша оқыған жас жігіт болатын. Курсте жүргенде «Жанар» үйімының жиналысында сол жігітті көп көріп, артынан үйіне барып таныс бол кеткен. Бұрынғы оқыған азаматтардың мінезін жаратпайтын. Қартқожа сықылды шөкірттер Қасенді жағалайтын. Қасен олармен сырласатын. Кешке таман оңгімелесуге Қартқожа соны тапты.

Қасен жылыстан жаңа келіп отыр екен, түсі бұзылған, қысылған адам тәрізді. Қартқожа:

– Қалай болды? Не бол жатыр?– деді.

– Жұмыс жаманға айналды. Большевиктер күшейді. Съезді қуды. Ар жақтағы «эсерлердің» бастығын да жауып жатыр. «Алашордаға» қуғын таянды. Бірақ сен ешкімге аузыңнан шығарушы болма, біз соғысайық деп жатырмыз.

– Қалай? Кіммен?

– «Алашорда қазақ-орыспен бірігіп отыр. Бүгін түні ар жаққа шығып, жастар соғысамыз деп сөз байладық... Қайтейік, қазақ үшін өлсек, арманымыз жоқ. Жолдасымыз Қазі да оліп қалды.. деп қағаздарын жинап, шамаданына тығып, кетуге айналды.

– Жастардан қанша кісі барсыздар?

– Отыз-қырық болар.

Қартқожа Қасенді жақсы көретін. Түрін көрген соң, аяп кетті. Жыламырап, қолын ұстап:

– Жолдарың болсын!– деп шығып кетті.

Елінен келген делегаттарға – өкілдерге жолығайын деп, пәтерін іздеді. Баян жағынан келген үш-төрт делегат бір үйде екен. Келіп есігін итерді. Жабық. Жүгіріп терезесіне келді. Терезеден қараса, подбалға түсіп жатқан бір бөксе көрді. Үйден: «Қазақ, қазақ»– деген дауыс шыққанда, бөксе басын суырып алды. Қартқожаның өз болысы. Балшебектер байларды, болыстарды ұстайды деген лақаппен подбалға тығылып жатыр екен. Қартқожаны көрген соң, күрсініп демін алды. Қартқожамен жампаңдап, амандасып: «Подбалға түскенімді аузыңнан шығара қорме!»– деп тапсырды.

Кошеде неше түрлі алып қашты хабарлар жүр. «Атыс болғалы жатыр», «Алашорда кісілерін іздеп жатыр», «пәленді, түтенді жау-

ып қойыпты» деседі. Алаш қаласы аласапыран, байлар қашып кетіп жатыр. Ес жоқ, ентіккен, жанталас...

Ертенінде інірде Қартқожа шеттегі пәтеріне келе жатса, басы мен кеудесі қазақ, аяғы орыс бір жігіт, қазақтың артына мінгесіп, аяғы салақтап, шағылға қарай қашып барады екен. Нұсқынынан тани кетті. Түнеугі Әбенге ұрысып қуып шығатын жігіт екен.

Қазақ азаматтары түнде кетіпті деген хабар таңертең дүңк ете түсті. Қартқожа тұра сала Қасенді іздеді, пәтерінде жоқ. Қасеннің бір жолдасы жолықты. Қасен шеткі қазақ үйлерінің бірінде екен, тауып алды.

— Не боп қалды?

— Бізді оқтын астына жіберіп, азаматтар қашып кетіпті. Біз 20 шақты жастар қолымызға найза алып, қазақ-орыстың кеңсесінде жаттық. Атыс болса текке өлетін едік, әйтеуір болмады. «Алашорда» кісілерінен Тұяқтан басқа кісі қалған жоқ. Үсей батырмен екеуі мылтық қоймасын бұзып аламыз деп күзетшісін өлтіріп, өздері қолға түсіп қала жаздапты.

— Енді өзіңіз қайтесіз?

— Біз де қырға қашқалы отырмыз.

— Мен делегаттармен қайтқалы тұрмын,— деп кош айтысып, табан жалтыратты.

## ҚҰЛАҚ ЕСТІГЕНДІ КӨЗ КӨРДІ

Үш ай өзі оқып, бір қыс бала оқытып тапқан білімін, тәжірибесін Қартқожа ішіне сақтамады, елге келген соң өзінің інісін, жиенін, жақындарының баласын оқытуға кірісті. Жолыққан жастарды оқуға баруға үндеді.

Бір-екі ай өткен соң, Семей жақтан түрлі хабар келе бастады. «Балшөбектер» қашып кетіпті, қазақ азаматтары қырдан қайта келіп, қызметке кірісіпті. Семей бұрынғы қалпына түсіпті...

Мына хабарды есіткен соң, Қартқожа күз інісін, жиенін алып, Семейге оқуға баруға ниет қылды.

Қыстың қамын ерте бастан істеп, шөбін үйіп, азығын жинап, үйін жездесіне тапсырып, соғымына соятын малын ыңғайлаған соң, әжесіне оқуға жүру туралы тағы сөйлесті. Әжесі уайым-қайғыны сөйлесе де, артық қарсы болған жоқ. Қартқожаның оқуға барам дегенін ауыз үйде жүрген қатыны есітіп тұрған екен.

— Немеле тағы? Бармайсың оқуға!— деді бас терісі аузына түсіп.

Бір жұмаға шейін теріс қарап жатып, қыран жапқандай қылып балаларын жылатып, отты ортеп жағып, сүтті суалтып, қыр көрсетіп жүрді. Қартқожа жақауратып байқаса:

— Кететін болсаң, бір жола карашығыңды батыр. Сенің қу

моланды күзетіп, салпылдап, боғынды сыпыратын малайың жоқ!— деп ащы кететін болды.

Сөйтіп жүргенде Қартқожаның әжесі ауырып қалып, Қартқожаның жүйкесі құрыды. Оқудан күдер үзді. Әжесі басын көтеріп, төуір болған соң, Қартқожа шаруасы болып Баянға келді.

Баяндағы баяғы таныс өшетілін тауып алып, газет, хабар сұрады. Қартқожа елде шаруаға айналып жүргенде, саясат дүниесінде бірталай өзгерістер болып қалыпты. Семей тағы да таршылыққа түсіпті. Омбыда Колчак үкіметі орнапты. Казак-орыстар күшейіп, бүрынғы әніне басыпты. Семейде «алашорда» әскері жасалыпты. Анненков деген атаман көп әскермен Семейге келіп орнап, қазақ азаматтарының екеуін жауып қойыпты. Қарқаралыда бес жігіт жабылды. Семей төңірегі тынышсыз. Ел шабу, кісі өлтіру, талан-тараж көбейіпті. «Алашорда» әскерін Колчак билеп, Жетісу жақтағы майданға жіберіпті. Әлихан қазаққа автономия алам деп, Колчакқа кетіпті. Ресейді балшабектер алып, Сібірге қарай келе жатыр дейді. Торғай, Орал, Бөкей жағынан хабар жоқ. Олар да балшабектің ортасында қалса керек.

Осы сықылды хабарды есіткен соң, Қартқожа Семейге бармағанына артық өкінген жоқ. «Заман әлде не болады» деген ойға қалды.

Қартқожа о жылы қыс бойы үйінде болды. Елде пәлендей өзгеріс бола қойған жоқ. Керекуден елге ат алатын камисие шығыпты, пәленнің атын алып кетіпті, пәленнің үйін шауып кетіпті, әйелін басып кетіпті, өлтіріп кетіпті деген сықылды алып қашты лақаптар жүріп жатады. Біреулер балшабекті келтіріп қояды, біреулер Оралдан асыра қуғызып қояды; біреулер қазаққа автономия әперіп келеді; біреулер Әлиханды абақтыға жапқызып келеді, енді біреулер Семейді балшабектерге беріп келеді, әйтеуір дүрліккен хабар көп келіп жатады.

Жаздың ортасында-ақ балшабектердің даңқы елге тым жайылып кетті. Қорғанды алды. Қызылжарды алды, Омбыға келді... деген тіліпондар оңды-терісті қазақ даласына соғылды. Сол қопылдақтың аяғы сұрапылға әкеп соқты. Жұрт аласапыран болды. Не бол қалды? Дутовтың, Беловтың әскері келіп қалды. Ақтар қашып келеді... деп гулесті.

Қартқожа апасының аулына барған. Енді үйіне қайтқалы отырғанда: «Ал, келіп қалды!» деп бір жігіт шауып келді.

— Кім? Немене?

— Жер қайысқан актердың қалың әскері жолдағы елді қиратып келе жатыр... ат, тамақ, жасау, әйел — бәрін сыпырып келеді, қарсы келгенді атып келеді...

Әйелдер ойбайды салып, жылап жіберді. Шөптің, қидың, жүктің арасына тығылысты. Бәшкенің, әбдіренің ішіне кіргендер де, құдыққа түсіп кеткендер де болды. Ауыл құйын соққандай



әлем тапырық. Қартқожаның есі шығып кетті. Біресе үйге, біресе атына жүгіріп, камшысын таба алмай сасқалақтады. Жан дәрмен күйі атына міне сала жөнелді.

Ауылдан бір-екі шақырым шыға бергенде, қас өкпе тұстан 5—6 солдат сау етіп айқаса кетті. Мылтығын кезей, Қартқожаға тап берді. «Алла» деп атынан ұшып түсті. Келе Қартқожаға:

— Әйда! Ауыл қайда? Ат бар ма? Қайда қашып барасың?— деп ежірендей бастады. Түстеріне жан шыдаптын емес.

Қартқожа бірдене деп билдырақтаған болып еді, керек те қылған жоқ. Алдына салып, айдап жүрді. Апасының ауылы емес, басқа бір ауылға алып келді.

Бұл ауылды да әскер қамап жатыр екен. Айғай-үйғай жүгіріс. Ат, арба, қазық, желке, мылтықтың дүмі, ыңкыл, ойбай. Күшакта — киіз-кілем, жасау — қолдарда. Сакина, шашбау, орысшалау, күлкі... Ана үй жақтан мылтық тәрс етті. Қартқожа қалбан-күлбан, қамыт, доға, «қорадан қара», шошак үйде үш солдат, ортасында, жабу үстінде жас катын... зәресі ұшты.

Қартқожаны лаушы қылып, алып жүрді. Мұнда келген әскердің сілемі екен, көбі алда, артына көз жеткісіз. Өңкей жүкті арба, зенбірек, пулемет, азық, жасау, қару артып, тізіліп, салт аттылары шабуылдап, жер қайыстырып кетіп барады екен. Қартқожаны көп әскерге қоса тастап, 15 шақты салдат тағы да шауып кетті. үрей ұшты. Иығында шені, сымбатты әпесер солқылдақ арбада қазақтың сұлу қызын күшактап қос боз атпен Қартқожаның қасынан өте шықты. Қартқожаға түскен қыздың көзі жыпылықтап кетті.

Қара күшке құрбан болған сорлы! Заманың әлде не болады?

Екінші ауылға жеткенде, Қартқожаны босатты. Құлақ естігенді көз көрді...

## БЕТ ТҮЗЕЛДІ

Ақтың әскері басқан жерге шегіртке жайлағандай, бүйі тигендей болды. Шауып кеткен, басып кеткен, атып кеткен көзден шоласыз. Желтау маңында бір ауылды қалпымен қырып кетіпті. Жарылқаптау ішіне босып кеткен бір қора қатын, қыздардың үстінен түсіп, ойына келгенін істепті. Қаржаста пәленше байдың далаға тыққан жасау-мүлкін ортеп кетіпті.

Ақтардың зорлығына жұрт тұяқ серпе алмады. Бірақ Дәрмен сықылды өжет ерлер кегін алды. Шашау шыққан солдаттардың, бастықтарын бас салып, қырып тастап отырды. 15 шақты жігіт іріктеліп алып, күні-түні аттан түспеген. Оның бір жерде жетісін, бір жерде төртін бауыздап, атып, құдыққа тастағандары болған. Тобықтыда бір қазақ жнырма шақтысын қонақ қылып, бір үйге

жатқызып, пешті шаласымен жапқызып, иіс тигізіп қатырған. Қаракесекте бір ер қазақ жігіттерден өтірет жасап, шетке шыққандарын өлтіріп, қаруын алып отырған. Соңғы кезде откен үш жүздей ақтың әскерін тау ішінде қамап, атысып қырын салған. Ақтар отіп саябырлаған кезде, Қартқожа ел аузынан осындан сөздерді есітіп жүрді.

Қазақтың басына зобалаң туған кезде, «Семей не болып қалды? Азаматтар не күйге ұшырады» деген сұрау Қартқожаның ойынан кетпей жүрді. Мына сықылды көкпенбек қалың әскерді қуған қызылдарға қарсы тұрарлық күш болар деп білген жоқ. Ойлағанындай-ақ, Семейді қызылдар алынды, «Алашорда» қашыпты деген хабар сап ете түсті. Кешікпей Омбыдан шыққан қызылдардың әскері Керекуге де келді деп естілді.

Сол жылы Сұлтанмахмұт деген жас ақын Семейден ауырып, еліне келген. Қартқожа Махмұтты білетін. Ол ақ жүрек, кедейшіл, жалынды жас ақын болатын. Елдегі баилардың, жуан атаның нашарға істеген қиянатын, зорлығын газетке жазып, күштілермен ұстасып жүретін. Сұлтанмахмұт жуандардан қорықпайтын, бетін-жүзің бар демей, көңілдегісін айтып салатын. Семейдегі жастар Сұлтанмахмұтты қолдайтын, үлкендері адамгершілігін, турашылдығын, тазалығын, ақындығын бағалап, сыйлайтын. Сұлтанмахмұт елге келгеннен бері көңілін сұрап, көріп, өңгімелесіп қайтуға Қартқожа құмар болса да, ел жанымен қайғы болып, күн туған соң, Қартқожанын да мұршасы келмеген. Семей жақтың хабарын анық біліп тұрған кісі Сұлтанмахмұт. Газет алып тұрады, жолдастары хат жазып тұрады. Қартқожа ай-жай болған соң, әдейі іздеп Торайғыр ауылына келді.

Махмұт үйде екен. Қартқожаның келгеніне қуанып қалды. Бірақ жүдеу екен, жөтелі жиі ұстап, көп сөйлесе зорланып қалады екен. Қартқожаның қолын ұстасымен:

— Е. Қарт-екем! Күнің туды, балшабек табарыштарды көрдік, — деді күліп.

— Қайдан көрдіңіз?

— Керекуге барып келіп отырмын.

— Қашан, жаным?

— Кеше, кешке келдім.

— Салт бардыңыз ба?

— Салт. Бірақ суық өтіп, менден қалдым. Оқа емес, жолдастарды бір көру нарыз еді. — деп жөтелі ұстады.

— Немене? Қалай көрінеді?

— Жақсы. Аса оқымыстысы алдымен келе қоя ма? Жеңіл қолдау біріне жолығып, екі сағат сөйлестім... — деп тағы жөтеліп қалды.

Жөтелі басылған соң, тасымалдап тағы сойледі: — Бұлардың тұтынған жолы, идеясы жақсы ғой, кедейге пайдалы. Түбінде қазақ

ел болатын болса, балшабектердің арқасында болады. Тірі болсақ, көрерсің. Мен көрмеймін ғой...

– Неге? Олай деменіз?

– Қызық заман ғой! Не керек... Әттең 10–15 жыл өмірім болар ма еді!..

Махмұттың көңілі бұзылайын деді. Қартқожа басқа сөзге жұба-тқысы келді.

– Семей не боп жатыр екен?

– «Алашорда» қашыпты. Жастар жұмысқа кірісіпті. Бірсыпырасы камунес болыпты. Газет шағырыпты. Көрген жоқ-сың ба?

– Жок.

Жастығының астынан бір шумақ газеттерді алып жатыр.

– Жастар байғұс та бірдеңеге жарар білем: газеттері жаман емес. Ел жұмысы иесіз қалмағаны жақсы болды...— деп газетті Қартқожаға ұсынды. Көп сөйлей алмады, жөтелі тағы қысты.

Қартқожа «Қазақ тілі» газетінің бір-екі нөмірін қарап, көңілі дауалап, Махмұтпен қош айтысты.

Жаз шыққан соң Қартқожаның үйде отырғысы келмеді. Есіл-дерті Семей болды да жүрді. Бірақ Семейге жетуге қаражат керек. Үйде сатарлық мал жоқ. Күн көргішке салмақ салғысы келмейді. Сонымен тағы да жұмыс іздеп көрейін деп Қартқожа Баянға келді.

Баянда жартымды жұмыс табылмады. Жер қазу, отын жағу, қораның боқтығын тазалау сықылды күндеме жұмыспен жүріп жатты.

«Бай бастас, батыр күлактас» болмай тұра ма, Қартқожа бір танауда малай боп тұрғанда, қырылдауық Иванның малайы Доғамен бастас болатын. Қазекен сөзге қандай жаны құмар, Доғаның естімейтін хабары болмайтын. Сол Доға қора күреп жатқап Қартқожаға келіп:

– Семейден бір қазақ кемесер келіп, мырзаларды бүрістіріп жатыр дейді, білдің бе?— деді.

– Жок, білгем жоқ. Кім деген екен?

– Қасен деген жігіт дейді.

– Ойбай менің Қасенім ғой!

– Әй, қойшы!

Қартқожа жұмысын шала-бұла бітіре сала, салып келді. Қасен он шақты докейлерді иіріп алып, мұңкір-нөңкірдей тергеп жатыр екен. Ішінде Қартқожаның болысы да отыр. Қартқожаны көре сала, Қасен ұшып тұрып, қолын ұстап амандасып, аузынан сүйді, өз қасына отырғызды. Мырзалар аң-таң. Не керек, Қартқожа со жерде бір жетілді. Жуандарды тергеп-тергеп, ертең Керекке жүресіндер деп, қолдарынан қағаз алып босатты. Қасен бір уездің сайлауын өткізуге келген екен. Сайлаудан бұрын жуандарды ығыстырып алмақ екен.

## ЖАҢАРДЫ

Шілденің шеке қызар, ми қайнар күні. Ділграмның тақтайдай қара жолымен қос ат жеңіл тырашбенкені быжылдатып келеді. Тырашбенкеде Қасен мен Қартқожа, кеудені ашып тастап, қолды сермеп, өңгіме соғып келеді.

— ...Сол атыс боп жатқанда, ішінде жүрдіңдер ме?

— Жүрдік. Өлімге басты байлаған соң... Ақтар Алаш қаласын басып ағыл-тегіл боп кетіп жатыр. Ар жақтан күрс-күрс мылтық атылады. Оқ жауып тұрғанда, Әзім мен Токтарды ар жаққа жібердік. Олар қызылдардың басшыларына сөйлесіп, төңкеріс комитетіне кірді. Біз ақтан қалған қару-саймандарды «Опрауаға» жинап, жанталасып жүрміз. Біреуді біреу біліп болмайды. О жерден де, бұ жерден де әскер шыға келеді. Көшеде жүргізбейді, атып тастайды. Талай жерде ажалдан қалдық...

— Нығмеғолла мен Ғалымжан сонда ма өлтірілгені?

— Жок, ол артынан ғой.

— Қызылдар өлтірді ме? Кім өлтірді?

— Жок, ойбай! Қызылдар не қылсын? Абақтыдан босанып кеткен өңкей бұзылғандар ғой. Шыға сала балшабекпіз деп қолдарына мылтық алып, талайды қырды ғой. Бұрын талай кісі өлтірген, қанылезер ұрылар абақтыда жататын ғойі. Ақып, Соқыр Мақан, Жолды дегендер, Батқолла, Қалау дейтін ноғайлар... солар ғой бүлдірген.

— Мұғалімдерде олардың жұмысы не?

— Оның мәнісі бар, шырағым! Олар күллі оқығандарға өш. Оқығандар оларға жауыздық істетпейді, ұстатып жапқызады. Оларға лай судан балық аулау керек. Жаңа мұғалімдерге жаны өш. Алаштың Әбдірахман деген имамы болатын. Ол жаңа оқуға қарсы. Жаңа оқу дәуірлесе, молдалар аяқситұны белгілі ғой. Ел на-дан болмаса, олар күн көре алмайды. Сол соғылған имам да балшабек болып, ұры-қарылармен қосылып, мұғалімдерді өлтірткен со ғой.

— Олар енді не болды?

— Олар бұ күнде ұсталды. Бірақ көп алыстық. Елге көп зиян салды. Ақтар қару-жарақ жинамақ болып, елге өтрет алып шығып: ел шауып, кісі атып, көп қырғын қылды. Аяғында істігі басынан асып, қылмысы мойнына ауған соң, абақтыға жабылды. Алды жабылған соң, өзгелері қашып кетті. Партиядан шығарылды, күн-жын болды.

— Әбдірахман молда ше?

— Ол әлі аман жүр. Әлімнің залымы жаман ғой. Әй, бір ку екен, бойын қорсетпей-ақ қойды. Материал жок. Қайтерсің? Мәрден мұғалімді де өлтіріп тастай жаздады ғой.

— Не ғып?

— Қарны жуан мес кой, түріне карап: «Боржойсың» деп, алып кетіп, Ертіске апарып, атпақшы болған жерінен: «Бай емеспін, байларға қарсымын» деп жалынған. «Қарсы болсаң, байлардың үйін, мүлкін көрсет!» деген соң, түні бойы Алаш қаласын қыдыртып, байлардың үйін көрсеткен. Әйтеуір аман қалды... Үш күнге шейін өңі кірмей жүрді: есі шығып кетіпті. Атнақшы болып, мылтықты кезенген жерде барып әрең босатқан ғой.

— Алаштын байлары қайда?

— Байдың бәрі қашып кеткен. Үйлері қазынаға түсті. Жалғыз-ақ Жәнібек деген сараң бай қашпай қалды. Сол иттің не ғып аман қалғанын білмейміз. Қайыршы боп киінген бе, жұмыртқа, насыбай сатқан ба, әйтеуір қылмағаны жоқ болса керек. Талай таяқты да жесе керек, талай пара да берсе керек... Ондайлардың жаны берік келеді ғой...

— Айтпақшы, Әлекең қайда?

— Қашып кеткен.

— Осы күні қайда жүр?

— Тобықтыда болса керек... Үй ішін тобықтыда жатқан жерінен ұстап, қалаға алып келді... Қысатай дегенді естуің бар ма еді?

— Бар. Әлгі бай Қысатай ғой.

— Өз елінің партиясын таратыпты. Қазақ комитетімен қас болатын. Ана жылы ол балшабек болып, «Алашорда» кісілерін ұстауға әтрет шығарған ғой. Артынан балшабектер Семейден қашқан соң, оны «Алашорда» ұстамақ болып, Қысатайды «Балшабек» деп газетке жазған. «Алашорда» қызык қой, 500 карасы бар Қысатай «Балшабек» болушы ма еді? Қырдың партиясын саясатқа қатыстырғаны үлкен ұят қой.

— Я, сонымен?

— Сол Қысатай ер екен өзі. Әлекеңнің үй ішін ұстап Семейге апара жатқанда, тобықтыда бір бастасы Қысатайға кісі шапқызыпты. «Тобықтыға келген бір қонақ еді, бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады. Өз басының окпесіне ел аруағын сатпасын, ерлігі бар еді, мыналарды аман алып қалсын!» депті. Сол Қысатай араздығын тастай беріп, Әлекеңнің қатын-баласымен ере келіп, аман сақтап қалды.

Осы сарынды әңгімемен Қартқожа Керекуге келді. Керекудің сайлауын өткізбек болып, Қасен қалып қойды да, Қартқожаны Семейге жөнелтті. Қасен үйіне хат берген. Қартқожа сол хат бойынша Қасеннің үйінде тұрып жағты. Мекемелерін аралады.

Бірлі-жарым болмаса «Алашорда» азаматтары көрінбейді. Іс басындағы семинария, гимназия шәкірттері, өшетіл, мұғалімдер. Қазақ бөлімінің алды қаптаған арызшы қазақ. Басқа мекемеде қазақ қызметкері кем. Жастар қазақтың арызын орындап, жнылысқа, мекемеге жүгіріп, газет шығарып, сайлау басқарып: қызмет қылып жатқан көрінеді. Қартқожа оқу бөліміне барып, үшк-

өлге кірем деп сұранып еді, бастығы орыс екен, арызын артық тыңдамады. Қазақ бөлімінен қағаз алып, қайта ізденіп жүргенде. Керекуден Қасен де келіп қалды.

Қасеннің бір таныс ошетілі бар екен, бір орыс үшкөліне түсірді. Онда оқитын орыстың ұсақ балалары екен. Қартқожаны «Өгіз», «Түйе» деп мазактап, сонынан калмады. Оқытушылар жөнді қызмет ақы ала алмай, сабаққа да салақ келеді екен, оқуы жартымсыз болды.

Октябрь аяғында көптен күткен қазақтың институты ашылды. Қартқожа соған қошті. Татардың үш бөлмелі мектеп үйі тиген екен. Оқытушыларының көбі Ресейден қашып келген татар екен. Оның оқуы да мөз болмады. Қыстай отын ала алмай, мектеп азынап тұрды. Оқу аспабына тағы жарымады. Шәкірттер қазақ бөліміне талай мұңын шақты, оқу бөліміне де барды. Еш нәрсе шықпады. Губерниялық комитеттің бастығы Бренский дейтін орыс арыз қыла барған шәкірттерді: «Ну! Кируалніки» деп қолын сілтеп қуып шықты. Не сөз екенін Қартқожа білген жоқ.

Жаңа қала жатағында, жаман үйде, жалаңбас лампының жарығымен Қартқожа кітап қарап отырғаны. Орын жайсыз, тамақ нашар, мектеп суық. Қартқожа бір айдай сүзек болып, орен тұрды.

Қазақ азаматтары көңілсіз. Сібір ревкомынан Иванов дейтін губерниялық комитетке бастық болуға жіберіліпті. Губерниялық комитетке қазақтан бір-ақ мүше сайланыпты. Оқыған азаматтардың әркімі қызметтен торығып, жаз шыға елге бару қамын істеп жүр екен. «Қазақстанға қарап, көзіміз ашылмаса, орыстар бой беретін емес, қазаққа зорлық істеп отыр...» — деп Қасен де бұрынғы қызу бетінен қайтып қалғанын білдірді.

— Уездерде бейбастықтық... мелитсенің ланы, пара дегендер есепсіз... Дәрмен дегенді білуші мен?

— Білем. Біздің жақтікі ғой. О не қыпты?

— Қарқаралыда Барнақып дейтін соны атқызып тастапты.

— Рас па?

— Рас.

— Ол ұрлығын қойып, түзеліп кетіп еді ғой.

— Түзелсе, сол Барнақыптың қазаққа қылмағаны жоқ. Зорлық, пара, әйел басу, кісі өлтіру — бәрін істеген. Үстінен арыз қылуға бір қазақ бата алмай қойған. Соның үстінен Дәрмен арыз жазып, толық материалын мұнда жіберген ғой. Қазаққа жыбырламай тұра ма, біреу Дәрменді көрсете қойса керек.

— Сонсоң?

— Сонсоң Дәрменді шақыртып алып, тергеп-тергеп, түнде абақтыға жіберген болады да, жолда атқызып тастаған. Қартқожа таңдайын қағып, басын шайқады.

Қартқожа елге қайтқан.

Оқу бөлімінен алған мандатымен Керекуден «Трамотқа» барды. Лау мінушілер «Трамоттың» аузында тізіліп, кезек күтіп тұр екен. Қартқожа да келіп тұрды. Үш сағаттай тұрып, кезекке жазылды. Үш күннен кейін «Аббатилский»-ат әрең тиіп, Қызыл шырпы қаласына бет алды. Ат қырдан келген қалашыныкі екен. «Жақын жерден қайыра көр!» деп шыққаннан жалынды. Жиектегі бір ауылға түсіп, Қартқожа лау сұрап жүргенде, лаушы Қартқожаның нәрсесін түсіріп, зым-зия болды.

Қалаға жақын ел безер болған екен, лау бермеді. Қартқожа мандатты қалтаға тығып, қоржынын аркалап, өз «Аббатылысымен» аяндауға тура келді. Қай ауылға келсе де, аттарын милиция, агент, инструктор мініп кетеді. Не жаңа апарып тастап келіп тұрады. Бір жақсы жері – Қызыл шырпыдан Баянға қарай қайтып бара жатқан «Трамоттың» көлігі кездесті. Қартқожа соларға ілесіп кетті. Баян мен екі ара ағыл-тегіл жүріп жатқан атқа, түйеге салған көлік. Тартқандары: тұз, астық. Бұл не? «Трамоттың» көлігі. Жолда өліп жатқан, жығылып жатқан ат, түйе, қирап жатқан арбалар да көрінеді. Кейбір көліктер өлгенше арық, салт арбаны зорға тартып барады. Баянның «Трамоты» да арба, шанаға кеңірдегінен келіп жатыр екен. Онда да қаптаған қырдың қазағы көрінді. «Трамоттың» қандай мекеме екенін Қартқожа сонда көрді. «Амандығын біле кетейін» деп Қартқожа бір танаудікіне келді. Казак-орыстар шығындады деп Қартқожа қысты күні есіткен. Бірақ танаудың өзі жоқ, қатын, баласы бар екен. Амандықтан кейін Қартқожа:

– Бай қайда?– деп сұрады.

– Бай кеткен,– деді қатыны.

– Қайда кетті?

– Субалыш комунистер казак-орысты күртті қой. Он тоғыз казак-орысты атып тастады. Он бес кісіні абақтыға жіберді...

– Оларды неге үйтіп жүр?

– Павлодарды ақтар алды деген кабар келген ғой. Оске деген бұрынғы атаманы бар ғой...

– Иә.

– Сол казак-орыстарды шақырып, жасырын собрание қылған. Казак-орыстар да бұзылды ғой. Бір Петке Куртуков деген антұрған комунистерге айтып қойған...

– Ақтар алғаны бекер болды ғой?

– Бекер, бекер... құдай сақтасын!.. Жаман болды. Ас іше алмадык...

– Қиын болған екен,– деп Қартқожа есіркеген болды. Өйткені бір шай ішіп кеткісі келіп еді.

– Жалғыз-ақ Гимадып аман қылды.  
– Ол казак-орысқа тілеулес еді ғой. Оның барлық магазиндерін, ысқлатып, үйін де алып қойды.  
– О не ғып аман қалды? Ұсталғанның ішінде бар ма еді?  
– Бар. О да ұсталған. Оны алып қалған қызы ғой. Жарин деген комиссармен қызы тамыр болған. Қызының пайдасы тиді.  
Казак-орыстар расында қалжырап қалған екен. Шошан еткен бір адам көрінеді. Қайта казак жатақтарынан кейбіреулер парти-яға жазылып, жиылысқа баратын көрінеді. Бұрынғыдай емес, жатаққа теңдік тиіпті. Баянның жер-суына, ағашына, балығына олар да ортақтасатын болыпты.

Қарткожа үйіне барып, он бес шақты күндей болған соң, күзгі оқуға қаражат табуға Көрібай қажының балаларын оқытуға тұрды. Оқығандардың қызметіне кіріп, «ұлық» болып жүргенін көріп қажы балаларын жетілтіп, малын қорғайтын бел қылғысы келеді екен. Ол кезде Семейден оқып жүрген казак жігіттері елге келіп, селтініп жүретін.

Бір күні Қарткожаның Семейдегі жолдасы Бабатай келді. Қарткожа: «Не бітіріп жүрсіндер?» деп сұрады.

– Жастар ящейкесін ашып жатырмыз.  
– Қайырлы болсын! Мақсаттарың немен?  
– Не болушы еді? Байлармен, жуандармен алысу, болыстық комитетке өзімізден кісі сайлау. Өткен сайлауда Қакабай қажы жиегін сайлап алып, көперацияны жеп қойған жоқ па?  
– Оны қайтпексіндер?  
– Газетке жазып жібердік.  
– Оның орнына кімді қоймақсындар?  
– Жастардың бірін қоямыз.  
– Оқуды қайтесіндер?  
– Болған кісі оқуды қоя тұрады да. Кедейді қорғай алмасақ, өңкей ғана кедей баласы несіне оқып жүрміз?  
– Бұларын жақсы мақсат екен!– деп Қарткожа қуанып қалды.

– Өзің ұйымға кірмейсің бе?  
– Бала оқытып қаражат тауып алғалы жатырмын, әйтпесе...  
– Тәйірі қаражат табылмай ма? «Болысты» өзімізден шығарып алсақ, байлардан жинатып алмаймыз ба?

Қарткожа «кедейді қорғаймыз» дегенге қуанса да, соңғы сөзіне жарымады. Сондықтан: «Жұмыстарыңды істей беріңдер, қорерміз» деп жауап қайырды.

Бабатай лау мініп, жүріп кетті.

Бір-екі жұманың ішінде: «Жастар топтанып, ел аралап, соныс қылдырып жүр...» деген өсектер тарай бастады. Қарткожа жастардың ұйымына елдің арызын айтпақ болып жүргенде, ел әбігерлікке айналып, жұмыс қабаттап кетті.



Үй артындағы қоста Қартқожа бала оқытып жатыр еді, бір күні Кәрібай қажы:

— Бері шығып кетші!— деді.

Шықты, қолына бір газетті ұстата берді. Қажының өңі бұзылып кетіпті.

— Міне жерін, міне жерін оқы!

Оқып жіберсе, «Байлардың малын алады» депті: «Разберстке» екен. «Мал тықпасан, тығылған мал қазынаға түседі» депті.

Байдың көзі шарасынан шықты. Қажы онда шапты, мұнда шапты. Ақыл сұрады. Малын қоярға жер таба алмады. Жалғыз қажы емес, бай біткен малын тығып, көңіл жетер кедейлерге тарата бастады.

Бір жұма отті ме, жоқ па? Мал жиюшы өтрет те шығып қалды. Ауылнай, шабарман, мелитсе ел ішін қаптап кетті. Бір ауылнайдың малын бір-ақ жерге жинайды деген хабар шықты. Малды лек-легімен тоғытып, айдай бастады. Қартқожа да барды.

Барса, үлкен жөрменке екен. Қара құрым кісі, қаптаған мал, шабуыл шартыл. Шабарман мен мелитсе малды айдап, үлкен бір ашық аранға қамап жатыр. Аранның аузында белінде алты атары, қолында дырау қамшысы, бентопкесі бар, түсі суық орыс тұр. Аранға кірген малды санап, таңбалап шығарып жатыр. «Мынау менікі еді, осымен пәлен қарам кірді...» деп ұмтылған бір-екеуі қақбастан қамшы жеп, шыр айналды. Исахан деген бір қазақ күзетші байқамай тұрғанда аранға кіріп бара жатқан өгізін түмсыққа қағып қалды. Орыс көре сала ұмтылды. Исахан тұра қашты. Қоймады. Мылтықтың дүмімен желкесен түйіп-түйіп жіберіп еді, Исахан сілейді де қалды. Су Ыбырай деген бір сиырын қақпалап, әкетіп бара жатқанын көріп, оны қошқар түмсық қара торы орыс қуып жүріп сойып еді. Ыбырай жан ушырып үйдегі әйелдердің астына тығылды. Сонда да қоймай суырып алын сойды. «Мал адамның бауыр еті гой», талайлар ойбайды салып, жүгіріп, арандады: сыбағасын алды. Қазақ таяқты да керек қылмайтын еді, серпіндірген мылтықтың дауысы болды. Қартқожа өз ауылының кісілерін іздеп жүр еді, қора жақтан мылтық тара етті. Топтанған жұрт жалт беріп, тұра қашты.

— Немене? Не, не?

— Әубәкірді атып тастады!

Жұрт тым-тырақай, малдан қаша бастады.

— Менің бар малым кетті...

— Менікі де кетті.

— Біз әйтеуір аман қалдық...— деп зарланғандар, төубе қылғандар толып жатыр. Біреу үшін біреу күйген. Көрінген малды айдан келе берген, көрінбегендер қала берген. Ұлықтардың түскен ауылы аман-сау қалыпты. Қулар пайда қылыпты, кедейлер күйіпті. Қартқожа шапқылап өз-ауылының кісілерін тауып алды. Әйтеуір өзі үйі аман екен. Демін сонда бір алды.

## НӨСЕР ОТКЕН СОҢ

Жиырма шақты шәкірт орталарынан ат жалдап, алты арбамен Семейге елдегіп, төтесімен тартты. Түскен жеріне әтіреттей-ақ қорқынышты. Лаудан ығыр болған ел арбалылардың қарасы көрінгеннен-ақ жылқысын іннен-інге тығады. Лау мінбейтін шәкірттер екенін білген соң ғана жүрегі орнына түседі.

Баян төңірегіндегі айдабол, қаржас, қозған, күліктің малы дөңгеленіп қалыпты. Ең бай деген ауылдан өрген сиыр 60-70-тен аспайды. Қотан боларлық қой қадау-қадау ұшырайды. Көбінесе жазықтың қоянындай бытырап, үркердей шошайған сандырама-лар. Түндікке (атағозы бойы) құлап, орманды қаракесек ішіне кірген соң ғана қара мал қоңырланып көріне бастады. Аңғыржалдың найманына кіргенде мал тағы селдіреді. Кейбір ауылдың қыстаулары иесіз қорадай, маңайы жым-жылас болып, қуарып, сорайып тұрады. Төңірекке мойын созып, дөңеске шыққанда, атырдың саласында, әйтпесе татырдың құлағында, құдық жақтағы ойпаңда аңғыр үйір жылқы, таздың шашындай қыдыранды сиыр көзге түседі. Малсыз ауыл — сақал-мұртсыз ауылдай, жылмырайып жараспайды екен. Жерінде не шабындық, не егіндік, не бір биік тау, не бір көл, өзен жоқ, кер бетегелі келдір-бұдыр жалтан, сортаң, шөлейт, құба жол, дуадақ отырмаса, адам қоныс қылар жер емес.

«Мына жерге не ғып мал бітсін? Мал не ғып тұрсын? Бұл ел қалай күн көріп жүрген» деген оң келеді. Бірақ бұл елдердің бір кезде бай болғаны анық, малды мыңдап айдағаны анық. Мал кеткен соң, елінен сән кетіп, жерге кінә қоясын. Әйтпесе қазақ жерінің көбі-ақ осындай емес пе? Қазақ есепшілері: «Баяғыда қыс жылы болушы еді, жұрт жер үйді білмеуші еді. Мал қар үстіне жатып шығушы еді. Енді ондағыдай емес, қыс қатайып барады» дейді. Әлде солардың сөзі шын болар ма екен? Әлде қораға салғаннан бері мал шажа болып, азып кетті ме? Әлде қазақ ұзын өріс кен жайлаудан, көк шалғыннан, қалың таулардан айрылған соң, түйеге қом, атқа үйек, қойға шайыр, сиырға ілуке бітпей, малдан шұрай кетіп, мөйектене алмай, оңі жұқарғаннан қысқа шыдамсыз болды ма? Әлде партия, сайлау шабыс малға шыр бітірмей, берекесін алып, таусылуға себеп болды ма? Әлде малға сүйеніп күнелтетін қазақтың дәурені кеткелі тұр ма?

Осының бәрін ойлайды да, Қартқожа келешекке көз жіберіп үңіледі. Келешектен үміт, сөуле, шара күтеді. Мынау қуарған дала енді баяғыдай қалпына келіп, толықсыр ма? Қайтқан дәулет қайта тағына қонар ма? Төгілген шара қайта кемеріне келіп толар ма? Жок, қонбайды, толмайды. Ендеше басқа шара табу керек. Ол қандай шара? Қандай күш? Қартқожаның көзі жетпейді. Әлде отырықшы болып, егін салып, кәсіпке айналу ма? Соңда қазақ-

тың көзі ашылар ма? Бірақ Қартқожа отырықшы болған Қарашолақ ауылын көрді; «Белағаш», «Қайыңдық» болыстарындағы қазақ қалашықтарын көрді. Қала ма олар? Боктын, сасықтың арасынан көзі жылтырап, еңсесін сүйреткен «тірі мола» ғой. Әрі малдан айрылып, әрі егіннің тілін біле алмай, әрі сайманға, көлікке жарымай, итшілеп, дертке-дерменге шалдығып, азып-тозып бара жатқан жоқ па? Сондықтан кәзір отырықшы болғаннан қазақ оңалып кетеді деп кім кепіл болып, аузы барып айта алар? Отырықшы болуға қазаққа жер жете ме? Анау он болыс сүйіндік, мынау жолдағы қаракесек, найман елдері сыйып орнығарлық қырда қандай жер бар? Қала болу түгілі. 30–40 үйге жазы-қысы қоныс болғандай ұлтанды шабындысы, шиманды егіндігі бар қандай жер бар? Отырса, Ертіс бойындағы өзен, өлке, тау, бұлақ, сызалы, күйкалы жер сағалаған елдер отырар. Мынау қу жолдағы найман қалай отырады? Қайда орнығады?.. Бірақ мынау жолдағы елдер қырқылаған құстай, арқандаулы аттай қолы-аяғы кесіліп, еріксіз көше алмай отыр. Қыстауынан үзай алмай отыр. Мұның аты отырықшы емей немене? Бұл сорлылар осы тау, тасқа, сор тақырға отырып қалғанда, не күн көреді? Бұлардың жері егінге жармайды, егін салуды білмейді. Жақсы жерін жұрт бермейді. Біраз жылда бұлар қалай күнелтер екен?..

Қартқожа арбада қисайып жатып, осындай ойда келе жатқанда, қасындағы бір жолдасы:

– Әй, басыңды көтер! Мынау ауылдан ат шалдырмаймыз ба?– дейді.

– Шалдырсақ, шалдырайық,– деп Қартқожа басын көтеріп алды.

Түскен ауылда кейбір жолдастары қонақасы, лау сұрап, ұлықтық көрсеткісі келеді.

– Қазақтың қонақасысы қалып па еді? Не деген ауылсыңдар деп сөгіп жатады.

Қартқожа ұнатпайды.

– Қойсандаршы! Несін берсін! Орынсыз қысқандарың обал емес пе? Өз үйіміздің кімге қонақасы бергендей жайы бар? Жолдастар, біз кім үшін оқып жүрміз, өзімізді де ұмытып кетпейік...дейді. Басалқы айтады. «Аталы сөзге арсыз таласады». Жолдастары ойланады: бейпіл тілден тоқталады.

Семейге таянғанда қалың-қалың мал ұшырай бастады: өңкей қара мал. Табыншылардан: «Бұл кімнің малы?» деп сұрайды. «Қазынанікі» дейді. Малдары мал сияғы жоқ: арық, қотыр, жан-жәутік.

– Малдарың тұра алмайтын арық. Күз болса мынау, енді қашан оңалады?– деп сұрайды.

– Қазынаға осы да жарар,– дейді бақташылар.

— Қазына осынша еңбекпен жиналғанда, әскерге тамақ болсын деп жатыр. Арық мал не тамақ болады?

— Семіз етті орыс өзі де жей алмайшы.

Бақташылардың сөзін ойын көреді. Қартқожа танымал ел кісілерінен сұрағанда айтатыны:

— Қазынаға тұяғы барса болғаны да. Елдің қуларынан малға басығы сайлаған соң, мал оңушы ма еді? Семіз мал, ірі қараңын бәрі айырбаспен біткен шығар. Жұрт жаман-жәуітігін салып, алып қалып жағғыр. Қазынаға барғанша, елде қалғаны төуір де...

— Қазына біліп қойса, оңдыра ма?

— Қайдан білсін. Таңбаны өзінікіндей қылып жасатып алады. Бір жақсы жері — қазына малдың ұлы, кішісін есептемейді екен. Тұяғын есептейді екен. Өлген малдың терісін көрсетсе бұртокөл қылса болады екен. Елден тері қоятын емес. Былтырғы терілер де жарап кетіп жатыр. Бұртокөлге мөрін сатып, ауылналарға да тері болған жоқ...— деседі.

Малдың алуын білсе де, іс қылуын білмеген екен. Мал кім көрінгеннің қолында кетіпті. Не елге, не қазынаға пайда келтіре алмай, есіл малдың бей-берекет болғанына Қартқожаның жаны ауырады. Ама! не?

Қалың ойға бата-бата Қартқожалар қалаға келді. Семей бұрынғыдай емес, түрленіп қалынты. Қазақстанға қарапты. Сауда ашылыпты. Жұрт сауданы ашқан Қазақстан деп ойлайды. Мекемелердің маңдайындағы жазуы қазақша болып қалыпты. Губерниялық комитеттің бастығы қазақ болыпты. Қазақ қызметшілері көбейіпті. Оқу бөлімінің бастығы Қасен екен. Қартқожа қуанып кетті. Інісін бұйрық жазып, жетімханаға алғызды. Өзі институтқа түсті. Қазақ мектептері көбейген екен, жаңа қаладағы мектепке Қартқожа бір мезгіл бала оқытап болды.

Семейдегі қазақ жұмысын көрген соң, қызметке, оқуға кіріп, інісін орналастырып, көңілі жайланған соң жолдағы уайым-қайғының бәрі ұмытылып кетті.

## ЖҰМЫС

Оқу бұрынғыдан гөрі күнақты. Сабақ қазақша. Кітап жоқ. Оқытушылар сөйлеп-сөйлеп кетеді. Қартқожаның жадында бұлдыр бір нәрселер қалады. Аздан соң бұлдыр күнгірттене береді. Күніне үш сағаттай бала оқытады. Кешке мұрттай ұшады. Әйтсе де Қартқожа жабықпайды. Ол жұмыс қылып жүрген қазақ жігіттерін көреді. Губерниялық комитетке барса, қазақ. Соттың алды — қаптаған қазақ, оқу бөлімі сендей соғылысқан мұғалімдер, шәкірттер. Жер бөлімінде — қазақ. Бұрын қазақтың тұмсығы батпайтын азық-түлік мекемесіне де қазақтан кісі кіріпті. Кәсіпшілер кеңесінде

саяси бөлімде де қазақ қызметшілері. Мұның бәрі Қартқожаға асқар белдей, аштан өлтіріп, көштен қалдырмайтындай көрінеді.

Жас жігіттердің бәрі кеңес, партия, оқу, газет жағын жағалап жүр. Тіс қаққандар, кеңес өкіметіне әрі-сәрілер шаруа мекемелерін сағалап жүр. Уайым-қайғыны төгіп жүрсе де сонғылардың тұрмысы жақсы. Кейбіреулері саудаға айналған, кейбірі үй сатып алған. Ана жылы судья болып, партиялы елге «болыс» (ревком) болып жүретін Боранбай, Жанахмет, Ғабдолла сықылды қаланың мұғалім, оқығансымақтары сауда ашылған соң қызметтен шығып, талкөшкенің саудагері болып алыпты. Қала маңынан шыққан оқығандардың бәрі – өз басының қамына салыныпты. Семей қазақтары қатын-қалашына шейін саудагер болып, талкөшке бықырлап жүргені.

Оқыған кейбір азаматтың саудагер болып кеткеніне Қартқожа ішінен наразы болып жүрді. Бірақ сондай бір жігіттің сөзін естіген соң, «мүнікі де шын шығар, кім біледі?» дегендей тағы да ой түсті. О жігіт:

– Қазақ саудагер болмаса, ұтылады. Тұрмыс – күнкөріс тартысы. Шаруа жүзінде тартысқа жарамаған ел – ел болмайды. Елді ішек күрттай жайлап, теспей сорып, жоғалтатын нәрсе – капитал, сауда-саттық. Қазақ сауда-саттыққа кірісе алмай, қағылып қалса, ұтылғаны, жеңілгені деп ойлау керек. Семейдің әйелдеріне шейін сауда қылғанына мен қуанып жүрмін. Неге? Бұл – қазақтың тұрмыс жағдайына құбыла білетіндігін көрсетеді. Заман ыңғайына, шаруа тартысына иілікпеген ел жасай алмайды, жұтылып кетеді, – деп еді.

Қартқожа сенбейін десе, оның келтірген дәлелдерін күшті көрді. Ол қазақ қолды нәрсе мен қаланың нәрсесінің арзан, қымбаттығын салыстырды. Қазақ байлығы жат саудагерлерінің қолына ауысып бара жатқанын ұқтырды.

Жолда қазақтың кедейлену себебін таба алмай келген Қартқожаға мына сөздер түйінді шешкендей мағлұмат болды.

«Сабақтан кейін маған келіп кетші» – деген соң, бір күні Қартқожа Қасендікіне барды. Бұрын да барып жүретін. Қасендікінде Төлеген отыр екен. Ол сонда қызмет қылатын. Қызмет туралы әңгіме құрып отыр екен.

– Жокшы мекемең қалай? – деді Қасен.

– Әй, бір соғылған мекеме екен. Агенттері өңкей қаланың соғылғандары. Материалы қолыма түсіп, бүгін екеуін жаптым.

– Осында тобықтынын бір қазағы келсе, астындағы атына қағаз сұрап, апарып дүре соғыпты. Мен саған айтайын деп едім. Сол қазақтан 25 миллион алып босатыпты.

– Ойбай, ондайы толып жатыр. Базардағы қазақтарды пұлымен ұстап, талайын пара алып шығарып отырғанын біліп отырмыз. Бүгін тексеруге кірістім. «Безабразие», кім, не үшін жабыл-

ған, қашан босатылған — түк жазылмайды екен. Қаладағы талаушылардың ішінде де солардың әгені болады екен. Оның ізіне де түсіп отырмыз,— деді Төлеген.

Төлеген кеткен соң, Қасен шақырған жұмысын айтты.

— Осында қазақтың мұқтаж шәкірттері тым көп көрінеді. Арыз беріп, мекеменің есігін босатпайды. Кеше қазақ оқығандары сөйлесіп, институттағылардың нағыз мұқтаждарын біліп беруге маған тапсырып еді. Мен де олардың тұрмысына қанық емеспін. Соны сенен сұрап білейін деп едім,— деді.

— Мұқтаждары бар екені де рас. Бірақ ол арыз беріп жүргендердің көбі мұқтаждарға қосылмайды. Тек бірдеме алғанның көрсе, бәрі шұбырады. Көбінікі астамшылық,— деді Қартқожа.

— Оның рас. Қазақ сұрамшақ, жылауық жұрт қой. Қарап отырып жылана береді. Нағыз мұқтаждары қанша болады екен? Қартқожа санап 8–9-ға апарды.

— Бұларға не жәрдем бермексіңдер?

— Үкіметтің беретін жәрдемі жоқ. Өзіміз басшы болып, ойын қойғызып ақша жиып берейік деп едік.

Бір жұмадан кейін ар жақтағы қазақ топпасы «Лунашар» клубында ойын қойды. Жұрт көп келді. Ахмет, Смағұл, Әбдірәсілдер қандай тамаша ойнайды, орыс әртестерінен кем емес. Жұрттың айызын қандырды. Ақша тәуір жиналды. Мұқтаждар қарық болып қалды.

Артынан естіді: Төлеген «Губрозыск» мекемесін тексеріп жұмыстарынан қылмыс тауып, бастығын 5 агентімен «арестоуайт» етіпті. Не деген ожет десейші, жалғыз өзі барып: «Қазақстан республикасының атынан сендерді жабамын» деп ақырғанда есі шығып кетіп, алдына түсе беріпті.

Сот мықты болған соң, ел ұрылары да тыйылды. Бір болыс елден 60 ұры жапқан соттар болды. Пара алған, «торелік» қылған кейбір судиялар жазаға тартылды. Газетке басылған хабарларды соттар қолданып тексеріп отырды. Бәрі де қоңілді. Қартқожа үзбей газет оқиды.

Газетте көбінесе ашаршылық жазылады. Күллі қазақтың үштен екі бөлігі аштықтан қырылып жатыр деген хабар көңілін бұзды. Өйткені ол ашаршылық жайын әңгіме қылған азаматтардың уайымын көп естиді. Жаз шыға азаматтар жәрдем жинауға елге шыққанда, Қасенмен бірге Қартқожа де еліне қайтты. Танымал байларға түскенде Қасен:

— Сөбет қалай? Тұрғанын жақсы көресіңдер ме? Құлағанын жақсы көресіңдер ме?— деп сұрайды.

— Ойбай, қарағым, құлағасын! О не дегенін?

— Бұрын жек көретіндерің қайда?

— Бү құлағанда, жақсы бола ма? Тағы соғыс болады. Онеоң малдан не қалады деңсің?

— Сендер қалай көресіңдер?— дейді кедейге.

— Біз неге теріс көрейік? Лауды, шығынды байға салып жатыр. Кісідегі ақымызды алып, теңдік көрдік. «Соқырдың тілегені екі көзі емес пе? Некен-саяқ жолсыздық болмай тұра ма? Анда-санда мелитсенің, ауылнайдың кішкене зорлығы болады. Не дегенмен бұрынғы жоқ қой,— дейді.

«Бұрынғы жоқ қой» деп Қартқожа да жымияды.

## МӘҢГІ АҢСАУ

Білімге осынша шөлдеп, колына түскен қазақ баспасөзін бір нүктесін қалдырмай арылтып шықса да, кез келген оқығанға жабысып, білімге сұрау салса да, қазақша оқу Қартқожаның сусынын қандырмайды. Адасып жүріп, түмсығы тығырыққа тірелген адамдай, беттеген жолынан тайқып, қайта берді. Орыстың тіреліп тұрған кітапханасын, кітап дүкендерін көргенде, байлардың табағына телмірген есіктегі малайдай екі козі телміріп, арам астай көрініп, ауыз тие алмады. Орысша білсем екен деп талпынады. Оңай кітаптарын оқып көреді, ұқпаған сөздерін теріп, жазып алады, сұрастырады, лұғаттан қарайды, сойлейін деп тыраштаналы, бола қоймайды. Үйренбеген құлақ қағып ала алмайды, қатып кеткен тіл бұралуға көнбейді. Қартқожа тырыстығы болмаса, жады аса тұтқыр, зейіні жұлма, орташа еді. Сенгені: талабы мен жігері болушы еді.

Орысша білмесем, кісіге де, өзіме де пайда тигізе алмаймын. Орысша оқымасам, адам болып жүрмеймін, не де болса орысша оқудың соңында өлейін деп, Қартқожа өзіне-өзі серт қылды. Қартқожа біртоға, бір бет жігіт — сертінен қайтып көрген емес.

Үй шаруасын жайлап, қыстын жабдығын қамдап берген соң, жалғыз өгізі мен жалғыз атын қазақ арбасына жегіп, інісін қасына ергіп, омбышылармен қосылып. Омбыға сапар шекті, жол алыс — ат арық. Жүрісі шабап, митың аян. Көліктерін шалдырып алып, күні-түні қыбырлата береді.

Өлеңті өзенінен асқанда, жолдан қосылғандар мен барлығы он шақты арбалы керуен болды. Іштерінде оқу іздеп бара жатқан шәкірт те, сүйек шатыс қуған еркек те, торкін іздеген қатын да, жұмыс, кәсіп іздеген пайдашы да, арзан пұл алын қайтып, елге сатып, мал таппақ болған саудагер де бар. Бәрін айдап бара жатқан — күн көріс қамы.

Омбы — жердің түбі. Жеткізер емес. Көліктен тер шыққан сайын, бір елі кемиді. Қартқожаның аты мезгілі таянған әйелдей, кешеден бері аяғы қоюлап келеді. Шу-шу деген түгілі, қамшы салғанды елемейді. «Бү жануарға не болды?!» деп Қартқожа көзін уқалайды. Құйрығын көтеріп, борбайын байқайды. Көзі терлей

береді, борбайы қалақтай болыпты. Сол мендегеннен аты бас көтере алмады. Торы шолақтың арбасын қасында келе жатқан өгізге жекті. Торы шолақ өгізге ат қосшы болды. Жолдастары атты айналдырып көрді: «Кетуі кетіп қалған екен, болмас» деді. Айтқанындай 4—5 шақырым жүрген соң, ат сілейіп тұрып қалды. Ұзақ жолда жолдастан қалып, өлімтікті күзетіп отырсын ба — бауыздап терісін алды. «Нар жолда жүк қалмайды» десіп, жолдастары Қартқожаның жүгін сныстырып, таратып алды. Арбасын тастатты. Аттың өлгені қатты батты. Қырсықтың басы болмаса не қылсын деген ой келді.

Қатынын да ренжітіп кетіп еді. Әжесі де ішінен разы болмай қалып еді. Әлде солардың сілесіне қалдым ба деп ойлайды. Әйтсе де сыр білдіргісі келмейді. Қартқожаның кейістік көргені жалғыз бұл ма? Көңбістікпен шыдады.

Жолдастары: «Арбаға отыр!» десе де, сыпайылық құрып мінбейді, жаяу жүреді. Інісін мінгізгеніне алғыс айтады.

Омбыға таянған сайын күн сұрқай тарта бастады. Түнде бозқырау тұрып қалады. Ұры қатты, керуеншілер кезектесіп көлік күзетеді. Інісін киізге орап жатқызып, Қартқожа ұйықтамайды. Қасында 11—12 жасар қызы бар бір қатын да бірге келе жатқан. Қартқожа байқап жүретін. Өлгі кішкене қызды түскен жерде тезекке, суға айдайтын, жөнді тамақ та бермейтін. Түн болса, көлік күзеттіріп қоятын. Байғұстың жөнді киімі де жоқ. Шашы білтебілте, түрі жүдеу, арық. Қартқожа өлгі қызды ішінен аяп келе жататын. Қатынға айтайын десе де, бата алмайтын.

Бір күні күзетте отырып, Қартқожа баланың жанына барды.

— Қарағым, неге ұйықтамайсың? Мен көріп отырайын, жата ғой!— деді.

— Ұрады ғой,— деді қыз ақырын.

— Неге ұрады? Өз шешең емес пе еді?

— Жоқ. Өгей.

— Әкең бар ма?

— Жоқ.

— Туысканың бар ма?

— Жоқ.

— Сені қайда әкеле жатыр?

— Омбыға.

— Омбыда кімің бар?

— Ешкімім жоқ. Қайтетінін білмеймін. Біреуге сатып кететін шығар.

— Жасың нешеде?

— Он төртте.

Омбыға жақындағанда Қартқожа қатынмен сөйлесті. Қатын төркіліне келеді екен. Қызды осы жаққа біреуге таслап кетпек екен. Алушы табылса, малға, әйтпесе тек болса да, көзін өткізбек екен. Қартқожа:



— Жеңеше, тым нашар көрinedi ғой. Мал берiп ешкiм ала коймас. Маған берiңiз...— деп жабысты.

Қатын әуелде кoнбесе де, артынан еркегiмен ақылдасып, қызды Қартқожаға бердi. Қартқожа торы шoлағы тiрiлгендей қуанды, жолдастары мазактап күлдi.

— Атың бiр жерде, арбан бiр жерде қалды. Өзiң жаяу келе жатырсың. Бү қызды қайтпексiң? Әй, қожанасыр!— дестi.

— Күлмендер! Надаңдықпен күлесiңдер. Бiр кезде бұл қандай адам боларына көздерiң жете ме? Құдай осындайdan жеткiзедi. Несi бар? Бү да өзiмiздей кiсi. Бү қарындасымды, аман болса, адам қыламын,— деп Қартқожа басынан синады.

Омбыға келген соң, жолдастарымен бiрге шетiрек бiр қазақ үйiне түстi. Ертеңiнде қарындасы мен iнiсiн сонда қойып, өгiзiн сатуға базарға кеттi.

Әуелде күйлi болғанмен, жол жүрiп азып, қаны қашқан өгiз артық күнды болмады. Аса арзан да емес, будыраған бiр қойын ақша болды.

Ақшасын қойынға салып, базарды аралап, енпендеп келе жатыр едi, қолында iрi ақшасы бар бiр қазақ:

— Мiне бiреудi уатып бере қойшы, мiне бiр кiсiдегi алымсағым кетейiн деп тұр,— деп зыр қағып, өркiмге бiр жалынып жүр екен. Қартқожа аяп кеттi.

— Ағай, қанша керек едi?— дедi.

— Қырық бес миллион едi! Е, қарағым! Жақсы болды ғой!.. Ой, тiлеуiңдi берсiң!..

Iрi ақша Қартқожаға терiс болған жоқ. Жаман былғары күмажнiгiне сыйып кеттi. «Не дегенмен ыдыс қой, қойныма салып жүргеннен гөрi, қойнымнан түсiрiп алам ба, кiм бiледi?» деп ойлады. Күмажнiктiң бiр басында документ қағаздары бар. Бөрi бiр жерден табылуға оңды болды. Сол қуаныштың үстiнде қарындасын жуындыруға бiр сабын ала кетейiн деп, талқошкенiң ортасына таман кiрдi. Қара құрым кiсi. Иiн тiресiп жүргiзбейдi.

Бiр сабынға сөйлесiп, келiсе алмады. Тағы бiр сабынға келiсiп, ақшасын төлейiн деп жан қалтасына қолын салып едi. Масқара! Күмажнiк түгiлi, сымбылбай да жоқ. Алас ұрды. Қалтасын олай ақтарды, бұлай ақтарды. Қойын, қонышын сипалады. Түк жоқ. Көзiнен жас шығып кеттi.

Не қыларын бiлмедi. Дел-сал болып, нәтерiне қайтты.

## ЗАРЫҚҚАНДА

Қартқожа ақшадан, документ қағаздан жүрдай болды, Омбыда танымал жоқ. Жолдастар жайына кеттi. Ақшасыз кiсiнi кiм ұстасын, түскен үй шығарып жiбердi. Iнiсi мен қарындасын соңына ертiп, бағажын аркалап, Қартқожа көшеге шықты.

Омбының көшесінің ұшы-қиыры жоқ. Таусылар емес. Аяңдап келеді. Бақайшағы майысады. Тер пұшпағынан ағады. Арығы жеткен қарындасы жаюға жарамады. Сарыжілік інісі ғана шыдап келеді. Қартқожа қоржынды інісіне арқалатты. Киізге тіккен майы мен төсек орнын өзі арқалады, оның үстіне қарындасын мінгізді. Қартқожа жүк артқан көк есектей болды. Беті — қаланың ортасы. Қайда барарын өзі де білмейді.

— Төрт-бес көше жүрген соң, інісі де шаршады. Бір шарбақтың түбіне отырып дем алды. Жүре беруге балалар жарайтын емес. Қартқожа ойланды. Бұлай отыруға бола ма? Бірдеңе ету керек. Біреуге бару керек. Не істейді? Кімге барады? Ойын тұман басты, Тұман ішінде адасты. Қоп адасып сандалғанда, көзіне бір нәрсе елестегендей болды. Ол кім? Ол — қазақ. Қазақтың оқыған азаматы. Ол Қартқожаға жәрдем ету керек. Омбыда кім бар? Кімді біледі? Бір атбекет қазақ бар еді? Әзімқан... Әлімқан... жоқ, ол емес. Сәлімқан... о да емес, әйтеуір бір «қаны» бар еді... е, Жайдарқан!.. Жайдарқан!

Қартқожа жоғы табылғандай, ұшып түрегелді. Балаларға бағажын күзеттіріп қойып, үкідей ұшып жөнелді. Еңтігіп, арсаландап келеді. Көлденең кісіні күр өткізбейді. Жайдарқанның пәтерін сұрайды. Көшеден көше қоймады. Әбден өлдім-талдым дегенде тапты-ау!

Үш бөлмелі сәулетті үй екен. Қызметші әйел «Жайдарқан тамақтан кейін тынығып жатыр» деп кіргізбеді. Екі сағаттай күткені екі жылдай болған шығар, тықыршып шыдай алмады. Әлден уақытта есікті тағы қақты. «Тұрып жатыр» деді. Қартқожа бір күдірден асқандай болып қалды. Бірақ «қанның» жуынып, киініп, таранғаны бір әй болды.

Қартқожа кірді. Тықшындаған жалпақай қазақ. Ақ жағасы, тройкесі болмаса, нағыз қырдың байшікеш қазағы. Қартқожаның «қаны», бауыры. Дәмеленіп қалды.

— Саған не керек?— деді Жайдарқан қораздай қоқиланып.

— Оқуға келген қырдың жігіті едім. Ақшамнан, документімнен айырылып, сорлы болып қалдым... маған бір жәрдем ет... Документ...

— Сені кім біледі?

— Адам білмейді.

— Ендеше, мен қайдан білейін? Кім біледі? Ұры шығарсың...

Қартқожа жыламсырады, жалынды, қарғанды, сөзін құлаққа ілмеді. Қартқожа күйінді, ашынды, ызаланды: Жайдарқанды ұялтып, үкім-үкім сөз сөйлесі. Тылдамалы, күшке кетті.

— Шық үйден!— деп ақырды.

Қартқожа аузына не түсіп, не қойғанын білген жоқ. Ұрсып-ұрсып, есігін бір қойып шығып кетті. «Сенген қойым сен болсан, күйсегенінді...» дегенін ғана біледі.

Балаларды әрең тапты. Ол екі арада күн де батты. Қарындасы ұйықтап қалыпты. Інісі алақтап, жыламсырап отыр екен. «Бұл арадан кет!» деп мелитсе келіп кетті, — деді. Тағы да келді. «Кет!» деді. «Қайда баруға болады?» деп сұрады. Мелитсе: «Көшеде түнеуге болмайды» деді. Жолаушылар қараңғы інірмен бірге тағысүйретілді. Сүйретіліп, шіркеудің шарбағына жетті. Ол жерден қуа қойған жоқ. Түнемекші болды. Балалар қарны ашып, шөлдеген екен. Қартқожа қоржыннан ірімшік алып, құманмен су тауып әкеліп, тамақтандырды. Өзі де бір құмандай су ішті. Қаны кеуіп қалған екен.

Ауқаттанып әлі кірген соң, Қартқожа тағы ойланды. Жан-жағындағы енгезердей үйлерге қаранды. Жалғыз үйлі күзетші жатаққа келсең ең болмаса бір бұрышын берер еді. Мыңдаған үйі, миллиондаған жаны бар қала тым болмаса есігінен қаратпады-ау. Мұны білімнің, адамгершіліктің орны дейді-ау! Адамгершілігі қайда? Білімді ел тас бауыр бола ма екен? Мына тұрғандар үй ме? Жыртқыш, жалмауыз ғой. Ай, кенпейіл қазағым-ай! Қадірің осындайда білінеді екен ғой. Андрей қазақты білген екен ғой!..

Таң атқанша інісі мен екеуі бағажын кезек күзетті. Таң атты. Қартқожа тағы сандалды. Ең болмаса нандық ақша табайын деп жұмыс іздеді. Жұмыс табылмады. Малайлыққа бір орыс алайын деп еді, дәкүменті жоқ болған соң, алмады. Бармаған үшкөлі жоқ. Дәкүментсіз ешқайда өтпейді. Көшеде тағы бір оқыған қазаққа жолықты. Омбылық екен. Алаң-бұлан етіп, сөзіне құлақ қоймады.

— Анна Николаевна! Мое почтение! — деп анадай көрінген бір әйелге жүгіріп кетті.

Төсеніш киізін сатып, екі-үш күндей қорек қылды. Отыруға болмайды. Қыдыра береді. Жетімхананы, үшкөлі, мекемені арылтты. Бәрі орыс.

Бір күні әбден кейістік көріп жылап жатып, таң алдында көзі ілініп кеткен екен. Түсінде әжесі келіп, аялап, маңдайын піскеп, «Қарағым, ренжімеші! Кешегі барған жеріңе тағы да барып көрші!» деді. Ояна қалса — шіркеудің шарбағы екен. Тамылжып, рауандап таң келеді екен. Әжесінің сөзі құлағында тұр. Жеті тиын айтып, көшегі жеріне тағы барды. Ол — губерниялық атқару комитеті еді. Алдында жұмысшы пакултеттің бір молдасына жолығып, ол губерниялық комитетке арыз жазып беріп еді. Комитет бастығын кеше жолықтыра алмай кеткен. Бастықтың босағасын күшәқтап, бір сағат күтті. Қараңғы ойлар басып, қалғыған кісі тәрізденіп тұр еді: өңі жылы, ұзын бойлы, сары сақалды орыс партпелін қолтықтап келді де. Қартқожаға таңдана қарап, кабинетіне кірді. Қартқожа селк етіп, оянғандай болды, қағазын

колына ала артынан ере кірді. Бастық «бері кел» дегендей, алақанын жайып ұстата берді.

Қазақша біледі екен. Жай-жапсарын, уезін, болысын сұрады. «Қазақтың оқыған азаматтарынан кімді білесің?» деп сұрады. Қартқожа өзі білетін азаматтарды саулатып айтып жатыр. Сөзін тыңдап болды да, арызына үйғару (резолуция) қондырды.

— Секретар қағаз жазып береді. Соны алып оқу бөліміне барасын!— деді.

Қуанып кетті. «Қағаз береді» деген сөз «Сүйген жарын келеді» дегеннен кем болған жоқ. Жүгіріп оқу бөліміне барды. Ондағылар қағаз жазып, жұмысшы пакултетіне жіберді. Көзінің жасы тыйылды. Қартқожа пакултетке түсті. Қарындасы мен інісін жетімханаға кіргізді.

Жақсылық қылғаны Керекулік Полидуб деген орыс екен. Қазақпен, қазақ оқығандарымен таныс екен.

## КІМ

Қос қабат тас болат үйдің үстіңгі бөлмесінде электр нұрына шомылып, қара шолақ бешпетін жамылып, Архимед, Торилел, Пифагор, Ньютон, Богданов, Каутский, Уйперлермен айналысып, терең ойға бойлап отырған қошқыл жігіт кім?

Үш қабат ақ үйдің аузында домалаңдаған, шолақ көйлекті қара торы қыз бала: «Ағатай-ау, мен пионер болдым!» деп жүгіріп келіп, мойнынан күшақтай алғанда: «Рас па, жаным?» деп жымпын тұрған жігіт кім?

«Сабағыңды жақсы оқы! Ұқпаған жеріңді келіп сұрап алып түр!» деп, он екі жасар балаға ақыл айтып, шығарып салып тұрған ажарлы жігіт кім?

Күштіден зорлық көріп, не жері, не жесірі кетіп, арызын қайда берерін білмей қаңғып жүрген қазаққа ақыл айтыл, жөн сілтел тұрған қайырымды жігіт кім?

Базарда ақшасын алдырып, зарлап келе жатқан қазақты есіркеп, қалтасындағы барлық тиынын ұстата беріп тұрған мейірімді жігіт кім?

Әкесі зорлап малға сатқанына көнбей, қаладағы бір таныс қазақтікіне қашып келіп, мұнын кімге шағарын білмей, басына күн туып отырған Гүлсімге ағалық міндетін атқарып, пәтеріне келіп оқытып тұратын, шығарып салып: «Қашан келесіз?» дегенде, «бүрсігүні!» деп жымындап бара жатқан қара жігіт кім?

Бала оқытын гапқан тебен-теңгесіне қырық шақты кезден нәрсе алып, елге баратын қалашыдан әжесіне солемдемеге жіберіп отырған бауырмал жігіт кім?

Жаздыгүні Гүлсімнің ауылында 30 шақты үлкендерді оқытып,

хат танытып. Гүлсім мен екеуі бірін-бірі сүйіп, күзге таман қалаға алып қашып келген ер жігіт кім?

Суық хабар есітіп, іздеп келген жеңге алған қатынының алдынан шығып, бетінен сүйем деп ұмтылғанда: «Жаңа алған қатыныңды сүйе бер!» деп қолын итеріп тастағанда, не айтарын білмей, қипақтап, уялып тұрған жігіт кім?

Жеңгесіне ерік беріп, сүйген күйеуіне тиіп, бақытты өмір сүруін тілеп, еліне қайтарып, көңілі бір демдеген соң, жаңа жары Гүлсімді үшкөлдiң жатақханасына орналастырып, жолдастарына: «Сендер мүйіздеп кетпендер!» деп, ойын-шынын бірдей соғып отырған кім?

Шәкірттердің жиналысында ұйымның ісі туралы баяндама қылып, кемшілікті тура айтып, өз міндетін дұрыс атқарып, сенім алып тұрған жігіт кім?

Қартқожа, Қартқожа, Қартқожа...

Қартқожа өзгерді. Бұрынғы соқыр нанымнан, діншілдіктен, ісім ағзамнан тазарды. Елді надан қып жүрген, құлқынның құлы, өзі надан қожа-молдалар екенін білді. Бұрынғы жабығу, уайым-қайғының бірі жоқ. Қартқожа талапты, жігерлі, жалынды жігіт болды. Бұрын жуаннан қалай теңдік алудың жөнін біле алмай жүрген Қартқожа енді тап тартысы не екенін білді. Тап тартысына Маркстің көзімен қарап, қазақтың шаруа жайын, өнеркәсібін өндіру қатынасын зерттейтін болды. Қартқожаның жалғыз-ақ арыла алмай жүрген нанымы – «Тағдыр». Талай жаны күйіп зарыққанда, Андрей, Қасен, Полидуб сықылды адамдар ұшырап, көз жасын игені, әжесі аян бергені, төңкеріс боларда, жеңгесін аларда, ақшасынан айрыларда түс көргені де әлі шешусіз. Әлі де пәннен тірек тауып, түсіне алмайды. Тосыннан, қиқудан кездескен талай уақиғаны Қартқожа «тағдырға жориды, Қартқожа «Тағдырдың» не екенін ұқсам деп іздеуде.

«Іздессен, табасын» деген нақылды ойына сақтайды.

Қартқожа қазағын, елін сүйеді. Байын, жауызын емес, бұқарасын, кедейін, жалшысын, жерін, суын сүйеді. Қазақ пен орыс төбелесіп жатса, орыстікі зорлық деп ұққысы келеді. Бірақ орыстан көрген жақсылығын ұмытпайды, орысты да бауыр тұтқысы келеді. Андрей, Полидубтерге қазақтың неше Жайдарқандарын құрбан қылғысы келеді. Қазақ та, орыс та Андрейдің, менің көргенімді көрсе, көзі ашылса, менің жүрегімдей бауырмал жүректер болса, зорлық, қиянат, теңсіздік жоғалар еді-ау деп, бір мезет ойлайды. Бірақ ол мүмкін бе? Барлық адам баласының мінез-құлқын, жүрегін бір қалыпқа соғып шығаруға бола ма? Адам баласының табиғаты бірдей болуын көксеуі идеализм – санашылдық жолы ғой. Бұл Толстойдың пікірі ғой. Жауыз Әшірбектерді қалай езгі қылуға болады? Адамды тұрмыс, күн көріс талқысы билеп, басын қосар, біріктірер. Қол бастық жатып ішер жалқаулық емес, еңбек, бейнет түзетер.

Маркс бұған не айтады екен? Жалпы адамгершілік, жалпы өділдік болу мүмкін бе екен? Бұған жауап қарау керек деп ойлайды да, тағы кітап қарайды.

## ЕҢБЕКТІ ЕЛГЕ ҚЫЛ

Омбыда екі жыл оқыды. Қатын алды. Інісі, қарындасы камсыз. Оқуға, қызметке берілді. Тұрмыс түзелді. Әйтсе де Қартқожаның бірдемесі жетпей тұрғандай болады, көңілі бірдемені іздейді де тұрады. Ол іздегені қалада емес, далада тәрізді көрінеді.

Бір кезде жер-суынан айрылып, көрші жұмықтан таяқ жеп жатқан ел — ашаршылыққа, жұтқа, төтендеген апатқа ұшырап, басынан қиын-қыстау күндерді өткізіп, малынан, доулетінен айрылған ел: казак-орыстың, болыстың, тілмәштің, қожа-молданың жемі, атып жейтін аңы болып, қанаудан көзі тұнжырап жатқан ел; партияның, барымтаның, ұрлықтың, күндіктің ойнағы болып, тұншығып жатқан ел — бұл күнде не күйге түсті екен? Әсіресе өз елі, өз ауылы қандай болды екен? Соларды көрсем, көмегімді берсем, сонда менің жетілгендігім, жетілгендігімнің пайдасын көргенім. Әйтпесе мен не үшін, кім үшін оқып жүрмін? Өз басымның қамымен кетсем, менің оқығанымнан елге не пайда? Бас қамымен елде талай жауыздар да жүр. Олардан менің айырмам не болу керек? Өзі үшін сүрген өмірде мағына, қызық бар ма? Адам айуан болып кетпей ме деген сұраулар келеді. Жақсы тұрмыстан жалығады.

Тобылғы гүлденіп, торғай жасарып, орман ың-жың боп, малжан тырандап, көкке, аққа тойып қарық болған кезде Қартқожа Гүлсімін қасына алып, баракотқа мінді. Қартқожамен бірге жиырма шақты казак жігіттері де демалысқа елге қайтты. Зашот (емтихан) берілген. Билет тегін. Жол азық бар. Көңіл шат.

Баракотқа 20-шы жылдан соң Қартқожаның мінгені осы еді.

Түзеліп қалыпты. Бұрынғы тәртіпсіздік, бассыздық, қымбатшылық жоқ. Барокот жаңарған. Каюталарға электір орнаған. Орын таза. Бөрі көңілді.

Ертісті өрлеген сайын жер көзге жылы ұшырайды. Тоқтаған жерге қымыз, сүт сатқан қазақтар да келді. Қартқожа сойлеседі, тұрмыс жайын сұрайды. Ертіс қаласы жақын. Онда қазақтың соты, тергеушісі тұрады. Олар Қартқожаға таныс. Биік жарға келіп, барокот тоқтады. Трап көпір тасталды. Жиекте қызылды-жасылды үйме-жүйме әйелдер. Тар көпірмен арлы-берлі жүгіріскен кісі. Әнеки, жаңбырлық киген, қалпақты казак жігіттері де келді. Қартқожа жолдастарымен жиекке шықты. Шұрқыраса кетті.

— Қалай, аман ба? Жақсы тұрасындар ма?

— Жақсымыз.

– Кеңсе қалай? Қазақша ма?  
– Екі жыл болды, қазақша жүргіземіз.  
– Бұрынғы бейбастақтық жоқ па? Мелитсе құрық өкетпей пе?  
– Жоқ. Заңға бағынатын болып келеді. Кейде жалғыз-жарым ауа жайылатындар болады. Казак-орысқа бағынып, ұлыққа жағынып жаман үйреніп қалған ел ғой. Қызметшіні елдің өзі бұзды. Әйткенмен елді тәртіпке үйретіп келеміз...

– Керекудің бұзылғандары қалай? Тығылды ма?  
– Олардың берекесі кеткен. Жабылды, айдалды, осы күні тыныш болса керек.  
– Ел қалай? Күйлі ме?  
– Шаруа күйлі. Жұт болған жоқ. Жалғыз-ақ, налог кезінде қысылды. Мал сутегін болды ғой...

Көп сөйлесуге болмады: «Қонаққа жүр» деп еді, қала алмады, бір шелек қымыз әперді. Уыз қымыз. Жаз шыққалы қымыз көргендері сол еді, шәкірттер қырылысып қала жаздалы. Бері келген соң. Ертістің сол қабағында аттылы-жаяулы топтасқан қазақтарды, арқан тартқан орысты көрді. «Бү не?» деп сұраса, Ертіс бойындағы қазақтарға жер өлшеп беріп жатыр екен. Бұрын арснда төлейтін, пәтер отырған қазақтар қызыл танау болып, жер иемденіп:

«Қала боламыз, мектеп ашамыз, каперация жүргіземіз» деседі, Қартқожа «Іске сәт!» дейді. Көңілі өседі.

Месжан қаласында партпел қолтықтаған бір сары жігіт жиекке келді. Түсі таныс сықылды. Шырамытады, бірақ киім өзге. Ол Қартқожаны тани кетті. Айқайлап амандасты.

– Қолындағы не?– деді Қартқожа.

– «Диала...»

– Кім болып едің?

– Болисполком.

Керескуде жүк котеріп, жұмыс қылып жүретін Қалимолда.

– Жуандарды үйреттің бе? Сайлауда таласпай ма?

– Ініне су құйылған,– деп қолын сермеді.

– Өзің хат таныдың ба?

– Газет оқуға жарадық.

– Біздің елден хабар білдің бе?

– Білдім, аман.

– Исполкомы кім екен?

– «Екібас» жұмыскері.

Кереку қызметшілері нашарлау екен. Орысша білмейтін жұмысшыларға, жастарға орыстар ырық бермейді екен. Қартқожа Кереку жайын «Қазақстан» газетіне жазып жіберді. Қартқожа елге келгенде каператсие сайлауы болып жатыр екен. Бұрынғы каператсиені байлар билеп, ішіп-жеп қойып, бұл жолы уезден кісі келіп, елдегі жастар, ұялар, мұғалімдер, соттар қатысып, капе-

ратсинеге кедейшіл, таза кісі сайламақ болып жатыр екен. Жиналысқа Картқожа да барды. Топ алдында жігерлі сөз сөйледі:

– Сөз емес, іс керек. Жоғалсын бас қамы! Құрысын надандық! Жасасын жұртшылық! Жасасын елге еңбек қылған ерлер!– деп сөзін бітірді.

Сарт-сұрт шапалақ Байн тауын жаңғырықтырды.